

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2015

ҚАЗАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Ш.ҚАСЕНОВА.	Әскери терминдерді оқытудың әдістері.....	5
Ғ.ШӘРІПЖАНОВА.	-Сы, -сі, -сын, -сін қосымшасы.....	12
	<i>Асылдың сынығы</i>	
Н.ЫСҚАҚОВА.	Ұлы Абайдың туған інісі Ысқақтың ұрпағымын.....	16
	<i>Педагог пайымы</i>	
Қ.ЖӘНІБЕКОВА.	Тәлімгерлік студия тиімділігі.....	21
Н.ЕСБӨСЫН.	Жаңа форматтағы педагог ретінде қалыптасуыма рефлексияның ықпалы.....	27
	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Г.ТАСҚАЛИЕВА.	Қадыр Мырза Әлі. Қызыл кітап.....	32
Б.ШАРИПОВА.	Абайдың поэмалары.....	36
Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА.	Жұбан Молдағалиев. Ар-ұят.....	42
С.СЫҒАЙ.	Сәкен Сейфуллин. Ақсақ киік.....	45
Қ.ЖҰМАҒАЛИЕВА.	Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесіндегі кейіпкерлерге мінездеме.....	48
Р.ЕСЕТОВА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров. Қамар сұлу.....	50
Б.ҚАЙБАЛДИЕВА.	Т.Ахтанов. Шырағын сөнбесін.....	53
Н.ЕЛЕМЕСОВА.	Нарманбет Орманбетұлының «Сарыарқа сайран жерім-ай» толғауы.....	55
Г.ҚАРЖАУБАЙ.	Шәкәрім Құдайбердіұлы. Еңлік-Кебек.....	58
Д.ШАКЕРБЕКОВА.	Олжас Сүлейменов. Арғымақ қыз қуу.....	62
Д.ИСАҒАЛИЕВА.	Абай Құнанбайұлының өлеңдері.....	64
Ә.МҰРАТБЕКОВА.	«Күй аңызы» әңгімесіндегі жазушының сөз қолдану шеберлігі.....	68
	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Б.НОҚАТОВА.	Антонимдер.....	72
Ә.ПІРІМОВА.	Матасу.....	78
Ж.ӨМІРЖАНОВА.	Сын есім.....	83
Г.ӨМІРЗАҚОВА.	Зат есім.....	88
Н.МҰХАНҒАЛИЕВ.	Тіл ұстарту.....	92
Б.МАМБЕТОВА.	Етістіктің шақтары.....	96
Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА.	Салалас құрмалас сөйлемді қайталау.....	101
А.ТҰРДАЛИЕВА.	Бастауыш.....	106
	<i>Бір тақырыпқа - екі мақала</i>	
А.ШАТАЕВА.	Абай Құнанбайұлы. Ескендір.....	112
Г.ЕГЕНОВА.	Абай Құнанбайұлы. Ескендір.....	116
	<i>Әдеби кеңіс</i>	
Б.БӨРІБАЕВА,	Өмірге шуақ төккен өлеңменен.....	122
А.МЫРЗАХАНОВА.	Жауһар жырды жүрегінде тербеген.....	130
Г.ДАДАНОВА.		
	<i>Колледж кеңістігінде</i>	
Г.УСКЕНБАЕВА.	Қазақ тілі - қазақ халқының ұлттық тілі.....	134
	<i>Қайталау - білім айнасы</i>	
Ж.КЕГЕНБЕКОВА.	11-сыныпты ҰБТ-ға дайындау.....	139
	<i>Ұстаз шығармашылығы</i>	
Ж.ТӨЛЕУБАЕВА.	Жан қалауым.....	142

СОДЕРЖАНИЕ

Познание

Ш.КАСЕНОВА.	Методы обучения военных терминов.....	5
Г.ШАРИПЖАНОВА.	Аффиксы -сы, сі, -сын, -сін.....	12
	<i>Драгоценные</i>	
Н.ИСКАКОВА.	Я-потомок Искака.....	16
	<i>Видение учителя</i>	
К.ЖАНИБЕКОВА.	Эффективность наставничества.....	21
Н.ЕСБӨСЫН.	Влияние рефлексии.....	27
	<i>Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе</i>	
Г.ТАСҚАЛИЕВА.	Қадыр Мырза Али. Красная книга.....	32
Б.ШАРИПОВА.	Поэмы Абая.....	36
Ж.УТЕШҚАЛИЕВА.	Жұбан Молдағалиев. Совесть.....	42
С.СЫҒАЙ.	С.Сейфуллин. Хромой сайгак.....	45
К.ЖУМАҒАЛИЕВА.	Б.Майлин. Түйебай.....	48
Р.ЕСЕТОВА.	С.Торайғыров. Қамар сулу.....	50
Б.ҚАЙБАЛДИЕВА.	Т.Ахтанов.....	53
Н.ЕЛЕМЕСОВА.	Нарманбет Орманбетұлы. Сарыарқа.....	55
Г.ҚАРЖАУБАЙ.	Ш.Құдайбердіұлы. Еңлік-Кебек.....	58
Д.ШАКЕРБЕКОВА.	Олжас Сүлейменов.....	62
Д.ИСАҒАЛИЕВА.	Стихи Абая Құнанбайұлы.....	64
А.МҰРАТБЕКОВА.	Кюй.....	68
	<i>Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе</i>	
Б.НОҚАТОВА.	Антонимы.....	72
А.ПІРІМОВА.	Матасу.....	78
Ж.УМИРЖАНОВА.	Имя прилагательное.....	83
Г.УМИРЗАКОВА.	Существительное.....	88
Н.МҰХАНҒАЛИЕВ.	Язык обучения.....	92
Б.МАМБЕТОВА.	Глагол.....	96
Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА.	Сложно-сочиненные предложения.....	101
А.ТҰРДАЛИЕВА.	Подлежащее.....	106
	<i>Две статьи на одну тему</i>	
А.ШАТАЕВА.	Абай Құнанбайұлы. Ескендір.....	112
Г.ЕГЕНОВА.	Абай Құнанбайұлы. Ескендір.....	116
	<i>Литературный вечер</i>	
Б.БӨРІБАЕВА,	Приветствие.....	122
А.МЫРЗАХАНОВА.	Поэмы.....	130
Г.ДАДАНОВА.		
	<i>В колледже</i>	
Г.УСКЕНБАЕВА.	Казахский язык- национальный язык казахской нации.....	134
	<i>Повторение - мать учения</i>	
Ж.КЕГЕНБЕКОВА.	Подготовка к ЕНТ.....	139
	<i>Творчество учителя</i>	
Ж.ТӨЛЕУБАЕВА.	Выбор души.....	142

CONTENT

Knowledge	
Sh.KASENOVA.	Millitary terms of teaching methods.....5
G.SHARIPZHANOVA.	Affixes -сы, -сі, -сын, -сін..... 12
Precious	
N.ISKAKOVA.	A Descendant of Iskaka.....16
Teacher vision	
R.ZHANIBEKOVA.	The effectiveness of mentoring.....21
N.ESBOSIN.	Influence of reflection.....27
Kazakh literature: advanced technology	
G.TASKALIEVA.	Kadir Mirza Ali.....32
B. SHARIPOVA.	Poems Abay.....36
ZH. UTESHKALIEVA.	Zh. Moldagaliev.....42
S.SIGAI.	S.Seifullin.....45
K.ZHUMAGALIEVA.	B. Mailin.....48
R.ESETOVA.	S.Torairov.....50
B.KAIBALDIEVA.	T. Ahtanov.....53
N.ELEMESOVA.	N.Ormanbetuli.....55
G.KARZHAUBAI.	Sh. Kudaiberdiuli. Enlik-Kebek.....58
D.SHAKERBEKOVA.	O.Suleimenov.....62
D.ISAGALIEVA.	Abai Kunanbaiuli poems.....64
A.MURATBEKOVA.	Kui anizi.....68
Kazakh language: advanced technology in training	
B.NOKATOVA.	Antonims.....72
A.PIRIMOVA.	Matasu.....78
ZH.UMIRZHANOVA.	Adjective.....83
G.UMIRZAKOVA.	Substantive.....88
N.MUHANGALIEV.	Language training.....92
B.MAMBETOVA.	Verb.....96
G.TEMIRGALIEVA.	Complex pieces offer.....101
A.TURDALIEVA.	Subject.....106
Two articles on the same theme	
A.SHATAEVA.	Abai Kunanbaiuli. Eskendir.....112
G.EGENOVA.	Abai Kunanbaiuli. Eskendir.....116
B.BORIBAEVA,	
A.MIRZAHANOVA.	Greating.....122
G.DADANOVA.130
Kolledzh	
G.USKENBAEVA.	Kazakh language.....134
Repeat mother doctrine	
Zh. KEGENBEKOVA.	Handling of UNT139
Zh. TOLEUBAEVA.	Pick.....142

Таным табиғатында

ӘОЖ 81.1

Ш.ҚАСЕНОВА,
Құрлық әскерлерінің
Әскери институты.
Алматы қаласы

ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Жан-жақты білім беру – тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі, білім берудің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану – оқытушы ізденісінің нәтижесі. Ұстаз – үнемі ізденісте жүретін мамандық иесі. Ол шәкірттеріне берілетін материалдарды, мәліметтерді іздестіреді, іріктейді және оларды қандай әдіс-тәсілдер арқылы меңгерту тиімді болатынын ойластырады.

Әдістемелік еңбекте жаттығу жұмыстарына байланысты былай делінген: «Творчестволық жазу – күрделі процесс. Оған дағдылану үшін көптеп жаттығу керек. Творчестволық жазуда орфографиялық жағынан сауатты жазу және жүйелі түрде жазбаша баяндай білу талап етіледі. Сол үшін таза орфографиялық жаттығу кезінің өзінде-ақ оқушының сөйлемді дұрыс құрап, ойын дұрыс баяндай білуіне назар аударып отыру керек» [1.231-6]. Сондықтан ауызша және жазбаша жаттығуларды орындау барысында курсанттардың сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құрастырып, ойын жүйелі, шебер жеткізе алу қабілеттеріне мән беріледі.

Өткен тақырыпты сұрау, пысықтау, жаңа тақырыпты түсіндіру мен бекіту, тіл дамыту жұмыстарын орындау барысында ойын элементтерін («Саптан қалма», «Мерген», «Шебер қолбасшы», т.б.), сөзжұмбақтарды, тақырыпқа сәйкес келетін, тәлім-тәрбие беретін бейнежазбалар мен көркем шығармалардан алынған мәтіндерді ұтымды қолданып, сабақты қызықты да жүйелі өткізсе, білім мен тәрбие дұрыс берілетіні анық.

Күнделікті сабақта курсанттардың сөздік қорын молайту, әскери терминдерді меңгерту сөздік жұмысы мен мәтінге түрлі тапсырмалар беру арқылы жүзеге асырылады. Мәтінмен жұмыс

– сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну мен сөздік қорды байытудың негізі. Мысалы, «Артиллерияның таулы жерлердегі іс-қимылдары» атты тақырып бойынша қарастыратын оқу сұрақтарына байланысты мәтіндерді сабақта қолдану, тіл дамыту жұмыстарын орындау барысын ұсынбақпын. Оқу бағдарламасына, тақырыптық жоспарға сәйкес әр сабақта екі оқу сұрағы қарастырылады. Жаңа тақырыпты өтпес бұрын өзіндік дайындыққа берілген тапсырмалар сұралады:

1) 1-топ курсанттары берілген сөз тіркестерін қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасайды (слайд).

Сөздік:

... .. – артиллерийское наступление

шабуыл операциясы –

қорғаныстағы артиллерия –

шабуыл құралдары –

... .. – огневые средства

... .. – артиллерийская разведка

артиллериялық қоштау –

... .. – артиллерийская подготовка

... .. – артиллерийская поддержка

2) «Кім жылдам?» атты ойын арқылы 2-топ курсанттары перфокарталарға берілген сөз тіркестері мен сөйлемдердің аудармасын жазады.

3) Өткен тақырыптың бірінші оқу сұрағы бойынша пысықтау сұрақтары ұсынылады (слайд).

4) Ресми құжат (бұрыштама) жөнінде алған білімдерін тексеру, сұрау.

Сұрақтар:

1. Бұрыштама дегеніміз не?

2. Іс қағазының бұрышына жазылатын сөзді көрсетіңіздер.

А) Келді;

В) Үстелде;

С) Басшы;

Д) Таныстым;

Е) Құжаттар.

5) Үлестірмелі материалдардың көмегімен курсанттардың жазба жұмысын тексеру.

1. Жаңа тақырыпқа қатысты берілген сөз тіркестерінің

аудармасын сөздіктен жазады.

1) Сөздікпен жұмыс:

атыс жүйесі –

инженерлік бөгеттер –

табиғи кедергілер –

қорғаныс ауданы –

қапталдан ату –

айқастыра ату –

2) Бірінші оқу сұрағы бойынша артиллерияның таулы жерлердегі іс-қимылдары жөнінде түсінік беріледі, мәтінмен жұмыс жүргізіледі, пысықтау сұрақтарына жауаптар алынады.

3) Сөздікте берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырады.

• Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.

Артиллерия, атыс, қарсылас, бөгет, ұйымдастыру.

• Мәтіндерді оқып, мазмұнына байланысты пікірлеріңізді ортаға салыңыздар, сөйлемдерде кездескен әскери терминдерді атаңыздар.

1) Жауға қарсы шабуылымызды үнемі авиация мен артиллерия қатар бастаушы еді де, содан соңғы кезек танкіге беріліп, қорытындысын «Дала патшасы» шығаратын-ды. Ал бүгінгі шабуылды «соғыс тәңірісінің» өзі бастады. Біз кезек күтіп шепте тұр едік. Танк командирі люкті ашып, бинокльмен алдыңғы жаққа қарады да:

– Қазір фашист басқыншылары Еділ мен Ертіс қосыла соққылап жатқан тәрізді, – деді.

Мен оның бұл сөзінің мағынасын ұғына қойдым. «Социализм» колхозы батареясының шебі біздің дәл артымызда болатын. Оның снарядтары үстімізден ұшып барып, жау шебіне дәл түсіп жарылуын көріп, танк командирі көптеген зеңбірекерге соққысын қосып тұр. «Ертістің соққысы» мұнан екі күн бұрын жалпы артиллериямыздың құдіретіне өзінің күшін қосып, фашистерді мұнан да қаттырақ соққылаған-ды [2.162-6].

2) Әскерлердің жауынгерлік әзірлігі мен соғысқа жарамдылығының негізі – әрбір солдаттың жауынгерлік әзірлігінің және соғысқа жарамдылығының негізі болып табылады. Ұрыс даласындағы міндетті штаб немесе шешім қабылдаған командирдің ойы тұжырымдалған карта емес, жауынгерлік әзірлік, даярлық шешеді. Егер солдаттың даярлығы нашар болса, командирдің

жақсы да парасатты шешімі түкке аспай қалады, керісінше, егер жауынгерлер жақсы даярлықтан өткен болса, орташа шешімнің өзін өте жақсы нәтижеге жеткізуге болады. Жауынгердің жақсы әзірлігі – жеңіске бастама, мұрындық. Жауынгерлер мен командирлердің әскери адамгершілік бейнесін қалыптастыруды, жауынгерлердің бойында жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеуді бізде жиі дағдылы іске айналдырғандай әңгіме жүргізу мен баяндамалар оқып берумен шектеуге болмайды, қайта солдат кәсібіне жергілікті жерде, нақты жабдықталынған полигонда, кез келген шартты нәрселерден қашып, жауынгерлер мен командирлерге қажыр-қайраты мен ақыл-ой күшіне нағыз жауынгерлік салмақ арта отырып, практикалық тұрғыдан үйретіп-жаттықтыру қажет [3.92-б].

3) Командирдің әлсіз ерік-жігері қарамағындағы адамдарды тұрақтылығынан, орнықтылығынан айырады, жоспарлы бір қалыпты іс-қимылын бұзады, жауынгерлердің рухани күшін әлсіретіп және күрес жүргізудің материалдық құралының бөлшек-бөлшегін шығарады, тәртіпсіздік, берекесіздік тудырады. Командирдің әлсіз ерік-жігері көбінесе бұйрықты жиі-жиі ауыстыра беруіне немесе берілген бұйрық-жарлықтың айқын, нақты еместігінен, бұлыңғырлығынан және оның жеке қимылынан да көрінеді.

Жалпы, мықты ерік-жігер – жеңіс серігі. Әлсіз ерік-жігер – жеңіліске ұшыраудың хабаршысы [3.54-б].

- Әскери терминдерге қатысты түрлі тапсырмалар беріледі.
- Б.Момышұлы жайлы бейнефильм көрсетіледі.

Тапсырма: Көрсетілетін бейнефильмді мазмұндаңыздар, осы бейнефильм бойынша бір-біріңізге сұрақ қойыңыздар.

2. Екінші оқу сұрағы бойынша Бауыржан Момышұлының бұйрыққа қойған талаптарымен танысады (мәтінмен жұмыс).

- Б.Момышұлының айтқан пікіріне курсанттардың көзқарастарын тыңдау (слайд).

Менің тәжірибемде командирлердің бұйрықты ойланбай берген жағдайлары ұшырасты, демек, мұндай бұйрық барлық кезде орындала бермейді, тәртіп бойынша бұйрықты орындамағандығы үшін қарамағындағы солдат жазаланады, ал мен болсам мұндай жағдайда солдатты емес, бұйрық берген командирді жазалайтынмын.

Б.Момышұлы.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мәтіндерді мәнерлеп оқып, мазмұндаңыздар.

1) Қажетті сөздер: әмірлі, сенімсіздеу, солдаттың, бұйрық.

Команда (бұйрық) қалай берілген болса, солай орындалады да. Жай, дауысты болар-болмас қана көтеріп берілген ... бір бөлек те, адамды орнынан қозғалтып жіберетін ... үнмен берілген бұйрық бір басқа, мұндай бұйрық дәл, нақты орындалады. ... үнмен әлсіз түрде берілген команда мен жарлық ешқандай дерлік нәтиже бермейді. Мен команда берген кезімде менің командам, менің бұйрығым жауынгердің сана-сезіміне қаншалықты дәрежеде жеткенін әрі бұйрықтың қалай орындалатынын білу, сезіну үшін ... көз жанарына қарайтынмын [3.66-б].

2) Қажетті сөздер: ерлігі, әмір, шешімі, командирдің.

Командалық ету дегеніміз – өзіңнің әбден байыпталған еркінді орындауға еріксіз көндіру, әмір ету, өмірде өз творчестволық ойыңды тайсалмай жүзеге асыру деген сөз, мұны әскери терминологиямен айтқанда, түпкі ойдың ... дейді.

Солдаттың алғашқы ... – бұл совет офицерінің еркіне мойын ұсыну, бағыну. Офицердің алғашқы ерлігі – халықтың атынан, мемлекеттің атынан ... ете білу. Халық атынан әскери ерлігі үшін алғыс айтып, жігерлендіре білу, оны біздер жауынгерлік құрмет көрсету дейміз.

...Ойланып тұжырым жасау ойлаған нәрсені орындағаннан күрделірек. Нағыз ақылды ... жасаған шешімі – бұл да ауыр творчестволық еңбек, ол оның творчестволық ойының жемісі болып табылады. Мәселенің дұрыс шешімін тауып, қарамағындағыларға бұйрық бергенше, командирдің іштей қаншама ойланып, толғануына, уайым-қайғы жеуіне, қиналып, мазасыздануына, толқуына тура келеді [3.110].

• Ұлы тұлғалардың өнегелі сөздері – тәрбие көзі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың асыл сөздері, даналық ойлары ұсынылады (Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларынан, 2012 ж. желтоқсан және 2014 ж. қараша).

2-жаттығу. Мәтіндерді оқып, мазмұнына байланысты мақал-мәтелдер айтып, пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

1) Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабаларымыздың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз.

Үдеудің сыры – бірлікте,
Жүдеудің сыры – алауыздықта.

Осыдан 3 ғасыр бұрын Аңырақайда болған ұлы шайқаста ата-бабаларымыз бірліктің құдіреті қандай боларын өзіне де, өзгеге де дәлелдеген.

Сын сағатта туған елге деген перзенттік парызды бәрінен биік қоя білген.

Сол шайқаста төгілген қан барша қазақтың тамырында бар. Бізді бір-бірімізбен біріктіретін де, бауыр ететін де бабалардың бостандық жолында төгілген осы қаны деп білемін.

Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған.

Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек.

Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты [4].

2) Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жағыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз [5].

3-жақтығу. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, нақыл сөздерді жағтаңыздар.

Қажетті сөздер: дақылымен, ақылымен, елдей, ақылсыз, ел, тозады, ақылды, жердей, озады.

1. Адам бай,
Жер бай.
2. жылдығын, күндігін ойлайды.
3. Бірлікті бұзылмас.
4. Бірлігі жоқ ел ,
Бірлігі күшті ел
5. Туған жер болмас,
Туған ел болмас.

Жауабы:

1. Адам ақылымен бай,
Жер дақылымен бай.
2. Ақылды жылдығын, ақылсыз күндігін ойлайды.
3. Бірлікті ел бұзылмас.
4. Бірлігі жоқ ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.
5. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Курсанттардың кәсіби сөйлеу тілін дамыту мақсатында әскери терминдерді меңгерудің, оқытудың тиімді жолдарын қарастыру, бүгінгі күннің талабына сәйкес сабақ өткізу, қажетті материалдарды жүйелеу – оқытушы еңбегінің көрсеткіші. Білімді жастарды, отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеуде мазмұнды да мәнді мәтіндердің алар орны ерекше. «Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қастерлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» [5] – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың даналық ойын әрқашан жадымызда ұстаған жөн.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, Мектеп, 1988.
- 2 Тілеков.Ж. Шалғай шепте. А., Жазушы, 1981.
- 3 Б.Момышұлы.Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. -Алматы, Жазушы, 2002.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. А., 2012, желтоқсан.
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. А., 2014, қараша.

- СЫ, -СІ, -СЫН, -СІН ҚОСЫМШАСЫ

Мақалада сөз формасын жасаудағы –сы, –сі, –сын, –сін қосымшасының функциялық ерекшелігі қарастырылады.

–Сы, –сі, –сын, –сін қосымшалары–есімдерге қосылып, субъектив мәнді етістік жасайтын өнімді жұрнақтар. Субъектив мәнді білдіретін етістіктерге мынадай сөздерді жатқызамыз: асқақта, өгейсі, еркінсі, өзімсіну, дандайсу, сараңсу, салақсы, жетімсіреу, жалғызсырау, жатсырау, азсыну, көпсіну, қамсыну, керексіну, қажетсіну, ауырсыну, обалсыну, тарсыну, қорсыну, әбессіну, алалау, т.б.

Кісімсіну, оқығансу, білгенсу, көкірегін көтеру деген етістіктердің білдіретін мағынасы – эмоциялық мағына. Бірақ олардың мағынасы таза эмоция емес, амал-әрекетке, болған қозғалыс пен қалпына баға беру мәнін қоса береді. Яғни, мұндай етістіктер (субъектив мәнді етістіктер) қозғалысты, әрекетті және эмоцияны жалаң білдірмей, көзқарасты, баға беруді де білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, субъектив мәнді етістіктерге айналадағы заттардың қозғалысы мен амал-әрекетіне, кеңістіктегі қалпына айтушының өзіндік көзқарасын білдіретін сөздерді жатқызамыз. Осы ретте оларға мынадай анықтама бердік. Амал-әрекетке айтушының, істеушінің (субъектінің) өзіндік көзқарасын білдіретін етістіктер субъектив мәнді етістіктер немесе субъективті етістіктер деп аталады.

Сонымен субъектив мәнді етістіктердің семантикалық құрылымы үш түрлі семадан құралады. Олар: 1) амал-әрекет; 2) көңіл-күй (эмоция); 3) баға беру семасы. Осы семалық элементтер субъектив мәнді

етістіктерді мағыналық жиынтыққа біріктіріп, жеке лексика-семантикалық топ етеді /1/.

Субъектив мәнді етістікті көп тілшілер жеке лексика-семантикалық топ ретінде мойындай бермейді. Етістік сөз табын зерттеген ғалымдар А.Хасенова, А.Ысқақовтар субъектив мәнді етістіктерді жеке лексика-семантикалық топ ретінде көрсетпеген. Етістіктің бұл лексика-семантикалық тобы Ы.Маманов пен

М.Оразовтардың жіктемелерінде аталып өтіледі. Бірақ бұл соңғы екі ғалым да субъектив мәнді етістіктердің семантикалық қырына да, грамматикалық сипатына да арнайы тоқталмаған. Субъектив мәнді етістіктер жеке лексика-семантикалық топ ретінде М.Оразовтың жетекшілігімен жазылған Ғ.Танабаевтың кандидаттық диссертациясында арнайы зерттелді /1/.

Субъектив мәнді білдіретін етістік жасайтын қосымшалардың біріншісі - -сы, -сі, -сын, -сін; екіншісі - -ымсын, -імсін қосымшасы; үшіншісі - -сыра, -сіре. Ы.Маманов қос функциялыққа қатысты –сы, –сі формасының сөз тудырушы да, форма тудырушы да қызметі бар деген пікір айтады.

–Сы, –сі формасы мен –сын, –сін өзара синонимдес жұрнақ. Олар бірінің орнын бірі ауыстырып қолданыла алады. Алайда олардың арасында мағыналық тепе-теңдік жоқ. Олардың мағынасында аздаған айырмашылық бар. –Н жұрнағы өздік етіс жұрнағы десек, –сын, –сін –мен келген етістіктің мағынасы субъектіге қатыстылығы жоғары, ал –сы, –сі –де абстрактылық бар. Мысалы, Оған тыйылмаған, аюсынған Абайды көріп алармын (М.Әуезов). –Сен өйтіп өтірік періштесінбе! (Б.Нұржекеев). – Не оттап тұрсын а?! –деп, жаңағы шешенсіген жігіттің алдына жетіп барды (М.Байғұтов). – Оны дос деп ойлау керек. Босқа ділмарсынып көп аптыға берме (Р.Райымқұлов).

Бұл қосымшаларды екі морфемаға ажыратуға болады: –сын, –сін > сы+н, сі+н. Бұл қосымшалардың мағынасы, көбінесе, бір-біріне сәйкес келеді. Бірақ біраз сөздердегі –сын, –сін қосымшасы қосылатын түбірге –сы, –сі жалғанбайды. Мысалы, көрсін (көрсі емес), ащысын

(ашысы емес), азсын (азсы емес), көпсін (көпсі емес), әбессін (әбессі емес). Біздіңше, қосымшалардың бұлай қолданылуы сөздердің семантикасына байланысты.

Адамсын, көрсін құрамындағы –сын, –сін тарихи жағынан екі морфемаға бөлінеді. –Сы, –сі қосымшасы туралы жоғарыда айтылды, ал –н морфемасы – етіс қосымшасы. Ол оның мағынасынан да анық байқалады. Салыстырыңыз, адамсы сөзі тек көзқарасты білдірсе, адамсын сөзінде нақты объектілік мағына бар және әрекетті орындаушы актив не пассив болуы мүмкін. Өздік етісте де, ырықсыз етісте де әрекетті орындаушы пассив болып көрінеді. Міне, осы пассивтік субъективтік мәннің қалыптасуына жағдай жасаған сияқты /1/.

–Сы, –сі, –сын, –сін қосымшасы барлық кезде субъектив мәнді етістік жасамайды. Мысалы: кеберсіну, лықсу, көбенсу, қатерсі, т.б.

–Сы, –си, –сын, –син қосымшаларының этимологиясын нақты анықтауға мүмкіндік жоқ. Бұл қосымшаның тарихы туралы ғалымдар көбінесе жорамал түрінде пікір айтқан. Белгілі түрколог ғалым Э.В.Севортян –са, –сэ, –сү, –су,- сы, –си және –сын, –сүн қосымшасының тегі бір деп есептейді /2/. Г.И.Рамстед бұл қосымшаны салыстыру, теңестіру мағынасын білдіретін –сы қосымшасымен байланыстырады /3/. М. Оразов –сы, –сі қосымшасын сияқты, сымақ, симан сөздерімен байланыстырады/4/. –Сы, –сі қосымшасы есімше формалы етістіктерге қосылып, қолданылады да, субъектив мәнді етістік жасайды. Мысалы, әзілдескенсу, айтқансу, сөйлегенсу, түрткенсу, ұстағансу, алғансу, бергенсу, ойнағансу, отырғансу, тұрғансу, жантайғансу, ұйықтағансу, қосқансу, теңестіргенсу, балағансу, баптағансу, т.б.

–Сы, –сі аффиксі есімше тұлғасындағы етістіктерге қосылып, жалған қатынасты білдіретін етістіктер жасайды /1/.

Ы.Маманов –сы, –сі аффиксі есімше формасынан кейін жалғанған кезде сөзжасамдық қызмет атқармайды деген пікір айтады. Өз сөзімен айтқанда: «–Сы, –сі жұрнағы арқылы туынды түбір етістіктер

жасалады. Қазіргі қазақ тілінде –сы, –сі жұрнағының екі түрлі қызмет атқаратындығы байқалады. Біріншісі, кейбір есім сөздеріне жалғанып, заттың өзгеру күйін білдіретін салт етістіктер жасайды. Мысалы, салақсы, толықсы, т.б. –Сы, –сі қосымшасының екінші қызметі – есімше формаларына жалғанып, сол жалғанған сөзін модификацияландырады, яғни, жалғанған сөзіне субъективтік рең білдіретін етістік формасын жасайды» /5/. Түркологиялық еңбектерде бұл қосымшаның форма жасаушылық қызметі жайлы айтылмаған деуге болады. Ы.Маманов есімше формасынан кейін жалғанған –сы, –сі қосымшасының қызметінің форма тудырушылық екендігін анықтайды. Ғалым –сы, –сі қосымшасын форма тудырушы деп анықтауда оның есімше формалы етістікке түгелдей жалғануын, яғни, грамматикалық абстракция жасау сипатын негізге алған. Сонымен, Ы.Маманов еңбектерінде қазақ тіліндегі бұл қосымшаның сөзжасам мен формажасамға қатысы ғылыми негізде тілдік қағидаға сай анықталған деуге болады.

Әдебиеттер:

1 Танабаев Ғ. Қазіргі қазақ тіліндегі субъектив мәнді етістіктердің семантикалық құрылымы. Канд. дисс. Автореф. – Алматы, 2005. -30 б.

2 Севортян Э.В. Аффиксыменного словообразования в азербайджанском языке. –Москва. Вост. Лит., 1966. -225 с.

3 Рамстед Г. И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. –Москва, 1957. -254 с.

4 Оразов М. Семантика казахского глагола. Докт. дисс.- Алматы, 1983.

5 Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың тексттері. – А., 1973. -89 б.

В статье рассматриваются функциональные особенности аффиксов –сы, –сі, –сын, –сін в формировании слов.

The functional features are examined in the article affixes of –сы, –сі, –сын, –сін in forming of wands.

Н.ЫСҚАҚОВА,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Орталық мұражайы.

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ТУҒАН ІНІСІ ЫСҚАҚТЫҢ ҰРПАҒЫМЫН

«Жеті атасын білмеген - жетесіз», - дейді дана халқымыз. Алдағы ұрпақтары ризашылықпен, құрметпен еске алатын болсын деген ниетпен аз-кем текті баба шежіресінен мағлұмат беруді жөн көрдім.

Ұлы ақын, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 170 жылдық мерейтойы қарсаңында тікелей ұрпағы, асылдың сынығы ретінде өзімнің Азат атам жасаған шежіресін таратуды жөн көрдім. Мен – данышпан бабамыз Абай Құнанбайұлының туған інісі Ысқақтың тікелей ұрпағымын.

Жетінші атам Өскенбай Ырғызбайұлы (1778-1850) – Абайдың туған атасы жастайынан зерек, есті азамат болған. Әкесі Ырғызбай дүниеден озған соң ел ағасы Кеңгірбай би өзі қартайған шағында Өскенбайды тәрбиелеп, ел билігін қолына беріп, оны би қояды. Өскенбайдың бәйбішесі Зере апамыздан (шын аты – Тоқбала Бектемірқызы) – Құттымұхамбет, Құнанбай, Тайбала есімді екі ұл, бір қыз сүйеді. Құттымұхамбет жас кезінде қайтыс болыпты. Зереден кейінгі төрт әйелінен Өскенбай би тоғыз ұл көрген. Тобықты елін билеген Өскенбай ата орта жасқа келгенде ел билігін үлкен ұлы Құнанбайға тапсырады [1, 474-б.].

Алтыншы атам аға сұлтан, қоғам қайраткері Құнанбай қажы Өскенбайұлынан (1804-1986) – Абай мен Ысқақ тараған. Өскенбайдан басталған билікті оның ұрпағы 150 жыл бойы Кеңес өкіметі билікке келгенге дейін қолдарынан шығармаған. Құнанбай қажының да төрт әйелі болды. Бәйбішесі Әйбөбектен (Күнке) Құдайберді туды. Ұлжан анадан Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан, ал үшінші әйелі Айғыздан Халиулла, Смағұл, Кәмшат туған, төртінші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ болмаған [1,

370-б.] Құнанбай бабамыздың балаларының арасында Абайдың айтқанымен жүріп, тәрбиесін көріп, ағаларын арқа тұтқан інілері Ысқақ пен Оспан өзара тату болған. Бірақ, Оспан жас шағында қайтыс болады.

Бесінші атам Ысқақ Құнанбайұлы (1847-1901) – Абайдың өзінен кейінгі туған тете інісі. Ол да Ұлжан анадан туған. Бірақ, Құнанбай әкесінің үлкен әйелі Күңкенің қолында тәрбиеленген [1, 612-б.]. Алып күштің иесі Ысқақ атам өте шаруақор, ақкөңіл, сөзге шешен, байыпты, мінезді, екі сөйлемейтін, шомбал денелі, жомарт жан болған екен. Ол кісі Абай ағасының шаруашылығын өз істерімен қоса жүргізіп, оның білім, ғылыммен айналысуына мүмкіндік жасаған. Ысқақ атам Абайдың қолын ұзартқан. Кедей-кепшіктің жағдайын көп ойлайтын, қолы ашық жан болған екен. Ысқақ атам ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныған. Абайдың ұйғарымымен, халқының қалауымен 9 жыл болысқа сайланып, ел басқарған. Ерте дүниеден озған ағасы Құдайбердінің балаларына - Шәкәрім бастаған інілеріне ерекше қамқорлық көрсеткен. Құнанбай тетелес үш баласы – Тәңірберді, Абай, Ысқақты бір күнде үйлендіріп, еншілерін беріп, бөлек отау етіп шығарған. Абай мен Ысқаққа Ащысу бойындағы Тесіпшыққан қорығы мен Ақшоқыдан жер береді. Алғашқы жылдары бірге тұрған Абай мен Ысқақ арасындағы тату-тәтті туыстық қарым-қатынас өмір бойына үзілмеген. Араларына 2-3 ай салып Ділдәдан туған Мағауия мен Тектіден туған Кәкітай бірге тай-құлындай тебісіп, сырлас, мұңдас, құрдас туыс болып өсті. Текті жастай қайтыс болғанда Кәкітай Абай атаның ауылында Ділдә ананың бауырында өсіп ер жетті. [2, 116-б.]

Төртінші атам Ғабдұлхакім Ысқақұлын (1869-1915) ата-анасы Кәкітай деп еркелетіп атап кеткен. Кәкітай атам 8 жасынан бастап ауыл молдасынан 4 жылдай сауатын ашып, түрікше және арабша хат таныған. Кәкітайдың ерекше зеректігін байқаған Абай оны өзіне бала етіп алып, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Семейге бірге ертіп барып, орыс тілін үйреткен. 1-2 жыл ішінде Кәкітай ата орыс тілін жетік біліп қана қоймай, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, Еуропа елдері мәдениетімен танысып, өз заманының білімді азаматына айналды [2, 129-б.]. Кәкітай-Абай ағасының мұраларын тұңғыш бастырушы. Ол кісі Абай атаның барлық өлеңдері мен поэмаларын, ғақлия сөздерін жинақтап, тұңғыш рет өмірбаянын жазып, өз қаражатымен 1909 жылы

Петербургте алғашқы жинағын бастырып шығарғандығы көпке мәлім.

Үшінші атам Әрхам Кәкітайұлы (1885-1962). Кәкітай атамның Әрхам атам тұңғышы болғандықтан, қазақтың қалыптасқан салты бойынша Ысқақ атасы мен Абай атасының тәрбиесіне берген. Абай ағамыз қайтыс болғанда Әрхам атам 19 жаста болған екен [3, 9-б.]. Осы жасқа дейін Абай атасының қасында отырып, сөздерін естіп, өлеңдерін жаттап, оның ақын, өнерлі шәкірттерімен бірге музыка аспаптарын және дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын жетік меңгерген. Әрхам атам байдың ұрпағы ретінде көп жылдар бойы қуғында жүрген. Мұхтар Әуезов бастаған қазақ зиялыларының тікелей араласуының арқасында Абай ұрпақтары ақталып еліне қайтқан екен. Әрхам атам елге оралысымен Семейдегі және Жидебайдағы Абай мұражайының іргетасын қаласып, оны Абай мұраларымен толықтырған. Абай мұраларын жинап, шығармаларына анықтама, түсінік беріп, мұражай қорын қолжазба, естелік, ғылыми зерттеулермен байытқан. Абай атаның көптеген өлең-жырларын, ол кісінің әйел теңдігін көздеген игі ісін баяндайтын «Зағипа» атты дастанын және «Абайдың өмір жолы» повесін жазып қалдырған.

Өз атам Азат Әрхамұлы (1928-1996) – Әрхам атамның кенже ұлы. 1951 жылдан Аягөз қаласындағы №2 мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, Ысқақ атасы мен Әрхам әкесінің ісін ілгері дамытып, Ұлы Абай мұрасын насихаттаумен үзбей шұғылданған [4, 6-б.]. Атам мен апам Қарлығаш Құлшыбекқызы да осы аталған мектепте жарты ғасырға жуық қызмет істеп, шәкірт тәрбиелеп, ата-аналардың құрметіне бөленген жандар. Жұбайы Қарлығаш екеуі бірлесе отырып, Абай ұрпағы ретінде Аягөз қаласындағы №2 мектепте Абай мен М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайын ұйымдастырған, оны 1987 жылы Мұхтар ағамыздың 90 жасқа толу мерейтойы қарсаңында ашты.

Бұл мұражай Абай мен Мұхтардың және кейін қосылған Шәкәрім ағамыздың өмір жолы мен шығармашылық мұрасын оқушыларға тереңдете жеткізіп, насихаттаудың мәдени ошағына айналды. Мұражай Азат атам мен Қарлығаш апамның Абай ата ұрпағы атынан Аягөз қаласының халқына, ұрпақтарына қалдырған бағалы ескерткіш-тартуы деп білеміз.

Азат атам осы мұражайды ашу қарсаңында «Құнанбай қажы ұрпақтары» атты шежіре құрастырған.

Әкем Әлішер Азатұлы (1951-2010) – Аягөз қаласында дүниеге келген. Бірақ, 2 жасынан Жидебай қорығында орналасқан мұражайда тұратын атасы Әрхам Кәкітайұлының қолында тәрбиеленген. Дана Құнанбай ағамыздың үйінде, жерінде тұрып Ұлы Абай, Кәкітай аталарымыздан нәр алған Әрхам ағамыз әкем Әлішерді де ата-бабасының тарихын жақсы білетін зерделі етіп тәрбиелеген. Әкем мектепке барар жылы Әрхам ата Қарауылға көшіп келген. Әлішер әкемнің келбетінде Абай, Ысқақ, Кәкітай бабаларының бейнесі тұратын, ол кісінің бойында аталарынан бойына сіңірген қасиеттері де аз емес еді. Барлық музыкалық аспаптарда (пианино, домбыра, мандолина, гармонь, гитара, т.б.) ойнап, ән салып, пьесаларда түрлі рөлдерді сомдап, жақындарының тойларында асаба болып та жүретін еді. Қазақстанға әйгілі «Қаламқас» ансамблінің құрамында оркестрде мандалинде ойнаған, өнерге таласы бар жан еді. Әкем Әлішер барлық саналы өмірін жас ұрпақты білім нәрімен сусындатумен, адамгершілікке тәрбиелеумен, ұстаздықпен өткізді. 1981-1998 жылдары Аягөз қаласындағы №44 теміржол орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, кейіннен меңгеруші болып қызмет атқарды. Сол жылы Алматы қаласына қоныс аударып, ұстаздық қызметін жалғастырып, меңгеруші, бір жылдары директор болып қызмет атқарды.

Байқап қарасам, Абай сынды ұлы бабамызға інісі Ысқақтан бастап, одан тараған ұрпақтарының еңбектері де жалғасын тапқандай.

Шыңғыста Абай сынды дана туған,

Шәкәрім, Мұхтарлар дара туған.

Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Әрхам-

Ақындықпен әкенің жолын қуған,

– деп жырлайды Азат атам. Ақындық ұлы қасиет атадан балаға дарыған Азат Әрхамұлы да, әкем Әлішер де өлең шығаратын. [4, 4-б.] Әлішер әкем Азат атамның өлеңдерін жинақтап «Сырлы жүрек» атты кітабын шығарып, әке алдындағы бір парызын өтеген еді.

Асқар тау әкем 2010 жылы мамыр айында сырқаттанып дүниеден өтті. Әкем Әлішер үнемі текті ұрпақтан тарағанымызды мақтан етіп айтып, аталарымыздың мұраларын жинайтын. Таяуда тікелей ұрпағы болғандықтан, Құнанбай атамнан бастаған шежіре, сол кісіден тараған ұрпақтарының фотосуреттері мен мұраларын өзім қызмет атқаратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұражайының қорына

Ұлы Абай атаның туғанына 170 жыл толу мерейтойы қарсаңында сый ретінде тапсырдым. Осылай ізгі қадам жасауды өзіме биік парыз санадым. «Алмас қанжар қын түбінде жатпас» деген емес пе! Аса құрметпен қастерлеп өткізілген бұл құнды фотосуреттер Абай Құнанбайұлының материалдар кешенін толықтыра түсіп, мұражай қорында сақталып, экспозицияларға қойылып, ғылыми айналысқа еніп, өскелең ұрпақты бабынша жаухар қазынасымен тәрбиелеуде зор үлесін қосады деген сенімдемін.

Әдебиеттер:

- 1 Абай энциклопедия. – Алматы, 1995. – 720 б.
- 2 Жанболатұлы М. Тобықты - Шыңғыстау шежіресі, II том, 2004. – 424 б.
- 3 Ысқақова М.Ә. Ұлы Абайға адалдық. – Семей, 2002. – 251 б.
- 4 Ысқақов Ә.А., Бидалинова Қ. Сырлы жүрек. – Алматы, 2006. – 144 б.



Педагог пайымы

Қ.ЖӘНІБЕКОВА,
№247 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Жанақорған ауданы,
Бесарық бекеті

ТӘЛІМГЕРЛІК ЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тәлімгерлік - (mentoring) ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер (тәжірибелі, озық педагог) мен тәлім алушы (тәжірибесі аз педагог) арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Тәлімгерліктің өзіне тән негізгі сипаттамасы екі адам арасында оқу қарым-қатынасын құруға негізделген және түйінді дағдыларды: белсенді тыңдай білу, тәжірибені дамыту үшін бірқатар күрделі сұрақтар қоя білу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тәлімгер тәлім алушыға күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге; соның ішінде қажетті түйінді қасиеттерді: сенімділік, ортақтастық, шынайылық, адалдық танытуға дайын болады (Garret-Harris & Garvey, 2005) деп көрсеткендей, бірінші деңгей бағдарламасы тәжірибелі мұғалімдерді өз мектептерінде құзырлы коуч пен тәлімгер болуға бағыттаған. Бірінші деңгей бағдарламасы бойынша курсты аяқтаған мұғалімдер оқу қоғамдастығын құрып, жаңа идеяларды іске асыру үшін өз мектебінде тәжірибеге өзгеріс енгізуді жоспарлайды. Мен бірінші деңгей бағдарламасы бойынша бірінші бетпе-бет кезеңін аяқтаған соң, осы оқып-үйренген білімімді, жаңа идеяларды іске асыру үшін өзімнің жұмыс жасайтын №247 орта мектебіме тәжірибелік кезеңімді өткізуге келдім. Ең бірінші мектеп басшысы Т.Өтеевпен пікірлесіп кездестім. (1-сурет) Пікірлесу барысында, тәжірибе кезеңінде мен қандай тапсырмалар орындау керектігіне тоқталып, мұғалімге арналған мектептегі тәжірибе кезеңіндегі тапсырмалардың бірі: бір мұғалімге тәлімгерлік жасап, көмек көрсету екенін айттым. Таныстырылым өткенде бір мұғалім тәлім алушы болатынын жазыпты. Мен ол мұғаліммен пікірлестім.

Тәлім алушымен пікірлесу барысында, ең бірінші, ол әріптесіме тәлімгерлік ететіндігімді, оның сабағын бағалауға емес, тек өзімнің үйренген әдіс-тәсілдерімді сабақ барысына қолданып үйрету екендігін және сабағына қатысуға болатындығы жөнінде рұқсат сұрадым. Ол өзінің келісімін берді. (2-сурет)

Менің тәлім алушымының қысқаша түйіндемесіне тоқталсам, Бегімбетова Нұргүл Атымтайқызы. Ол 1983 жылы 23 қыркүйек күні дүниеге келген. Еңбек өтілі-8 жыл. II санатты мұғалім. Мамандығы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Қазір №247 орта мектебінде ағылшын тілі пәнінен сабақ береді. Енді өзара келісімнен кейін, мен тәлім алушыдан қандай қажеттіліктері бар екенін сұрадым. Тәлім алушы менен осы курстың мақсатымен егжей-тегжей түсіндіруімді сұрады. Мен бірінші деңгей бағдарламасының негізгі мазмұнымен және өзімнің бірінші бетпепет кезеңінде оқып үйренген әдіс-тәсілдерім барысына тоқталып өттім. Тәлім алушымының келісімін ала отырып, бір дәстүрлі үлгіде өткізген сабағына қатысып бақылау жүргізуді, суретке және бейнежазбаға түсіретінімді ескерттім.

Тәлім алушымының сыни ойлауға үйретудің әдістерін сабағына қолданып, әдіс-тәсілін өзгертікісі келетінін айтты. Енді мен бұл ойға ауызша жауап беріп ғана қоймай, оны сабақ барысында қайта жоспарға енгізіп, оқушылармен қайта жұмыс жасау керектігін айтып түсіндірдім. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықтағы» тәлімгерлік туралы жазылған қағидалармен тереңірек таныстырып, жаңаша үлгіде өтетін тізбектелген сабақтар жайында кеңес бердім. Ең бірінші өткен дәстүрлі сабағына қатыстым. Сабақ басталар алдында, тәлім алушы сол күнгі сабақ жоспарымен таныстырды. Сабаққа 19 оқушы қатысты. Сыныпты топқа бөлген. (4-сурет) Тәлім алушы сабағында топқа бөлуде сәтсіздіктер болды. Топпен жұмыс жасағанда топ мүшелері арасында келіспеушілік болғанын, бір-бірінің пікірін тыңдамағанын, белсенділердің бірыңғай бір топта кеткенін байқадым. Тапсырма берілгенімен орындаушы жоқ десе де болады. Барлық салмақ мұғалімге түсті, өзі мәтінді аударды, түсіндірді. Енді осыдан шығу үшін не істеу керек екенін-, тәлім алушымен бірге отырып талқылап, келесі сабақтың жоспарына ендіруді түртіп отырдым. Тәлім алушы сабақты үй тапсырмасын сұрақ қою арқылы сұрады. Жаңа сабақтың тақырыбы: «Спорт жайында». Мұғалім тақырыпты өзі интербелсенді тақта арқылы

түсіндіріп өтті. Топтарға сөздікпен жұмыс жасауға тапсырмалар берді. Сабақ барысында байқағаным, үй тапсырмасы бойынша да, жаңа сабақ барысында да тек ғана белсенді оқушылардың сабаққа араласқанын көрдім. Сабақ қорытындысында, оқушылар сабаққа түгелдей атсалысып қатысқан жоқ. Қоңырау соғылып, сабақты аяқтады. Оқушыларға тапсырманы жылдамдатып орындаңдар деген сияқты ескертпені көбірек айтты. Яғни, мұғалімнің сабақ барысындағы 45 минутты тиімді пайдалануға мүмкіндігі болмады. Себебі Тапсырманы жүйелеп бере алмағандықтан ба, толық орындалмады және оқушыларды бағалап үлгермеді. Мен осы сәттегі сабақ барысына көңіл бөлдім. Әрбір көңіл бөлген ойларымды бақылау парағыма жазып отырдым. Осы бақылау барысында мен алдыма мына сұрақтар аясында жауап іздеуді және соның нәтижесін қалай көруге болатынын мақсат етіп қойдым. Келесі сабақта осындай кемшіліктерді болдырмау, баланы сабаққа қалай қызықтыру үшін, тәлім алушымен не істеу керектігін қарастырдым

Сабақ аяқталған соң, тәлім алушы екеуіміз кездесіп, сабақ барысына қайта оралып, қандай әрекеттерді байқағаным туралы өзара пікірлестік. Тәлім алушы өзінің сабақ барысында қысылғандығын, ағылшын тілін оқушының меңгеруі қиын екенін айтты. Сабақта үндемей отыратындар сол қалпында қалғанын өзі мойындады. Мен оның келесі сабаққа жоспар жасауына көмектестім. Ең алдымен, ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлауға бағыт-бағдар бердім. Онда сыныпты түрлі тәсілдермен (түске, мезгілге, математикалық сандарға, т.б байланысты) топқа бөлуге, сабақ арасында бала жалықпас үшін, сергіту сәттерін ұйымдастыру керек екенін, жаңа сабақ барысына баланы қызықтыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды (сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің) және бағалаудың түрлерін (басбармақ, бағдаршам, екі жұлдыз, бір тілек, т.б.) керектігін айта отырып, сол әрекеттерді іске асыруға көмектестім. Сонымен бірге тапсырманы уақытқа ыңғайлап қоюды ескерттім.

Постер жасау кезі

Екінші сабақтағы кез

Сергіту сәті (5-сурет)

Топтық жұмыс (6-сурет)

Бұл сабақтан кейін мұғаліммен кері байланыс орнатып, келесі

сабағын өзгертілген сабақ формасында өткізуге кеңес бердім. Екеуіміз бірлесе отырып, жеті модульді ықпалдастыра отырып сабақ жоспарын жасадық.

Сабақ барысында сыныпты үш топқа бөліп, постерге жұмыс берілді. (6-сурет) Жаңа сабақты кешегі өткен тақырыппен байланыстыра отырып, топтарға тапсырмалар берді. Бұл тапсырма барысында оқушылар жазған хаттарын жарыса оқып жатты. Сүйікті актерлеріне еліктеу деген топтық тапсырманы белсенді орындады. Сабақты қорыту барысында, оқушыларды «басбармақ» арқылы бағалатты. Мен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқандығын, сыныпта бұрынғы сабақтарға қарағанда баланың ойлау қабілеттерінің дамығандығын, ізденушіліктерінің артқандығын байқадым. Сабақ соңында тәлім алушымен жүргізілген сабақ жөнінде бейнежазбадан қарап отырып, сабағын талқылап, тікелей байланыстар орнаттым. Осы сабақ кезінде тәлім алушы оқушыларға тапсырмаларды ауызша, жазбаша орындату арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу дағдылары жүзеге асырып отырды.

Келесі сабағы «Музыканы қайталау» тақырыбында болды. Сыныпты математикалық сандар бойынша үш топқа бөлді. Сабақ барысында топтық тапсырмаларды орындағты. Джигсо әдісін пайдалана отырып, әр топқа тапсырма берді. (7-сурет) Деңгейлік тапсырма, постерге бес жолды өлеңді қорғатты. Ұшақ жасап, осы өтілген тақырыптарға сөздер жазғызды, сыныпта қалыс қалған оқушы болмады. Екі жұлдыз, бір тілек арқылы кері байланыс жасады. Кері байланыс арқылы топпен жұмыс жасаған оқушыларға ұнағандығы байқалды. Бұл сабақта оқушылардың қойылған сұрақтарға жауап берулеріне көңіл бөлдім. Тәлімгерлік барысында оқушылардың топпен жұмыс жасаудағы ынтымақтастығын бақыладым. Тәлім алушының сабақтарынан кейін кері байланыс алып отырдым.

Кері байланыс және келесі әрекеттер жоспары.

Бақылаушы нені атап көрсетті? Келесі адымдар.

Екінші сабақ барысында әр топтың оқушылары тақырыпты постерге жазу арқылы ашып көрсетті. Келесі сабақта хат, эссе жазуды арнайы өлшемдер беру арқылы дайындады.

Үшінші сабақ бойынша пайдаланған «ұшақ жасау» әдісін орындаған кезде, оқушылар белсенділік танытып, ашық сұрақтар

қойды. Сабақ барысында мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмысты жиі жасады.

Бұрынғы сабақта жаңа тақырыпты мұғалімнің өзі түсіндіретін, ал осы сабақта менің үйреткенімдей әр топтарға тапсырмалар берді. Оқушылар топта бірлесіп жұмыс атқарып, бір-бірінің пікірлерін тыңдап, сыни тұрғыдан ойлап, постерге сызба, суреттерін салып, белсеніп жатқанын байқап отырдым. Оқушылар белсенділік танытып, жаңа тақырыптың мазмұнын түсінгенін көргенде, тәлім алушының өзі таңқалды. Оқушылар ынтымақ артып, жұмыла жұмыс жасауға машықтана бастады. Топтық жұмыс оқушыларды белсенді ететініне, сыни тұрғыдан ойлауына, бір – бірінің айтқан пікірлеріне құрметпен қарап, ынтымақтастыққа баулитынына енді көзім жетті деп өз ойын білдірді.

Тәлім алушымен менің қарым-қатынасым өте жақын болды. Біз бұрыннан әріптес ретінде жақын болғандықтан ба, өзара пікір алмасқанда еркін сөйлестік. Тек мектеп кабинетінде ғана емес, түсінбеген жерлерімізді сұрау үшін ұялы телефон арқылы да байланысып отырдық. Тәлімгерлік ету нәтижесінде мен тәлім алушының тәжірибесінің өзгергенін байқадым. Ол сабақты сыныпта психологиялық ахуал туғызудан бастады. Мұғалім аз сөйлеп, оқушылардың пікірін тыңдауға, әрбір тапсырмаға уақыт бөлетін болды. Өз жоспарына жеті модуль аясындағы әдіс-тәсілдерді енгізгенін байқадым.

Құзырлы тәлімгер тәлім алушыға нақты мәселені белгілеуге көмектеседі және оның жеке тәсіліне, нақты мән - мағынасын және жұмыс тәсілінің ыңғайына сәйкес келетін іс әрекеттің оңтайлы бағытын таңдауға септігін тигізеді. (МАН). Шынтауайтқа келгенде, ол- көмек көрсетуге арналған үш сатылы құрылым. Бұл құрылымның бірінші кезеңі үдерістің басында тәлім алушының іс-әрекетін және оның тәжірибені өзгерту үшін не істегісі келетінін анықтауға бағытталған, екінші кезең- тиімді шешім таңдауды, үшінші кезең- өзгерістерді енгізуді мақсат етеді. Осыған дәлел ретінде, тәлім алушы өзінің ой-пікірін былай жеткізген. Менің тәлімгермен қарым-қатынасым өте тығыз байланыста болды. Оған дәлел ретінде, біз кәсіби әңгіме өткізу барысында, ең біріншіден, бір-бірімізге деген сенімділік, әріптес ретінде достық қарым-қатынас деп ойлаймын. Біз бір-бірімізге деген ой-пікірімізді ашық түрде жеткізе білдік. Себебі, менің тәлімгерім мені ашық жарқын

жүзбен қарсы алғандықтан деп ойлаймын. Бұған дәлел ретінде, мен тәлімгермен пікірлескен сәттерімді фотосуреттерге түсіріп алдым.

«Мен өзімнің тәлімгерімнің жұмыс тәжірибесінен көптеген нәрсе үйрендім. Мысалға алатын болсам, жеті модульдің не екенін, сол арқылы түрлі әдіс-тәсілдерді, оны сабақ барысында қалай қолдану керектігі, баланы ынталандыру үшін бағалау түрлерін, топқа бөлуді, кері байланыс орнатуды білдім. Сабақ барысында мен өзімді қанша еркін сезінгеніммен, топ алдында қысыламын. Дегенмен де өзгерістер енгізуге болатынына көзім жетті, болашақта балалармен бұдан да жақсы жұмыс жүргізе деп өз ойын қорытындылады. Келешекте тәлім алушымен бастаған жұмысымды жалғастырамын. Тәлім алушыға бағдарламаның негізгі мазмұны өзара байланысты жеті модуль туралы тереңірек мағлұмат, оларға бағыт-бағдар беріп, белсенді ынталандырып, оның кәсіби дамуына қолдау көрсетемін.



Н.ЕСБОСЫН,
№10 дарынды балаларға арналған
Қызылорда облыстық қазақ-түрік
лицей-интернаты.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ПЕДАГОГ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫМА РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ұстаз. Осы бір сөздің астарында мәртебе, құрмет, ізгілік ұғымдары жатқан секілді көрінеді маған. Кім-кімде қадір тұтқан адамын, жақсылықты бойына дарытқан жанды «Ұстазым» деп әспеттейді. Сол деңгейден көріну әрбір бала тәрбиелеп жүрген мұғалімнің арманы болса керек. Бүгінгідей жаһандану заманында өзгерістер көшіне ілесіп, заман талабына сай болу және ғаламдық өркениеттен қалып қоймайтындай шәкірт оқытып, тәрбиелеу үшін мұғалімнің өзі көш алдында жүруі керек. Ал ол үшін не істеу керек? Әрине, іздену керек, білімін жетілдіру керек. Осы тұста атақты педагог К.Д.Ушинскийдің: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады,» - деген сөзі ойға оралады.

Іздену мен білім жетілдірудің де түрлі жолдары бар. Соның бірі – деңгейлік оқыту бағдарламасы бойынша білім жетілдіру. Осы бағдарлама бойынша білім алу мүмкіндігі үстіміздегі оқу жылы маған да туды. 30 жылға жуық еңбек өтілі бар, тәжірибесі әбден қалыптасқан, өзіндік сенімді әдіс-тәсілдері бар және оны әріптестеріне насихаттап жүрген маман ретінде алғашында әлдеқалай болады екен деп алаңдаушылығымның болғаны жасырын емес. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде Қызылорда қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығында алғашқы дәрісімізді бастап та кеттік. Бұрынғыдай ұзын сонар лекциялар мен кітап оқулар басталатын шығар деп күткенмін. Жоқ, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді...» дегендей, мүлде басқа әдіс. Талдырмаш қана жас қыз, жас болса да сөзі нық, өзіне сенімді тренер Жібек Сатыбалдыққызы басынан-ақ бәрімізді баурап алды. Үйрететін

нәрсесін бізден сұрайды, біз жауап іздеп әуреміз. Сөйтсек, өзімізге жасату арқылы баланы қалай оқытудың жолдарын үйреніп жатыр екенбіз. Бұған дейін талай оқысам да, Адольф Дистервегтің: «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді,» - деген сөздерінің мәнін енді жете түсінгендей болдым.

Сонымен, жаңа форматтағы педагог ретінде қалыптасу үшін, алдымен, «Мұғалімдер оқушыларды ХХІ ғасырға қалай дайындайды?» деген сұраққа әлем елдерінің білім беру үдерісіндегі ерекшеліктерді сарапқа сала отырып, еліміздегі білім беру жүйесін реформалау керектігіне көз жеткіздік. Өзгерудің қажеттігін сезіндік. Өзгеруді өзімізден бастауды білдік. Деңгейлі бағдарлама оқу тәжірибесін өзгерту үшін не істеу қажет, сонымен қатар, осы өзгерістерді қалай енгізу керектігі туралы негізгі идеяларды үйретті. Соның ішінде рефлексия туралы, оның мән-маңызы мен сабақтарыма қалай қолданып жүрмін және білім сапасын көтеруге ықпалы қандай деген мәселе төңірегінде ой қозғамақпын.

Жалпы, рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы. Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан да бар. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөздерімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Ұлы Абай да 15-қара сөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал!» – дейді. Демек, «рефлексия» деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті сабағымызда түрлендіріп қолдану болмағаны ақиқат. Деңгейлік курстан өте жүріп, алдымен, өзіміз әр сабақтан соң рефлексиялық күнделік жазуды үйрене бастадық. Оның әр түрлі пішіні болғанымен, ең басты қағидасы, осы сабақтан соң, өзіме не алғанымды немесе қандай қателік, кемшілік жібергенімді оны келесі сабақта қалай басқаша жасауға болатынын жазып қою керектігіне, оның тиімділігіне көз жеткіздім.

Мысалы, алғашқы рефлексиялық күнделігімдегі бір күннің соңына мынадай жазбалар түсіріппін: «Мен бүгін қандай қорытынды ой түйдім: Дайын білімді оқып не түсіндіргеннен гөрі

оқушы өзі қорытынды жасауға әрекеттенсе, тиімді болады екен. Ол ойындар, постер дайындау түрінде болса тіпті тиімді. Оқушыға кері байланыс есебінде түрлі әдіспен рефлексия жасату керек екен. Бүгінгі күннен өз тәжірибеме не алам: Жоғарыда жазылған сергіту сәттері және бір сөз арқылы ән айту сергітуі, ойындар, постермен жұмыстар, топқа бөлу әдістері, Моцартэффект (музыка арқылы ойлану), сабақты қорытындылауда жапсырма қағазға жазып, не үйренгенімді чемоданға, бүгінгі сабақта не артық, керек еместі қоқыс жәшігіне, жетілдіру керек нәрселерді еттартқышқа салу әдісін аламын, сабағыма қолданамын.»

Қазір сол күнделікте жазылған жазбаларым арқылы сабағыма тиімді, ыңғайлы әдістерді тез тауып қолдана қоямын, яғни, шығармашылық жұмысыма әдістемелік көмек болып тұр. «Білім ағашы», «мақсат ағашы» арқылы, түрлі көңіл-күйді білдіретін смайликтер арқылы, «соңғы сөзді мен айтам» әдісі арқылы, рефлексиялық күнделік арқылы, кейіпкермен сырласу арқылы, т.с.с. сан алуан әдіс-тәсілдермен оқушыларға рефлексия жасатып, кері байланыс алып жүрмін және мұның сабағымды жетілдіруге, түрлендіруге үлкен ықпалы тиюде.

Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, бұл сабағымның негізгі компоненті бірі болып келеді. Сабақ барысында өзім де, оқушылар да рефлексия жасауды үйреніп келеміз. Осы рефлексия арқылы оқушының да қажеттілігін білеміз, оларды да жинақылыққа баулимыз. Оқушының да бірден-бір өзіндік пікірін білудің жолы - рефлексия. Өткен сабақта алған білімдеріне рефлексия жасай отырып, оқушылардың сабақта деген қызығушылықтары артып, бір-бірімен пікір таластыра отырып, ашық сөйлесу, сұрақ қою дағдылары, ортада еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастады. Сабақ кезеңінде бұйығып отыратын кейбір оқушылар сенімді болып, өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айта бастады. Оқушылардың өзін-өзі реттеуі, ізденісі көбейді. Әрине, баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді. Бастапқыда оқушылар үшін бұл қиындық туғызғаны да жасырын емес.

10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәніне арналған «Жұмыс дәптерінде» әр тақырыпқа берілген тапсырмалардан соң, рефлексияға орын қалдырған. Міне, осы тұста оқушылар қиналыстарын білдіріп жататын. Бұл заңды да еді. Біз, өзіміз де, көбінесе, талдауды жүзеге асырғанбыз да, жинақтауға аса мән бермегенбіз. Ол бар салада осылай болып келді. Бала екеш бала да ойыншықты шашып тастау, яғни, бұзып тастауды оңай жүзеге асырады да, керісінше құрастыруға қиналады. Сондықтан өсе келе де бүтінді бөлшектейді де, ал бөлшекті басқаша етіп құрастыруды да игере алмайды. Бұл саясаттан да болған шығар деп те ойлаймын, кейде. Анализ дегенді жақсы түсіндік те, синтездеуді білмедік қой. «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы» деген осы шығар. Әріптестеріміздің сабағына қатыссақ та, талдағымыз келіп тұрады. Тырнақ астынан кір іздеп, мүлт кеткен тұсын аңдып отырғандай көрінеміз. Осы сабақтан өзім не үйрендім, мен өткізсем қалай басқаша құрастырар едім, ең бастысы, оқушылар әрекеті, білім сапасына әсері қалай болды, оқушы үніне құлақ түрелік, оқушы деңгейімен баға берейік дегенді енді қолға алып келеміз. Байқайсыз ба, менің жаңа форматтағы мұғалім болып қалыптасуыма рефлексияның қаншалықты әсер етіп жатқанын?! Мұнан менен гөрі оқушының, болашақ иесінің ұтары мол болып отыр. Себебі, олар келешекте әрбір ісіне есеп бере алатын, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ой елегінен өткізетін, өз әрекетіне жауап бере алатын адам болып қалыптасады, яғни, психикалық қызметінің өзгеруіне рефлексия арқылы ықпал етудеміз.

Ал, енді өз басым, мұғалім ретінде, оқушыларға уақыт бере отырып, олардың ойларын, пікірлерін шыдамдылықпен тындауға дағдыландым. Әдебиет сабақтарында оқу материалының ауқымды болуына байланысты әңгімелесу көбіне мұғалім мен жақсы оқитын оқушы арасында жүретін. Сабақ барысында тек сыныптың көшбасшысы ретінде жақсы оқитын оқушылар ғана сөйлеп, гуманитарлық пәндерге қызығушылығы төмен оқушылар сөйлемей, ескерусіз қалатын.

Сабақ барысында оқушылар алған білімдерін өз беттерімен қорытындылап, өмірде пайдалануға бағыт алды деп ойлаймын. Ал өзім осы сабақтарды өткізу барысында іс-тәжірибем туралы, өткізген сабақтарым туралы сыни ойлай отырып, рефлексия жасауға үйрендім.

Міне, білім беру жүйесіне жақсы жағынан өзгеріс енгізудің тағы бір толқыны үдеріске қосылды. Оның бірі – мен.

«Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - дейді Елбасы Н.Назарбаев 2014 жылғы Жолдауында.

Иә, «Жай мұғалім түсіндіреді, жақсы мұғалім көрсетеді, керемет мұғалім жасатады, ұлы мұғалім шабыттандырады,» - демекші, оқушыларымызды шабыттана ой толғауға, сындарлы ой ойлауға, әріптестерімізге ой қозғауға өзіндік ізденісіміз арқылы ықпал етпекпіз.



**Г.ТАСҚАЛИЕВА,
№3 ЖОББҚМ.**

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақала ауылы

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. ҚЫЗЫЛ КІТАП

Мақсаты: «Қызыл кітап» поэмасын оқыту арқылы идеясын түсінуі, оқушының шығарманы көркем сезіммен қабылдауы, мәтінмен жұмыс жүргізуі, сөйлеу дағдысын қалыптастыруы, тақырып оқиғаларын салыстыруы. Көрнекі құралдар: слайд, ақын портреті, қосымша мәліметтер, интерактивтік тақта. Түрі: жаңа білімді меңгерту. Әдіс-тәсілдері: сын тұрғысынан ойлау мен дамыту технологиясы, «Алтын балық» әдісі, топтық жұмыс, талдау, пікірлесу. Күтілетін нәтиже: өз беттерімен кез келген тапсырмаларды орындай білуге машықтанады. Бір-біріне көмектеседі. Оқушылар өздерін еркін ұстай отырып, ойларын тиянақты жеткізеді, тапқырлық қасиеттерін шыңдайды.

Сабақтың барысы: психологиялық дайындық.

Амандасу- салтымыз, қошеметтеу - парқымыз!

Сәлем - сөздің атасы

Әркімнің бар санасы

Ізетпенен баршаға

Тілек тілеп қарашы! Сәттілік, бестік баға, жақсы күн тілеймін! (Тілекті балалар жалғастырады.)

Қызығушылығын ояту.

«Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі.

Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады.

Топтық жұмыс.

1-тапсырма. Осы поэманың идеясын ашып көрейікші, кімнің қандай пікірі бар? Ой бөлісейік!

- Бүгінгі тақырыбымыз: Қадыр Мырза Әлі. «Қызыл кітап» поэмасы. (2мин.)

Мағынаны тану. Оқулықпен, мәтінмен жұмыс. Поэмадағы таныс емес сөздерді теріп жазыңыздар.(5 мин).

2-тапсырма. Түсіндірме сөздікпен жұмыс:

Ондатр - бағалы су жануары;

Лама- түйенің бір түрі;

Ілбісін- мысық тұқымдас жыртқыш аң;

Дронт - ұшпайтын құс (суретін көрсету);

Онагр- есек тәрізді сүт қоректі жануар;

Тарпаң- жабайы жылқы.

3-тапсырма. I топ. Аң-құс атауларын топтастыру.

II топ. Поэмадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін бес жолды өлеңмен көрсет.

Кейіпкерлер аңдар.

1. Зат есім.

2. Сын есім.

3. Етістік.

4. Сөйлем.

5. Синоним.

III топ. Поэмадағы түйінді ойды тап.

Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ, құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!

Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.

Солқ - солқ етіп жылайды

Опат болған

Перзенттерін еске алып,

Жоқтайды жер.

Мұғалім сөзі:

Отыра алмас ұл шыдап,

Қызың шыдап.

Жоғалғандар тізімі - ұзын шұбақ.

4-тапсырма. Адамзатқа хат. (музыка «Хайуанаттар әлемі»)

5-тапсырма. 3 топқа да ортақ тапсырма. Оқушылар алдарындағы тапсырманың мазмұнын ашады. (Мұғалім Қызыл кітап туралы мәлімет береді, мониторинг көрсетеді. Қызыл кітап анықтамасын шығару)

Әр топ лидерлері өздерінің топ мүшелерін бағалайды. Қорытынды бағаны айтады. Бағалау өлшемдері жазылған парақшалар.

Рефлексия. Оқушылар «Қызыл кітапқа» деген тілектерін жапырақтарға жазып, мәуе ағашына жапсырады.

Плакат

Стикер

Сабақты бекіту: Толғаныс. Автор орындығы

Мұғалім. Оқушылар, ортадағы мына отырғыш

автор орындығы деп аталады. Бұнда «Қызыл кітап» поэмасына еніп, оқырмандар қойған сұраққа жауап беруіміз керек. Қане, кім «Қызыл кітап» болғысы келеді.

(Бір оқушы ортадағы орындыққа отырады.)

Үй тапсырмасы: «Қызыл кітап» поэмасы туралы қосымша мәлімет жинау.

III. Толғаныс. Қорытынды сөз.

Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,

Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда.

Жоқ! Өлмеймін!

Правом жоқ өлуге,

Сөз сыйлайтын халқым аман тұрғанда!

**Б.ШАРИПОВА,
№3 ЖОББҚМ.**

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақала ауылы

АБАЙДЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

Мақсаты: А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қорытындылау. Поэманың мазмұнын талдай отырып, негізгі тақырыбы мен идеясын таныту. Кейіпкерлеріне мінездеме жасау. Поэманың сюжеті шығыстық болғанымен, мән-мағынасы Абайдағы өзекті ойдан келіп шыққанын меңгерту. Ұлы ақынға құрмет, шығармалары арқылы балалар бойына адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Оқушыларды жаман мінез-құлықтардан, іс-әрекеттерден сақтандыру. Әр оқушының сын тұрғысынан ойлап, ой қорыта және қорғай білуіне қол жеткізу.

Көрнекіліктері: «Абай елі» фото кітабынан шығыс ғұламаларының суреттері: Физули, Низами, Фирдоуси; бүктеме, слайд, кітаптар.

Сабақтың өту әдісі: сын тұрғысынан ойлау, қате жіберу, қатені тап, микрофон, талдау жасау, сұрақ-жауап, ассоциация.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Сабақтың жоспары:

Психологиялық тренинг.

I. Қызығушылығын ояту: сөзжұмбақпен жұмыс.

*Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құба жон, құбақан құм, құла қырда
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?
Абайдың суретін көрсету арқылы
«Мына тұрған Абайдың суреті ме,
Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?»*

-деп жыр алыбы Жамбыл айтқан екен деп сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

Абай шығармашылығы	Өлеңдері мен күйлері	Қара сөздері	Аудармалары	Поэмалары

«Қатені түзет» әдісі арқылы оқушылар ауызша жіберілген қателерді түзейді.

-Қандай әлеуметтік мәселелерді толғады?

- Абай өлеңдеріндегі ғылым мен білім туралы ойларына байланысты не айта аласындар?

«Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат»-дегенде, нені меңзейді?

Татулықты, жолдастың қадірін түсіну, кез келген адамның қолынан келе бермейді, достықта сатқындықтың да орын алатындығын айтады, адамды, адамзатты сүю деген ұғыммен парапар.

Аудармалары. «Қатені жіберме» әдісі арқылы оқушылар ауызша жіберілген қателерді түзейді.

- Кімдерден аударды? Халықтың өміріндегі жағымсыз іс-әрекеттерді әшкерелей білді. Қандай әндері бар? Неше күйі бар? «Торжорға», «Май түні», «Майда қоңыр»....

- Қарасөздер дегеніміз қандай туынды? Қай жылы жазды? Бірінші қара сөзін қандай мақсатта жазды? Абай қара сөздеріндегі негізгі мәселе не деп ойлайсындар?

Тақырып жағынан бірнеше топқа бөлуге бола ма?

«Толық адам» деген тіркесті қалай түсінеміз? Ел де, заман да түзу, кемел болады.

Қарасөздері бойынша «Галереяға саяхат» әдісімен жүректен шығатын қасиеттерді Абай болжаған кемел адам белгілерін айқындайық. Жүрек сызбасына көрсету. Абай насихаты-Ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу.

- Жақсы, балалар, Абайдың неше поэмасы бар?

Поэмалары қалай аталады?

Біз, бүгін сол поэмалардың бірі «Ескендір» поэмасын талдаймыз.

-Жалпы, балалар, поэма дегеніміздің өзі не?

-«Поэма»-грек сөзінен шыққан, «туынды» деген мағынаны береді, өлеңмен жазылады.

Жаңа сабақ.

Сабақ эпиграфы

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,

Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!

Ұятың мен арыңды малға сатып,

Ұятсыз иман жоқ түпке жетер, -бұл Абай Құнанбайұлының қай шығармасынан алынған үзінді?

«Ескендір» поэмасының сюжетін алғаш рет неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті ғалымы болған француз Алберт фон Шамиссо(1781-1838) сюжетті Талмудтан алған, Шамиссодан В.А.Жуковский 1844 жылы аударды. Мұнда А.Македонскийдің қырып-жоюы туралы жырлайды. Бұл сюжет Абайды да қызықтырады. Абай сюжетінде өзгеріс бар.

Поэмаға Ескендірдің аты-жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын, Ескендірдің ұстазы, тәрбиешісі болған Аристотельді қосады.

«Ескендір»-Абайдың гуманистік көзқарасын тереңірек танытатын елеулі сюжетті туындысы. Шығыс елдеріне Ескендір Зұлқарнайын деген атпен тараған, Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі қолбасшының өмірі жайлы аңыздар негізінде жазылған.

Ақын Ескендірдің өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық саясатын сынауға ауысады. Сол себепті кіргізеді. Әңгімеде жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін көрсете келіп, әділдік, даналықты соған қарсы қояды. Қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақтарды ақылға шештіреді.

«Бұл-адам көз сүйегі»,-деді ханға.

Тоя ма адам көзі мың-мың санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр, көзге құм құйылғанда.

Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Аристотельдің даналық сөзі қанағатсыз Ескендірге ой салады, ол алған бетінен қайтады.Сөйтіп, ақын Аристотельге Ескендірді бағындырып, жауыздықты әділетке жеңгізді.Оқиға әділдік пен жауыздықтың бетпе-бет кездесуіне түйіседі де, кейіпкерлердің мінез құлқы, іс-әрекеті біртіндеп ашылады.Поэманың бас кейіпкері Ескендір шығармадағы оқиға арқауы болып, оның өн бойында көрініп отырады. Аристотель соңында ғана көрінеді.Ақынның өсиет-үлгілік қорытындысы Ескендір екеуінің сөздері мен іс-әрекетінен шығарылады. 42 шумақты.

- Поэманы үйден оқып келгендіктен, талдау сатысына шығамыз.

-Ақынның поэмасына негізгі арқау болған тақырып не?

Негізгі тақырыбы-Ескендір.

Әділдік пен жауыздық арасындағы тартыс.

Поэманы алты бөлімге бөлу арқылы мазмұнын жеткізу.

Ескендірдің іс-әрекеті-әскер жиып қарулану, жауға аттану, қырып жою, қаласын тартып алу.

«Қытайша ет» (Китайский десерт) әдісі арқылы жоспар құру, тексеру, бағалау.

1. Ескендірдің тегі, патшалығы, жорықтары.

2. Жорықтағы бұлаққа кездесуі.

3. Ескендірдің бұйрығы.

4. Қақпаға кездесуі.

5. Күзетшінің сөзі мен сыйы.

6. Аристотель шешімі. Өсиет, ақыл сөз.

Өсиет- айтылатын уағыз, келелі кеңес түріндегі өлең. Адамды парыз бен міндетті, ерлікті, елдікті тұжырымдап айту.

Поэмадағы кейіпкерлерді сызба арқылы көрсетіп, мінездеме беру.

Образдар: Ескендір, Аристотель, мифологиялық образдар (табиғат, жұмбақ бұлақтар, алтын қақпа, күзетші, орамалға түйген сүйек) Ел жаулағыш

Көрсеқызар

Сөздерді табу

Баққұмар Қызғаншақ

Қанішер

Тойымсыз Қанағатсыз

Ашуланшақ

Мақтан сүйгіш

гуманист

Энциклопедиялық еңбектердің авторы ақыл иесі

Әділ

байсалды

ғалым

гректің ойшылы

Ескендірдің тәрбиешісі

Поэмадан кейіпкерлер бейнесі ашылатын жолдарды тауып оқу. Диалог сөздерді табу. Күзетші мен Ескендір диалогін оқыту. Ескендірдің психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? Тауып оқы. (Оқулықпен жұмыс)

Әдеби-теориялық ұғымдар.

1. Дария суындай -теңеу.

2. Қол, әскер-синоним.

3. Ел, халық-синоним.

4. Патша, хан-синоним.

Түсіндірме сөздік:

1. Хакім - ғалым.

2. Данышпан - оқымысты.

3. Иман - дін, Алланы мойындау.

4. Ғибрат - үлгі.

5. Нәпсі - құмарлық.

6. Араны -көз тоймау.

«Еркін жазу» стратегиясы. «Қанағат қарын тойғызар» «Автор орындығы» стратегиялары.

Бекіту: Абайдың ойынша халықты қандай адамдар басқару керек?

Осы поэмадан қандай қорытынды шығаруға болады?

Ашкөзденуден сақтану Ойланып іс-жасау

Пенделіктен арылу

Қанағат етуИманды болу

Күлкішілдіктен сақтану

«Броун қозғалысы» әдісі арқылы сұрақтардың жауаптарын іздеу.

Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,

Жанабұлақ ОЖББМ.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

Жаңақала ауылы

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ. АР-ҰЯТ

Сабақтың өту әдісі: баяндау, сұрақ - жауап, топтау, ой жинақтау, көрнекіліктер мен жұмыс, талдау. Міндеттері: білімділік- жерлес ақиық ақынымыздың өмірі мен шығармашылық жолынан мағлұмат беру; дамытушылық-тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін, ізденімпаздық деңгейлерін дамыту. Туған жерді қадірлеп, сүйе білуге жұмылдыру; тәрбиелік: сабақты халықтық педагогикамен байланыстыра отырып, Абайша айтқанда Толық адам тәрбиелеу. Адамның бойындағы ең жоғары қасиет ар - намысты жоғары қоятын жеке тұлға тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: Тарих, қазақ тілі, география, өлкетану.

Өту барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ түсіндіру.

IV. Қорытындылау:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан.

Анық төмен болмай ма хайуаннан?

Ынсап, рақым, ар, ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Ынсап - ұят, ар - намыс, сабыр, талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап.

Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Абай Құнанбайұлы.

1920 жылы 5 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданындағы Жыланды ауылында туған.

Әр бала жатқа білетін, қазақ рухын асқақтатқан “Мен

қазақыпн” дастанын жазған дара тұлға ұрпағына өлмес мұра қалдырды.

“Жесір тағдыры”, Айттым сәлем”, “Қыран дала”, ”Сел”, ”Байқоңыр баспалдақтары” т.б. дастандары, том-том туындылары, Жұбан Молдағалиев атын ғасырдан-ғасырға жеткізе береді.

Біз, ұрпақтары, Жұбан аға есімін Қазақстан мен ҚСРО Мемлекеттік сыйлықтарының иегері болғаны үшін емес, біртуар ірі Қазақ болғаны үшін ардақтаймыз.

Бүгін, біздер, Жұбан ағамыздың “Ар - ұят ”туралы өлеңімен танысамыз.

- Балалар, ар, ұят, намыс, ождан дегенді қалай түсінесіздер?

- Ар, намыс, ұят туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер айтып көрейік.

1. Әрлі болғанша, арлы бол.

2. Ұялмаған арын жейді.

3. Ұлдың ұяты – әкеге,

Қыздың ұяты – шешеге.

4. Арынды жасыннан сақта.

5. Өлімнен ұят күшті.

1. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу.

2. Өлеңнің мазмұнын талдау.

3. Өлеңге талдау жасау.

Өлең тармақтардан тұрады. Оны өлең жолдары дейміз.

Әр тармақ бунақтардан тұрады. Бунақ дегеніміз тармақтардың ырғаққа бөлінуі. Бунақты буын жасайды. Өлең тармақтарының санына қарай шумақ шығады. Қазақ өлеңі көбіне 4 тармақтан тұрады. Әр тармақтың аяғындағы буындар үндестігінен ұйқас шығады. Анафора – өлең тармақтарында белгілі бір сөз немесе сөз тіркесінің жол басында қайталану. Эпифора – өлең тармақтарындағы белгілі бір сөз немесе сөз тіркесі жол аяғында қайталануы.

Ұятпен надандық өлшенеді,

Ұятпен адалдық өлшенеді,

Ұятпен арамдық өлшенеді.

«Ажалдан әркім - ақ бір өлер,

Ұяттан бір емес, күнде өлер.

Ұят ол – өлімнен күшті» деп,

Ұятқа ежелден түнеді ел.

Жігіт пен қарияның айтысы:
Қазақ қарт. Ол ұят!
Автор: - деді сол қазақ қарт, -
Қазақ қарт: - Өлсең де ожданнан безінбе!..
Автор: Жас жігіт күлді оны мазақтап:
Жігіт: - Ұятың нан болса, езіп же.
Қазақ қарт: - Жеп келем, жеп келем туғалы
Адам боп жүргенім сондықтан, -
Автор: Деп қария тепсініп тулады.
Өттең тек жігіт жоқ оны ұққан.
Жігіт: - Мен емес ұят деп өлетін,
Автор:- деп жігіт айтысты тұжырды.
Қазақ қарт:- Сен де бір өліксің ендеше,
Тірі боп жүрсең де санақта.
Адам ол өледі мен десе
Ұяттан айрылған сағатта.

1. Бұл өлеңнің мазмұны не туралы?
2. Жігіттің өзінен үлкен адаммен айтысуы дұрыс па?
3. Адамның қандай адамгершілік қасиеттерін білесіздер?
4. Сіздер үлкен адаммен айтысар ма едіңіздер?
5. Жігіт дәрекі сөздер қолданған ба?

1991 жылы мамырайында Құрайлысайда Ж. Молдағалиевке ескерткіш орнатылды. Оның ашылу салтанатына Қ. Мырза Әлі, А. Бақтыгереева, ақынның жұбайы Софья апай мен ұлдары Қуандық пен Азамат қатысты.

Төбіреніп тобылғы мен тораңғы
Туған жердің шуағына орандың.
Азамат боп кетіп едің бір кезде,

Ауылыңа ескерткіш боп оралдың! - деп Қадыр Мырза Әлі “Ақын рухымен сырласу” өлеңінде толғаса, Ақұштап Бақтыгереева “Халқым, өмірге Жұбанша биіктен қараңдар, үлкендерді Жұбанша сыйлаңдар, Жұбандай әулие ұрпақ өсіріңдер!” - деп саликалы сөзін жиналғандарға арнаған.

Суырып салма ақын Сағынтай Бисенғалиев сол салтанатта Болады бүгін қалай жырым мұңды
Бейнеңе қарап тұрып сыр ұғындым.
Өлеңнің өлкесінде қыран едің,
Тауыпсың туған жерде тұғырыңды -
деп жүрекжарды арнауын арнады. Қорытындылау.

С.СЫҒАЙ,
«Сарыжаз орта мектеп мектепке
дейінгі шағын орталығымен және
Ақбейіт бастауыш мектебімен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. **АҚСАҚ КИІК**

Мақсаты: білімділік-оқушыларды С.Сейфуллиннің өмірі, шығармашылығымен таныстыру. «Ақсақ киік» өлеңінің идеясымен таныстыру, құрылысына талдау жасау; дамытушылық-оқушының ой-өрісін дамыту. Ізденушілікке дағдыландыру. Пәнге деген қызығушылығын арттыру; тәрбиелік-табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ұлтжанды болуға, Отанын, елін сүйеу тәрбиелеу. Көрнекілігі: С.Сейфуллиннің портреті. Тірек-сызба, Қазақстан картасы, жануарлар суреті. Пәнаралық байланыс: тіл, география, биология. Түрі: жаңа білімді меңгерту. Әдіс-тәсілдері: баяндау, түсіндіру. Сатылай кешенді талдау, топтастыру, әңгімелеу.

Сабактың барысы: I. Ұйымдастыру:

А) Сәлемдесу; Ә) Реттілікке көңіл бөлу; Б) Түгелдеу; В) Сабакқа әзірліктерін тексеру.

II. Білімдерін тексеру.

1. «Ой шақыру» стратегиясы.

III. Жаңа білімді меңгерту.

Бәйтерек ағашы туралы не білеміз?

Бәйтерек киелі ағаш саналады. Көкпен таласа ұзақ жылдар өсетін болғандықтан, халқымыз батырларының еңбегін бағалап, «Бес арыс», «Үш бәйтерек» деп таныған. «Абайдың інілері, қазақтың ірілері» деп ақын жырлағандай, бүгінгі сабағымызда С.Сейфуллиннің өмірі, шығармашылығымен танысамыз. Экраннан Қазақстан картасы көрсетіліп, С.Сейфуллиннің туған жері таныстырылады.

Сәкен Сейфуллин 1894 ж. қазіргі Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданында туған. 1905-1908ж. Нилдідегі орыс-қазақ мектебінде 1908-1910ж. приход мектебінде 1910-1913ж. Ақмоладағы қалалық училищесінде 1913-1916ж. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1914жылы «Өткен күндер» деген атпен Қазанда басылып шығады. Өмірлік шындықты ашатын «Кел, жігіттер», «Тұлпарым», «Сағындым», «Қамаудан», «Адасқандарға», «Шаһид болған достарыма», «Түрмеден қашып шыққанда» өлеңдері бар. Ақын драмалық шығарма жазуда да көп еңбек етеді. «Бақыт жолында» драмалық шығармасы 1917 жылы жазылып, 1920 жылы Орынборда басылып шығады. «Қызыл сұңқарлар» драмасы 1922 жылы Орынборда басылып шығады.

Поэмалары: 1924жылы «Домбыра», 1926жылы «Экспресс», 1929жылы «Көкшетау», 1933жылы «Альбатрос», 1934 жылы «Қызыл ат». Прозалық шығармалары: «Жезқазғандар», «Айша» повесі, «Тар жол, тайғақ кешу» романы.

Табиғатты қорғау, табиғаттың әсемдігі тақырыбындағы «Аққудың айырылуы» поэмасы, «Ақсақ киік» өлеңі бар.

2. «Мағынаны тану» стратегиясы. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнымен таныстыру.

Жоспар: 1. Бетпақ дала табиғаты. 2. Сұлу бөкен. 3. Төнген қауіп. 4. Жаралы киік. 5. Мейірімсіз мерген.

«Ақсақ киік» өлеңінде шөл даланың сұлу жануары-киік жөнінде айтылады. Киік Сарыарқада мекендейді. Сарыарқа-Орталық Қазақстанды алып жатқан аймақ. Батыс пен шығысқа дейін 1200км өңірді алып жатыр.

Экраннан Қазақстан картасы көрсетіліп, Сарыарқадағы Бетпақдала таныстырылады.

Бетпақдала-Сарыарқада орналасқан. Батысы-сазды, шығысы-құмды, тасты, шөлді жер. Киік осындай шөлді мекендейді. XXғ. басында киік саны күрт азайып, бұл киелі жануар «Қызыл кітапқа» алынған екен. С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі де осы жайлы. Қысы-жазы ел болмайтын Сарыарқаның Бетпақ даласында киіктер мекендейді екен. Шөлді мекен еткен екі көзі мөлдіреген жануарды атып, мүйізін саудалап та жатады екен. Бетпақ далада жалғыз киік келе жатады. Шыбын жанына пана іздеп, аппақ денесі қызыл қанға боялып, анда-санда тоқтап есін жиып алып, қайтадан

аяндайды. Осындай сұлу жануарды қандай мерген көзі қиып атты екен? Мұңын шағуға, жан-жарасын айтуға тілі жоқ, оның шыбын жанының қиналғанын мөлдіреген екі көзінен-ақ білуге болады. Сұлу денесі қанға боялған күйі әлсіреп жығылады.

Экраннан киіктің әсем суреті көрсетіледі.

IV. «Ақсақ киік» өлеңін сатылай кешенді талдау.

1. Авторы – С.Сейфуллин 1894 ж. қазіргі Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданында туған ақын, сазгер, драматург, қоғам қайраткері. 2. Тақырыбы- «Ақсақ киік». 3. Жанры – поэзия. 4. Идеясы- табиғатты қорғау. Жан-жануарларды аялау. 5. Шумақ саны – 17. 6. Тармақ саны – 68. 7. Буын саны-11. 8. Бунақ саны-3.

Арқаның /Бетпақ деген/ даласы бар. а

Бетпақ –шөл/ойлы-қырлы/ панасы бар. а

Сол шөлде /ел жоқ, күн жоқ/ өсіп-өнген, б

Жәндіктің /киік деген / баласы бар. а

9. Ұйқас түрі – қара өлең ұйқасы. а а б а

10. Әдеби-теориялық ұғымдар:

Метафора – ақ бөкен –сахараның бота көзі.

Эпитет-әдемі танау, байғұс бөкен, ақсақ киік, қара жер, ақ дене, қызыл қан, қураған шөл, қоңылтақ жел, мөлдіреген көз.

11. Өлеңнің түйіні –«Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау!

Дәл көздеп жүрегінен атқан мерген.»

4. «Түргіп алу» стратегиясы.

Оқушылар таныс емес сөздерді белгілеп отырады.

Экранға сөздік жазылады.

Сөздік:

Таңы - жануардың әсем, сұлу мүсіні;

Қу баялыш – шөп атауы;

Сегіз көштік – ұзындық өлшемі;

Қос – шатыр, күрке;

Бетеге – шөп атауы.

5. «Ой-толғаныс» стратегиясы. Венн диаграммасы.

С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі мен I.Жансүгіровтің «Күй» поэмасын салыстырып, ортақ қасиетін табу.

V. Қорытындылау. Инсерт картасын толтыру.

VI. Білімдерін бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру.

Б.МАЙЛИННИҢ «ТҮЙЕБАЙ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПкерлерге МІНЕЗДЕМЕ

Мақсаты: білімділік-әңгіме мазмұнын пайдаланып, кейіпкерлерге мінездеме беруге дағдыландыру, ойын жүйелі, әдеби тілмен жеткізуге машықтандыру; тәрбиелік-мейірімділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу; дамытушылық-ой-өрістерін, қиялын, тіл байлықтарын, сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу шеберліктерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Көрнекілігі: слайд, шағын көрініс, үлестірмелі қағаздар, түрлі-түсті қаламдар. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, драмалау, топтастыру. Түрі: аралас сабақ. Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі. Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: топқа бөлу, белгілі тақырып бойынша өлең, ой-толғау дайындау. Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру: сабаққа көңілдерін аудару: Эпиграф оқу. Сабақты Б.Алтынсаринның өлеңімен ашу:

«Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!»

II. Үйге берілген тапсырманы тексеру:

1. Б.Майлин өмірінен;
2. «Түйебай» әңгімесі бойынша түсінік.

III. Жаңа сабақ: Кейіпкерлерге мінездеме.

1. Кіріспе: Ой шақыру: Көрініс – «Молданың сабағы»
2. Негізгі берілетін ұғым: Мәтін мазмұнын басшылыққа ала отырып, басты кейіпкерлерге мінездеме беру (топтарға тапсырмалар тарату).

1-тапсырма. Балаға неге «Түйебай» деп ат берілген, өз ойың? Мәтінді пайдаланып, Түйебайға толық мінездеме бер. Әңгімедегі оқиға мен қазіргі оқуды салыстырып, өз ойыңды ортаға салып көр.

Түйебайға хат.

2-тапсырма. Ауыл неге «Қоржын томар» аталған?

Мәтін мазмұнына сүйеніп, молдаға мінездеме бер.

Молданың қылықтарын өз ұстаздарыңның әрекетімен салыстырып, әңгімеле. Өлең «Дүмше молда».

3-тапсырма. Ауыл балаларының жұмыртқа іздеуінің себебі неде? Әңгімеші балаға мәтін мазмұнына сүйене отырып, мінездеме бер.

Түйебай өлімші болып таяқ жегенде әңгімеші баланың таяқтан аман қалуының себебін мәтіннен мысал келтіре отырып әңгімеле.

Ой толғау «Кім кінәлі?» Есті шынықтыру жаттығуы: «Бейімбет» сөзжұмбағы.

1. Түйебай нені іздеймін деп сабақтан кешікті?
2. Түйебайдың әкесі кімнің малайы болды?
3. Молданың Түйебайға айтатын екі сөзінің бірі?
4. Әңгімеші баладан ағасы неше жас үлкен?
5. Молданың қаламнан кейін қолданатын құралы?
6. Көшкен үйдің саны.
7. Түйебайдың шешесі кімнің малын сауды?
8. *Алғаш* сөзінің синонимі?

Қорытынды. «Сабақтан алған әсерім».

Бағалау. Үйге тапсырма: 1. Түйебайдың тағдыры, Түйебайға хат; 2. «Тәуелсіздік жемісі» тақырыбына шағын шығарма.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ. ҚАМАР СҰЛУ

Мақсаты: жазушының өзі өмір сүрген кездегі қазақ әйелінің теңсіздігін шығармасына арқау ете отырып, сол дәуірдегі қоғамдық шындық оқушының ұғымына жеткізіледі; өмірде жақсы мен жаманды ажырата білуге, әділетсіздікті болдырмау үшін жол тауып, онымен күресуге, айналасындағыларға бақыт сыйлауға тәрбиеленеді; дұрыс шешім қабылдап, ойларын нақты, дәлелді, дұрыс жеткізе білуге бағытталады. Түрі: сот сабағы. Әдісі: СТО, пікірталас. Көрнекілігі: С.Торайғыровтың суреті, «Қамар сұлу» романы, Д.Әбілев «Сұлтанмахмұт» романы, Б.Кенжебаев «Асқақ арман». Пәнаралық байланыс: әдебиет теориясы, тарих, құқық.

Сабақтың жүрісі: I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, оларды түгелдеу. Шығарманың мазмұнын қысқаша әңгімелету.

II. Әдебиет теориясы.

-Иә, үйге берілген тапсырма-С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы. Роман дегеніміз – эпостық жанрдың жоғарғы түрі. Роман өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды кең қамтып, терең суреттейтін қиыннан қиысқан оқиғалы шығармалар. Оның биік сатысы эпопея деп аталады. (М.Әуезов «Абай жолы»)

Әр шығарманың тақырыбы мен идеясы болады. «Қамар сұлу» романының тақырыбы мен идеясы не?

Тақырыбы – қазақ әйелінің теңсіздігі, сол кездегі Сұлтанмахмұт өмір сүрген уақыттағы қоғамдық

шындық (қалың малға сатып, шалдардың жас қыз алуы, әлділердің әлсіздерге зорлығы, дінмен бастары айналған қазақ халқының ауыр тұрмысы)

Идеясы – жастардың білім алып, өз құқын қорғауы, теңіне қосылып, азат өмірді аңсауы, халқын алға сүйреп, бақытты ету.

III. Ой қозғау.

- Романда жастар бір-бірінен бақыт таба алды ма?
- Жоқ. Жастар қосыла алмады. Қамар қалың малға сатылып, Жорға Нұрымның қолында қаза тапты.

- Неге деп ойлайсыздар?

- Нұрымды сүймеді. Нұрым теңі емес, жасы елуде. Қамар – он бесте. Қамар Ахметті сүйеді.

- Ендеше, Қамардың өліміне кім кінәлі? Соны білейік. Сол мақсатқа жету үшін Сот сабағын жүргізейік.

IV. Көрініс.

Рөлдерде: Сот төрағасы, Хатшы, Айыптаушы, Куәгерлер, Ақтаушы.

Хатшы орнынан тұрып, сот төрағасының келетінін хабарлап, орындарынан тұрғызады.

Сот төрағасы: - Қарастырылатын мәселе – біреу. Он бес жастағы Қамардың өліміне кім кінәлі? Ендеше, осы мәселені шешу үшін айыптаушылар мен қорғаушыларға сөз беремін.

Айыптаушы: -Құрметті, сот төрағасы. Арамыздан өмірден өз бақытына жете алмаған екі жас кетіп отыр: біреуі – 15 жастағы Қамар сұлу, екіншісі – 21 жастағы Ахмет. Қамардың әкесі Омардан шағым түсті. Ол қызының өліміне себепкер болған Жорға Нұрым, Оспан би, Қалтан қажыны айыптайды. Елу жастағы Жорға Нұрымның байлығына қызыққан олар Қамарды әкесі жоқта қалың малға сатқанын, қызының да, өзінің де, ағасының да оған қарсы болғанын, бірақ үстем тап өкілдері жеме-жемге келгенде, жастардың обалына қалғанына дәлелдер келтіреді.

Жорға Нұрым: - Атым – Нұрым, Қамардың құдай қосқан қосағымын. Жасым – елулерде. Қамарды әуелден ұнатушы ем. Ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлуды

кім алғысы келмейді. Құдайға шүкір, мал десе малым бар, байлық десе байлығым бар, болыстығым өз алдына дегендей... Бәйбішем барда Қамарды тоқалдыққа алуға балаларымнан, бәйбішемнен қорықтым. Енді іздегенге сұраған дегендей, бәйбішем қайтыс болған соң, арманыма қол жеткізгім келді. Барлық нәрсені малға сатып алуға болады деп ойлаушы ем... Қамар көнбеді. Зорлық көрсетіп, жігіттеріммен бірге бір түнде алып қашып кеттім. Маған келген соң ауырды. Қаратпаған бақсы-балгерім қалмады. Ол жарықтықтар қолдарынан келгендерінің бәрін істеді. Әкесі қаладан дәрігер әкелді. Кәпір келмегенде...

Оспан: - Иә, Жорға Нұрымды жасына қарамай күйеу қылғаным рас. Бұл – құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы. Шылқымайға кірдім, төбем – жайлау, төсім – қыстау болып есім шықты. «Қыдырдың» бетін қайтармай уәде беріп жіберейін десем, інім Омардың мінезінен қорықтым да, Нұрымға әкесі келген соң хабарын беремін дедім. Бірақ Нұрым қоймаған соң, қырық жылқы, он түйе, бес жүз сом ақшаға Қамарды саудалап, қалың малын алып қойдым.

Сот төрағасы: - Қамардың өліміне кім кінәлі? Жорға Нұрым ба? Әлде Оспан би мен Қалтан қажы ма? Әлде Заман ба?

V. Оқушылардың пікірі тыңдалады. Қамарға хат жазылады.

VI. Қорытынды сөз: - Сендер Жорға Нұрымды кінәладыңдар. Ол да дұрыс. Меніңше, мұның бәріне заман кінәлі. Автор сол замандағы шындықты көрсете келе, жаны күйзеліп отырып, заманына лағнет айтады. С.Торайғыров, бар болғаны, жиырма жеті-ақ жас өмір сүрді. Ол туған халқын, елін сүйді. Сол үшін «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» армандады. Сендер де әділ, шыншыл, елжанды болып, туған елдің дамуына үлес қосыңдар.

VII. Үйге тапсырма: «Арманда кеткен арулар» тақырыбына ойтолғау жазып келу.

VIII. Оқушыларды бағалау.

Б.ҚАЙБАЛДИЕВА,

«№29 орта мектеп.

Ақтөбе қаласы

Т.АХТАНОВ. ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН

Мақсаты: білімділік–оқушыларға шығарма мазмұнын толықтай меңгерту, кейіпкерлер бейнесін ашу, кейіпкерлердің ішкі сарайына, сезім сырларына терең бойлай отырып, жазушының ойын ұғындыру, тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық–әр оқушының ой-қиялына ерік бере отырып, өзіндік ой түйге, пікірін айтуға төселдіру, актерлік шеберліктерін дамыту; тәрбиелік – оқушыларды Отансүйгіштік сезімге, адамгершілік қасиетті жоғары ұстауға, адал достыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. Әдісі: СТО, топпен жұмыс, талдау. Көрнекілігі: жазушы портреті, Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» романы, бейнетаспа. Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа зейіндерін аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Т.Ахтановтың өмірі, шығармашылығы.

III. Жаңа сабақ. Оқушыларды эпиграф арқылы жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру.

«Тахауи Ахтанов кім?» – десе, мен: «Үлкен үшеу: «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін», – дер едім».

Зейнолла Қабдолов.

Сабақ жоспары:

1. Шығарма мазмұнын ашу

2. Сахналық қойылым.

3. Кейіпкерлерге мінездеме

4. Кейіпкер әрекеттеріне көзқарас

1. Мазмұнды ашу. (Үш топ оқушылары алдын ала берілген роман мазмұнын төмендегі тақырыптар бойынша нақты әрі толық ашулары қажет).

I. Назираның отау құруы.

II. Назираның деревняда жан сактауы.

III. Соғыспен арпалысқан өмір.

2. Мазмұнын сахналық қойылым арқылы қорытындылау.

3. Кейіпкерлерге мінездеме беру.(топпен жұмыс)

IV. Сабақты бекіту.

4. Ой қозғау. Менің кейіпкерлерге көзқарасым. (оқушылармен жеке жұмыс)

I. Назираның Қасымбек қазасынан кейін Абанға қосылуы дұрыс па? Дұрыс Бұрыс	
--	--

II. Николайдың Светаны кешірмеуіне көзқарасың Оң Теріс	
--	--

III. Ел басына күн туған заманда бас сауғалап, Отанын сатқандарға көзқарасың Теріс	
---	--

V. Мұғалімнің қорытынды сөзі.

«Шырағың сөнбесін» романында соғыстың неліктен болмауы керектігін, адамзаттың неліктен соғысу үшін жаралмайтынын баян етті. Бастан-аяқ бірінші жақтан, тек кейіпкер көзімен жазылған, кейіпкер болғанда да әйел кейіпкердің көзімен жазылған, оның үстіне қан майданда жүрген әйелдің, оның үстіне аяғы ауыр әйелдің көзімен жазылған роман. Біріншіден, бұл романды талдап шығу үшін бір күн әрине, аздық етеді. Екіншіден, соғыс суреттерін әйелдердің көзімен суреттейтін, сол қанды қырғындағы әйелдердің психологиясын мұншалықты терең бейнелеп беретін мұндай тағы бір роман, қазақ прозасында жоқ. «Шырағың сөнбесін» романы — қазақ әдебиетінің әскери жанрдағы санаулы жәдігерлерінің бірі. Сонау сұрапыл соғыс зобалаңын елестету арқылы бүгінгі бейбіт өмір бесігінде тербеліп өсіп келе жатқан жас ұрпаққа сабақ боларлық шығарма.

Үйге тапсырма беру. Бағалау.

Н.ЕЛЕМЕСОВА,
Шәкәрім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған
үш тілде оқытатын
мамандандырылған мектеп.
Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы

НАРМАНБЕТ **ОРМАНБЕТҰЛЫНЫҢ** **«САРЫАРҚА САЙРАН** **ЖЕРІМ-АЙ» ТОЛҒАУЫ**

Жалпы мақсаты.	Н.Орманбетұлының отарлық езгі, отаршылдық өктемдікке қарсы үн көтерген ақын екенін таниды, «Сарыарқа сайран жерім-ай» толғауын талдайды.
Нәтиже.	Топта жұмыс істеу арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде ізденімпаздық қасиеттері, ойларын жеткізу, сөйлеу дағдылары дамыды, белсенділіктері артты.
Дереккөздер.	Ғаламтор жүйесі (білім беру сайттары), 10-сыныптың оқулығы мен хрестоматиясы, әдістемелік нұсқаулар.
Жабдықтары.	АКТ құралдары(интерактивті тақта, компьютер), слайд, плакат, маркер, постер, бағалау парағы, стикерлер, карта, бағалау белгілері.
Пәнаралық байланыс.	География, Қазақстан тарихы, қазақ тілі, ән.
Әдіс-тәсілдері.	«Мозаика», «Ассоциация», «Болжау», «РАФТ», «Диагностикалық сұрақ», «Көркемдік металды карта», «Бір сөйлем» стратегиясы.
Модульдер.	СТО, АКТ
Тапсырмалар, әрекеттер.	1. Толғау мазмұнын меңгеру. 2. Мағынаны ашу (топтар бойынша тапсырма) 3. Кері байланыс. 4. Рефлексия. 5. Үйге тапсырма.

Барысы. Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал. (2 минут)	Мұғалімнің іс-әрекеті. Ассоциация. Әр түрлі суреттер: қалам, кітап, айна, тау, су, құмырсқа, күн, гүл, бәйтерек, т.б.	Оқушылардың іс-әрекеті. Әр оқушы көршісіне суретті қатыстырып тілек айтады.
Өткен тақырыпқа кері байланыс. 8 минут.	Тапсырмамен таныстырады. Әрекетке бағыттайды. (Нарманбеттің Арқаның ақиық ақыны екенін дәлелдетеді). Формативті бағалау жүргізеді.	Үйде дайындаған постерлерін қорғайды. 1-топ. Нарманбет-акын. 2-топ. Нарманбет-азамаат. 3-топ. Нарманбет шығармаларының басты тақырыптары. 4-топ. Нарманбет өмірі мен шығармаларының зерттелуі.
«Бір сөйлем» стратегиясы. 3 минут.		Әр топ қорытынды ретінде бір сөйлеммен түйін жасайды.
Т о п т а с т ы р у (жаңа топ) 3 минут.	«Сарыарқа» мозаикасы. (өлең шумақтары). Бейнекөрсетілім және «Сарыарқа» күйі.	Тандайды. Топтасады. Тыңдайды.
Жаңа сабақ Тақырыпты айқындау. «Болжау» стратегиясы. Мақсат қою. 2 минут.	Бағыттау: 1. Біз топта қалай бөліндік? 2. Бүгінгі тақырыбымыз? 3. Сабақ мақсатымен таныстырады.	1. «Сарыарқа» өлең шумақтары арқылы. 2. Нарманбет Орманбетұлының «Сарыарқа сайран жерім- ай» өлеңі. 3. Оқушылар өз мақсаттарын қояды, (стикерге жазып, «өзен жиегіне» жапсырады).
Топтық жұмыс. «Сарыарқа сайран жерім- ай» өлеңін талдау. 8 минут+ 10 минут.	1-топ.»Кеше-бүгін» (салыстырмалы карта). 2-топ. РАФТ. «Айтарым бар» (рөлдік ойын). 3-топ. Диагностикалық сұрақ (неліктен?). 4-топ. Көркемдік карта.	Сарыарқаның кешегісі мен бүгінгісін өлең бойынша салыстыра көрсетеді. Сарыарқа бейнесіне енеді. Сол арқылы өз жайынан хабардар етеді (өңір тұлғалары, ерекшелігі,..) Географ-этнограф-тарихшы ретінде өлең бойынша талдау жасайды. Өлеңнің тіліне, құрылысына (троп, фигура, ұйқас) талдау.

Жаңа тақырып бойынша кері байланыс. Сарыарқа образы. 4 минут.	«Сарыарқа сайран жерім-ай» толғауы. (Сарыарқа образы)	Түйін жасайды. Салыстырады. Дәлелдейді. «Сарыарқа сайран жерім-ай» өлеңі бір аймақты ғана емес, бүкіл қазақ жерін қамтыған ұғымды білдіреді. (кластер)
Рефлексия. 3 минут.	Ұсыныс.	Білім нәтижесін саралайды: «өзеннен өтеді», «өзенде» -сурет, стикер.
Үйге тапсырма. 1 минут.	1.Н.Орманбетұлының ғылым-білім, өнер жайлы өлеңдерін мәнерлеп оқып, талдау. 2. «Туған жерім - тал бесігім» тақырыбына ой-толғау жазу. (10 сөйлем).	
Бағалау. 1 минут.	Ілім - ол білім алу, білім - ол өзінді білу. Сен өзінді білмесең - ол жай оқығандық.	Топ басшысы тобындағы оқушыларды бағалайды.

Г.ҚАРЖАУБАЙ,
Миялы орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. ЕҢЛІК-КЕБЕК

(10-сынып)

Жалпы мақсаты	Шәкәрім мұрасын тереңдей оқытып-үйрету, поэманың мазмұнын меңгерту, көркемдік ерекшелігін ашу.
Оқыту нәтижесі	Кейіпкер тағдырына ортақтаса білуі, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып, өзара сыйластыққа үйренуі.
Негізгі идея	Заман талабына сай өз білімін өмірде қолдана білуі.
Дереккөздер және жабдықтар	Интерактивті тақта, қалам, жазу тақтасы, бор, оқулық, хрестоматия, бағалау парақшалары, слайд, стикер, смайлик.
Тапсырмалар	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Көпір» тапсырмалары. 2. Поэма баяндау. 3. Поэманың композициялық құрылысына талдау. 4. Ұқсастық пен даралық. 5. Проблемалық сұрақтар. 6. «Болжам жасау».

Жүргізілетін жұмыс.

Ұйымдастыру кезеңі	Мұғалімнің іс - әрекеті	Оқушылардың іс - әрекеті
--------------------	-------------------------	--------------------------

Психологиялық ахуал қалыптастыру.	Сыныппен сәлемдесу. Сабаққа қатысты тексеру. Топқа бөлу. Бағалау парақшасын тарату.	Мұғаліммен сәлемдеседі. Топқа бөлінеді.
Үй тапсырмасын тексеру.	Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы.	Оқушылар сұраққа жауап береді.
Жаңа сабақ. Қызығушылықты ояту сатысы.	<p>Білу.</p> <p>Өткен істен адамзат бір үлгі алмақ...</p> <p>Естілер көп жазады әңгімені</p> <p>Жазбайды ермек үшін әлденені,</p> <p>Жирентіп жаманынан, жақсыны ұғып,</p> <p>Алсын деп жазады ғой өнегені.</p> <p>Ш.Құдайбердіұлы</p> <p>Поэманың мазмұнын жоспар бойынша баяндау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әңгіме алдында айтылған сөз. 2. Он бесінде Кебектің аты шықты. 3. Алғашқы кездесу. 4. Берілген уәде. 5. Екеуі тәуекел деп кетіп қалды. 	Топ мүшелері жоспар бойынша ретімен поэманың мазмұнын айтады.

Жаңа сабақты бекіту. Мағынаны тану сатысы.	Түсіну. Поэманың композициялық құрылысына талдау. 1. Экспозиция - Кебектің Нысан абызға бал аштыруы. 2. Оқиғаның басталуы - Кебек пен Еңліктің кездесуі. 3. Оқиғаның дамуы - Екі жастың бір-біріне ғашық болуы. 4. Оқиғаның шиеленісуі - Кебектің Еңлікті алып қашуы, нәрестенің дүниеге келуі. 5. Оқиғаның шарықтау шегі - Екі жасты өлтіруге шығарылған үкім. 6. Оқиғаның шешімі - Қос ғашықтың өлімі, сәбидің тауда қалуы.	Топтар өздеріне берілген сұраққа жауап береді.
Сергіту сәті.	Поэзия минуты. Шәкәрімдей ақынның, Өлеңіне жақынмын. -----, Асылы еді халқымның.	Топ мүшелері ақылдаса отырып, үшінші жолды өздері жазады.
	Қолдану. Ұқсастық пен даралық «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмасын салыстыру.	Топтар екі поэманың ұқсастығы мен даралығын табады.

	Кейіпкерлерге мінездеме беру. (Еңлік, Кебек, Кеңгірбай, Нысан абыз)	Кейіпкерлерге мінездеме береді.
	Талдау. Проблемалық сұрақтар. 1. Дастандағы Еңліктің іс-әрекетін қалай бағалайсың? 2. Еңлік пен Кебектің өліміне кім кінәлі деп ойлайсың? 3. Махаббат бар дегенге сенесің бе?	Топтар сұраққа жауап береді.
Жаңа сабақты қорытындылау. Ой-толғаныс сатысы.	Жинақтау. Болжам жасау 1. Сен Кеңгірбай болсаң қандай билік айтар едің? 2. Егер Еңлік пен Кебек тірі болса, олардың өмірі қандай болады деп ойлайсың?	Оқушылар болжам жасайды.
Кері байланыс.	–Мен ойымды айтар болсам... Тамара Асардың орындауындағы Шәкәрімнің «Бұл ән - бұрынғы әннен өзгереді» әнін ұнтаспадан жіберу.	Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.
Бағалау.	«Ашық журнал» әдісі бойынша бағалау.	Бағалау парақшаларын топбасылар талдап айтады.

Д.ШАКЕРБЕКОВА,
«№29 орта мектеп»
Ақтөбе қаласы

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ. «АРҒЫМАҚ», «ҚЫЗ ҚУУ» ӨЛЕҢДЕРІ

Мақсаты	Ақын шығармашылығымен танысып, мағлұмат алады. Өлеңге талдау жасайды. Оқушының сауатты сөйлеу және өз ойын еркін жеткізілуі қадағаланады.
Жұмыс нәтижесі	Қазақ халқының жылқы малы жөнінде ой бөлісіп, тереңірек білетін болады. Жылқының түрлерін, қасиетін есте сақтайды. Өлеңді талдау, мәнерлеп оқуға машықтанады. Топпен жұмысқа үйренеді, ізденеді.
Негізгі идеясы	Сынып оқушыларының топтық тапсырмаларды өз бетінше орындауын бақылау.
Әдістер мен тәсілдер	Топтастыру, СТО стратегиясы, өзін-өзі бағалауы.
Ресурстар	Слайд, таратпа материалдар, стикерлер.
Сабақ жоспары	Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру. Сыныпты 3 топқа бөлу. 1 минут. Оқушылар бір-бірімен сәлемдеседі. 1. Топтың ережесін таныстыру. 1 минут. 2. Топбасшы мен бақылаушы сайлау, олардың міндеттерімен таныстыру. 3. «Ұшқыш тілектері» әр топ бір-біріне тілек жазылған ұшақтар жібереді. Әр топқа сұрақ-тапсырмалар беріледі. 1-топ: Әңгімедегі қарт қайда сапар шегіп келеді? 2-топ: Қарт жолда қандай қиыншылықтарға кездесті? 3-топ: Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталу себебін қалай ұғасындар? II. Жаңа сабақ. Оқулықпен жұмыс. 1. Топтағы оқушылар жазушының өмірбаянын оқып, танысып шығады. 2. «Сөздер сөйлейді» кезеңі. Тақтадағы тірек сөздерді байланыстыра отырып, түсінгендерін баяндау. 1936 жыл 18 мамыр, Алматы қаласы, М.Горький. Өлеңдері, «Қыш кітап», «Аз и Я», «Көгілдір маршрут», «Бабалар жері», «Семей-Невада». 3. «Ой шақыру» кезеңі. «Артығын тап».

	<p>1-топ. құлын, тай, тайлақ, құнан, дөнежін, дөнен, бесті. 2-топ: қазы, айран, қарға, жал-жая, май, қымыз. 3-топ: ер, тұсамыс, қарғы, жүген, доға, үзенгі, мұрындық. Қалай ойлайсындар, бұл аталған заттардың барлығы немен байланысты? (жылқы малымен) Оқылатын «Арғымақ» және «Қыз қуу» өлеңімен байланыстыру.</p> <p>1. Өлеңді дауыс ырғағына салып, мәнерлетіп оқытқызу. Әр топтан бір оқушыдан оқып шығады.</p> <p>2. Өлеңнің мазмұнымен жұмыс.</p> <p>а) Ақын осы өлең арқылы нені көрсетпек? ә) Ақын осы өлең арқылы нені көрсетпек? б) Өлеңнен теңеулерді тауып айтындар. в) «Қыз қуу» ойыны қазіргі кезде бар ма?</p> <p>4. Қабілетті оқушымен жұмыс.</p> <p>1. Қазақ халқының жылқы малын түстеуі, олардың түстері (слайд қорғайды) 2. Түркімен, моңғол, қазақ жылқысын салыстыру. 5. Жеке оқушымен жұмыс.</p> <p>1-оқушы: Жабы туралы түсінік. Байырғы қазақ жылқысының бір түрі. Жабының денесі ірі, басы дөрекілеу, мойыны қысқа, омыраулы, кеудесі кең, жоны жалпақ, сауырлы. Құйрық-жалы ұзын, қалың, әрі етті келеді. Алыс жолға төзімді. Салт мінуге де, жегіге де ыңғайлы.</p> <p>2-оқушы: Адай жылқысы - салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы. Бойы биік, мойыны ұзындау, шоқтығы биік, арқасы түзу, сауыры ұзын әрі солыңқы, аяғы жуан (біраз етсіз) болады.</p> <p>3-оқушы: Көшім жылқы - ет-сүт бағытындағы, мініп-жетуге арналған жылқы тұқымы. Едәуір ірі, бітімі шымыр, басы үлкен, сүйегі берік, жұмысқа төзімді. Түсі қоңыр, торы, жирен, күрең болып келеді.</p> <p>4-оқушы: Қазанат - батырлардың жауынгерлік аты. Қазанаттың дене бітімі ірі, кең кеуделі, шоқтығы биік, құйма тұяқты, басы онша үлкен емес, кең танаулы болып келеді. Мініске берік, шабысқа жүйрік. Қазанаттың «ер аты», «жауынгерлік аты» деп атаған.</p> <p>IV. Сергіту сәті. V. Қорытындылау. Постер құру. 1-топ: Жылқы малының қасиеттері. 2-топ: жылқымен ойналатын ұлттық ойындар. 3-топ: қазақ әдебиетіндегі атақты сәйгүліктер.</p> <p>VI. Үйге тапсырма: Олжас Сүлейменов туралы мәліметтер жинақтау, «Арғымақ» өлеңін жаттау.</p>
Бағалау	Кері байланыс орнату.

Д.ИСАҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы,
Дарьинск селосы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

Сабақ тақырыбы:	Абай Құнанбайұлының «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойың ұят, ар едің», «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңдері
Сілтеме:	Әдебиет оқулығы, қосымша деректер
Түрі:	Блум таксономиясына негізделген сабақ
Мақсаты:	Ақын өлеңдеріндегі мұң мен сырды ұғыну, адами құндылықтардың маңызын жете түсініп, құрметтеуге тәрбиелеу. Шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, ой-өрісін, дүниетанымын дамыту.
Оқыту нәтижесі:	Тақырыпты жете түсіну, жеткізе білу, жаңа білімді өз бетінше меңгеру, қолдану, талдап жинақтау, құндылығын ұғыну. Өздігінен іздену арқылы дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін таныту.
Оқыту әдістері:	Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер (топтық жұмыс, диалогтік оқыту), СТО, АКТ, Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
Қолданылған материалдар:	«Абай Құнанбаев» деректі фильмі электронды оқулық, слайд материалдары, флипчарттар, маркерлер.
Сабақ кезеңдері:	
Психологиялық ахуал туғызу:	«Шаттық шеңбері» тренингін өткізу, «Автордың еңбегін тап» ойыны арқылы топқа бөлу.

Білу:	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Абай Құнанбаев» деректі фильмінен үзінді (Әбдірахман туралы) 2. Сұрақтар: <ul style="list-style-type: none"> - Абайдың болашағынан үлкен үміт күттірген ұлы кім? - Абай неге Әбдірахманға арнап бірнеше өлең жазған? - Абайдың отбасы туралы не білеміз? - Ақын Абайды тағы қай қырынан танып білдік? 3. Тапсырма: <ol style="list-style-type: none"> а) Өлеңдерін мәнерлеп оқу, мазмұнымен танысу. ә) Сөздікпен жұмыс.
Түсіну:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақтар: <ul style="list-style-type: none"> - Өлең түрі қандай? - Өлеңде ақынның қандай көңіл-күйі бейнеленген? - Әке қайғысын сипаттаған қандай шығармалармен таныспыз? 2. Тапсырма: Венн диаграммасы арқылы өлеңді Ж. Жабаевтың «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңімен салыстыру. 3. Қосымша дерек: Ж.Жабаев «Сәлем айт барсаң Абайға» өлеңі.
Қолдану:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақ: <ul style="list-style-type: none"> - Абайдың өлең сөзге қояр талаптары қандай еді? 2. Тапсырма: Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау. Көркемдік ерекшелігін тану.

Талдау:	<p>1. «Абай Құнанбаев» деректі фильмен үзінді (1-бөлім)</p> <p>Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Әке балаға сыншы» деген сөздің мағынасын қалай түсінеміз? - Әкесі Абайдың бойынан қандай мін табуы мүмкін? - Әкесінің Абайды сынға алу себебі неде деп ойлайсыздар? - Қалай ойлайсыздар, Абай Әбдірахманды сынады ма? <p>2. Тапсырма: Ғаламтордан мәлімет іздеу. Абай мен Әбіш</p> <p>Наушабай дейтін кісі жол жүріп келе жатып, Абайдың үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң ол:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Абайжан, өзіңе асыл сөз, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? - деп сұрапты. Абай сәл ойланып отырыпты да: - Менің Әбдірахман деген балам бар еді. Оны тоғыз жасында Семейдегі орыс мектебіне оқуға бердім. Оны бітірген соң, Петерборға жібердім. Қыс оқып, жаз демалысқа үйге келді. Сұрастырып байқасам, оқуы жақсы көрінеді. Баламның алымдылығын сынап білейін деп ойладым да, бір күні жай әңгімелесіп отырып: - Қалқам, Әбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? - деп сұраған едім. Ол іркілместен: - Ақ зат асыл ғой, - деді. - Неге, қара зат асыл емес пе? - дедім мен. Әбіш бетіме қарап күлді де: - Қараны қалай асыл дейсіз? - деді. Мен: - Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе? - дедім,- Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Қараның асылдығына осы дәлел. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне жазған қара сиядан өнер-білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал-шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда шаш-сақал ағарады. Ал, адамда ақыл, білім, қайрат та азаяды, сондықтан ақтан қараны асыл ма деп ойлаймын, - дедім. <p>Сонда Әбіш:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оның бәрін қалай білдіңіз? - деді. - Ақылмен білдім, - дедім мен.
---------	---

	<ul style="list-style-type: none"> - Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе! Екіншіден, ақыл - нұр, жарық зат. О да аққа ұқсамай ма? - деді. Мен баламның тауып айтқан сөзіне риза болып, маңдайынан иіскедім. <p>Жинақтау 1. Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Абай мен Әбдірахман арасында қандай үндестік бар? Себебі не? <p>2. Тапсырма: Әбдірахман моделін жасау.</p> <p>Өлеңге сүйене отырып, Абай іздеген Толық адам белгілерінің Әбіште бар екенін дәлелдеу.</p> <p>Бағалау. Ой толғау. «Абай іздеген Толық Адам кім? Мен кімін?»</p> <p>Кері байланыс. «Білім ағашына» стикерлер жапсыру арқылы сабақтан алған әсерлерімен бөлісу.</p> <p>Бағалау. Өзін-өзі бағалау, топ басшысының, мұғалімнің бағалауы.</p>
--	---

Ә.МҰРАТБЕКОВА,
№4 ЖББОМ.

Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Ақсай қаласы

«КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ЖАЗУШЫНЫҢ СӨЗ ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ

Жалпы мақсат:	Әңгімедегі жазушының сөз қолдану шеберлігін жан-жақты талдау. Шығармашылық қабілетін, таным-түсінігін, сыни ойлау, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын арттыру. Ынтымақтастыққа, тапқырлыққа, ұтымды ой айтуға баулу.
Сілтеме:	1. МАН. 2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. 3. 8-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы. Авторлары: С.Мақырұлы, А.Қыраубайқызы, К.Құрманбай. Алматы, «Мектеп», 2012ж.
Күтілетін нәтиже:	Әңгімедегі жазушының сөз қолдану шеберлігін жан-жақты талдайды. Шығармашылық қабілетін, таным-түсінігін, сыни ойлау, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын арттырады. Ынтымақтастыққа, тапқырлыққа, ұтымды ой айтуға үйренеді.
Негізгі идеялар:	Жазушы тілі оның сөз қолданысынан көрінеді. Олар түрлі көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, шығарманы жандандыра түседі. Біз оқыған «Күй аңыз» шығармасында да ондай тәсілдер өте көп. Олар: диалог, монолог, портрет, теңеу, т.б. Одан басқа ұлттық салт-дәстүр көріністері де шебер қолданылған.

Сабақта қолданылатын материалдар:	1. Постер, маркер, стикер, тақта.	
Оқыту әдістері:	Оқытудағы жаңа әдістер АКТ СТО Дарынды және талантты балалармен жұмыс Көшбасшылық ОҮБ, ОБ Жас ерекшелігіне сай оқыту	1. Диалогтік оқыту. 2. Жеке жұмыс. 3. Топтық жұмыс.
Дереккөздер:	«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, «Білімділер» және «kazmuzik», «adebikz» сайттары.	
Тапсырмалар:	Топқа бөлу. Ой шақыру үшін берілген тапсырма: а/ Суреттер бойынша әңгіме мазмұнын әңгімелеу. ә/ «Нар идірген» күйін және оның ел ішіндегі тағы бір нұсқасын тыңдау.	
	Тақырыпты ашу мақсатына берілетін тапсырма: а/ Топтық жұмыс. ә/ Егер, онда, өйткені. б/ Эссе: «Күй сиқыры». Ойды қорытындылау үшін берілетін тапсырма: Салыстыру. «Бозінген» және «Нар идірген» күйлері. Поэзия минуты.	

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті		
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. (2мин.)	«Гүл сыйлаймын» тренингі. Оқушыларды өнер түрлеріне байланысты топқа бөлу.	Бір-біріне тілек айтады. Топқа бөлінеді, орындарына жайғасады.
II. Қызығушылықты ояту. (7мин.)	Ой шақыру үшін берілген тапсырма. а/ Суреттер бойынша әңгіме мазмұнын әңгімелеу. ә/ «Нар идірген» күйін және оның ел ішіндегі тағы бір нұсқасын тыңдау.	Суреттер бойынша оқиғаларды баяндайды. Тыңдау, пікірлесу.
III. Мағынаны тану. (28мин.)	Тақырыпты ашу мақсатына берілетін тапсырма: а/ Топтық жұмыс. 1- Теңеу және жай сөйлем түрлері. 2- Кейіптеу мен сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне мысал. 3- Ұлттық салт-дәстүр көріністері, салалас құрмалас сөйлемдер.	Топтық жұмысты қорғайды.

	4-Портрет, сабақтас құрмалас сөйлемдер	Топтық жұмыс. Жеке жұмыс.
IV. Қорытындылау. (5мин.)	Салыстыру. «Бозінген» және «Наридірген» күйлері. Поэзия минуты.	Ауызша пікірін айтады. Жеке жауап береді.
V. Үйге тапсырма. (1мин.)	Күй туралы нақыл сөздер жазу, жаттау.	Үй тапсырмасын білу.
VI. Бағалау. (1мин.)	Формативті, топтық бағалау	Топқа бағалау жасайды, «Екі жұлдыз, бір тілек».
VII. Рефлексия. (1мин.)	Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін жазу үшін стикерлер тарату	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын стикерлерге жазу

Б.НОҚАТОВА,
Манашы орта мектебі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

АНТОНИМДЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік-өтілген материалдарды еске түсіріп, қайта жаңғырту, жаңа тақырыпты жүйелі түрде жете түсіндіре отырып, жаңа тақырыпқа сай мысалды оқушының өзіне талдату жолымен ережені өздеріне қорытыту, тақырыпты саналы түрде меңгерту; **дамытушылық** –талдау жұмыстары арқылы білімдерін, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту, ойлау дағдысын, көркем жазу мен сауатты жазу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** - өз ұлтының тілін, рухани байлығын құрметтеу, тапқырлыққа баулу, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс тәсілі: түсіндіру, ойландыру, сыни тұрғыдан оқыту стратегиясы, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: оқушылардың таным қабілеттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған тапсырмалар, интерактивті тақтада слайдтар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық.

Қазақ тілі!
Ол менің ана тілім.
Ләззат – қуат

Сөйлесем табатыным.

Тізілтіп сөз маржанын
Жазғанымда,
Білем анық бағымның
Жанатынын.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не? Мысал келтір.
2. Көп мағыналы сөздер дегеніміз не?
4. Омонимдер дегеніміз не?
5. Туынды омонимдер дегеніміз не?
6. Синонимдер деп қандай сөздерді айтамыз?
7. Зат есімдерден болған синонимерге мысал келтір.
8. Сын есімдерден болған синонимдерге мысал келтір.
9. Етістіктерден болған синонимдерге мысал келтір.
10. Үстеулерден болған синонимдерге мысал келтір.

Сөзжұмбақ.

1. Белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығы (лексика)
2. *Бағалы* сөзінің синонимі (құнды)
3. Белгілі бір тақырыпқа арналған сөйлемдер жиынтығы.
(мәтін)

4. Алыстан бір қара көрінді. Айгүл анасы сыйлаған қара көйлегін кигісі келді. Асты сызылған қандай сөздер?
(омоним)

5. *Білімді* сөзінің синонимі (оқыған)

6. Бір ғана ұғымды білдіретін сөздер қалай аталады?
(синоним)

7. *Күшті* сөзінің синонимі (мықты)

IV. Жаңа сабақ. *Өзіндік ізденіс - білім негізі.*

Интерактивті тақтадан биік тау мен аласа таудың суреті, кактус гүлі мен адыраспан шөбін салыстыру арқылы оқушыларға не түсінгендерін және ереже шығару керектігін ескертемін.

-Балалар, антоним грек тіліндегі *anti* қарсы, *anota* атау

дегенді білдіреді. Ендеше, сіздер мысалдарға сүйене отырып, қандай қорытындыға келдіңдер?

-Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздерді антонимдер деп атаймыз.

-Балалар, антоним мен жұрнақ арқылы жасалатын болымды, болымсыздық мағына бірдей емес. Оларды былайша салыстырып көрсетуге болады.

Антонимдер мағыналар:

жақсы – жаман
ал – бер
сулы – құрғақ
көңілді - қапалы

Болымды – болымсыздық

жақсы – жақсы емес
ал – алма
сулы – сусыз
көңілді – көңілсіз



Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер

мақал – мәтелдердің, жұмбақтардың құрамында жарыса қолданылады

ойды әсерлі, бейнелі жеткізудің оңтайлы құралы

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,

Алдамаған кім қалды тірі жанда?

Алыс – жақын қазақтың бәрін көрдім,

Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

(Өлеңді дауыстатып бір оқушыға оқытамын.)

-Ал, балалар, бұл кімнің өлеңі?

-Абай туралы не білеміз?

-Кім Абайдың бір өлеңін оқып береді?

-Қане, балалар, тақтадағы өлеңнен мағынасы бір – біріне қарама – қарсы болып тұрған антоним сөздерді табайық.

(Дос – дұшпан, алыс – жақын)

Антонимдер сын есім, етістік, зат есім, есімдік, үстеулердің құрамында кездеседі. Тақтадағы сызбаға назар аударыңыздар.

Көп нүктенің орнына антонимдерін ауызша тапқызу.

Антонимдер				
Сын есім	Етістік	Зат есім	Есімдік	Үстеу
Ауыр-жеңіл, кең-тар, ыстық-суық, жас-кәрі, артық-кем, аш-тоқ, арық-семіз, оңай-қиын	Озу-қалу, кету-келу, қону-ұшу, шашу-жинау, ашу-жабу, кіру-шығу, күлу-жылау, сату-алу	Өтірік-шын, обал-сауап, алғыс-қарғыс, бақ-сор, пайда-зиян, жаз-қыс, күн-түн	Анау-мынау, әне-міне, осы-сол	Ерте-кеш, ақырын-шапшаң, жоғары-төмен, алыс-жақын, әрі-бері

Оқулықпен жұмыс.

87-жаттығу.

Әсем, тез, шебер, зор сөздерінің антонимдерін тауып жазыңдар.

Әсем-сүйкімсіз (ұсқынсыз), тез-баяу (жай), шебер-олақ, зор-әлсіз.

Топтық жұмыс.

1-топ. Құрамында антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдер айту.

2-топ. Құрамында антоним кездесетін жұмбақ айту.

3-топ. Құрамында антоним кездесетін жаңылтпаш немесе өлең айту.

Кім жылдам?

88– жаттығу.

● *Мәтінге ат қойыңдар, тақырыптың мазмұнымен байланысын байқаңдар.*

● *Мәтіннен синоним, антоним сөздерді тауып, жеке-жеке топтастырып жазыңдар.*

Рух күші адамды жеңілмейтін етеді: жүректілік – адам ізгілігінің жанары. Жүректі адам ізгілік пен зұлымдықты көзбен көріп қана қоймай, жүрекпен де сезінеді. Ол қайғы, қасірет, адам намысын қорлау сияқтылардың жанынан енжар өте алмайды.

Ер балалардың күші, шымырлығы – ізгілік дәні себілетін топырақ. Ізгілік күшті, батыл, ер жүректі болғанда ғана нәтижелі болады.

(В.Сухомлинский)

Тақырыбы: Жүректілік – адам ізгілігінің жанары.

Антоним: ізгілік – зұлымдық

Синоним: қайғы, қасірет; күш, шымырлық; күшті, батыл, ер жүрек.

V. Сергіту сәті. Күй тындау.

Шығармашылық жұмыс.

Мақал-мәтелдер. *Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, антонимдерді тап.*

1. Өлі арыстаннан тышқан артық. (тірі)
2. Еріншек егіншіден масақшы озады. (елгезек)
3. Палуанға оң, бірдей. (терісі)
4. Ит үрер жақсыға да, да. (жаманға)

VI. Сабақты бекіту.

Сабақты тақтадағы перфокарта бойынша қорытындылау.

Антонимдер	Сын есім	Етістік	Заг есім	Есімдік	Үстеу
күлу-жылау		+			
жаз-қыс			+		
әне-міне				+	
жоғарғы-төмен					+
күн-түн			+		

терең-саяз	+				
ерте-кеш					+
өмір-өлім			+		
кону-ұшу		+			
көп-аз	+				

VII. Үйге тапсырма.

42-беттегі 89-жаттығуды орындау. Берілген сөздердің синонимдес, антонимдес, омонимдес сыңарларын табуды тапсырамын.

Ә.ПІРІМОВА,
№138 Абай атындағы орта мектеп.
Қызылорда қаласы

МАТАСУ (7-сынып)

Сабақтың мақсаты: сөздердің байланысу түрлері туралы білімдерін тереңдету, матасу байланысу түрі туралы түсінік, грамматикалық негізін меңгерту, алған білімін практикалық жұмыспен ұштастыру.

Міндеттері: білімділік-сөз бен сөздің ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуын, өзіндік ерекшелігі мен мәнін, жасалуын бірлесе отырып анықтау, оқыта игерту; дамытушылық-дүниетанымын кеңейту, өзіндік зерттеу арқылы ой қорытуға дағдыландыру; тәрбиелік-пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру.

Типі: жаңа білімді меңгерту.

Түрі: оқыта-үйрету.

Әдіс-тәсілі: проблемалық ізденіс, талдау, ойын, жеке оқушымен жұмыс.

Көрнекілігі: сөзжұмбақ, слайд, кесте.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру: оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабаққа назарын аударту. Қанық түстерді таңдау арқылы оқушыларды топқа бөлу.

2.Үй тапсырмасын тексеру.

а) 245-жаттығу.

ә) Топтық жұмыс. Қиысу байланысу түрі тақырыбында постер қорғау. Топтарды өзара бармақ арқылы бағалау.

3. Өткен тақырыпты пысықтау.

4.Сабақтың мақсатын қою.

Күн ретін, жаңа сабақ тақырыбын хабарлау.

5. Жаңа сабақ.

Еске түсіру.

Тәуелдік жалғау нені білдіреді? Түрлерін ата. Ілік септік жалғауы қандай?

Жұптық жұмыс.

Сызба бойынша сөз тіркесін құра.

Ілік септігіндегі сөз	Тәуелдік жалғаулы сөз
Айманның	кітабы
Оның	арманы
Сіздің	балаңыз
Жазушының	өмірі
Біздің	көше

«**Ойлан. Жұптас. Бөліс**» стратегиясы.

Топтық жұмыс. Құраған сөз тіркесінің бағыныңқы және басыңқы сыңарлары қалай жасалып тұрғандығын анықтаңдар.

Матасудың негізгі белгілері:

● Матаса байланысқан сөздер-ілік септікті сөздер мен тәуелдік жалғаулы сөздер.

● Матаса байланысқан сөздер көбіне есімді тіркес болады.

● Матаса байланысқан сөздердің кейде бірінші, кейде екінші компоненттерінің жалғауы түсіп те жазыла береді.

● Матаса байланысқан сөздердің компоненті көбіне екеу, кейде одан да көп болып келеді.

Топ пікірін «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалау.

Тұжырым жасау. Бағыныңқы сыңары зат есім немесе заттанған сөз ілік септік жалғауында, екінші сөз тәуелдік

жалғауында келу арқылы байланысқан сөз тіркесін матаса байланысқан сөз тіркесі немесе матасу деп атаймыз.

Матасу- ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы.

Матаса байланысқан есімді сөз тіркесі		Матаса байланысқан (заттанған) етістікті сөз тіркесі	
Бағыныңқы сыңар	Басыңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар	Басыңқы сыңар
Ілік септік жалғаулы сөз	Тәуелдік жалғауын қабылдаған зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеуден болады.	Ілік септік жалғаулы сөз	Есімші, тұйық етістік тұлғасындағы етістіктен болады.
менің ойым, оның арманы		Досымның оралуы, әкемнің айтқаны, менің сенгенім	
Тәуелдік жалғауын қабылдаған үстеуден болады.			
Географиялық атаулар мен мекеме, ұйым атауларында ілік септік көбіне жасырын келеді.			

Қолдану.

247-жаттығу.

Менің саяхатым, саудагерінің керуені, т.б.

248-жаттығу.

Күмістің пайдасы, балуанның жұдырығы, менің күнделігім, т.б.

Талдау-білімді ұштау.

Матаса байланысқан сөздерді тауып оларға морфологиялық талдау жасаңдар.

Қалау ағасының қатты бұзылған түрін таныса да, оған айылын жимай күліп келе жатыр. Есейдің көңілі одан да жүрдек. Мынау дала келбеті де соны танытады. Мұхтар Абай өлеңдерімен сусындап өсті. Біздің ауыл қаладан он шақырымдай жерде орналасқан.

Шығармашылық тапсырма.

«Сөз тізбек» ойыны. Оқушы ілік септігіндегі сөзді айтады, келесі оқушы оны тәуелдік жалғаулы сөзбен байланыстырады.

«Менің сыныбым» тақырыбына шағын мәтін жазыңдар.

Сергіту сәті.

Матаса байланысқан мақал-мәтелдер айтыңдар.

Еріншектің ертеңі бітпес.

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.

Ағасы бардың жағасы бар,

Інісі бардың тынысы бар.

Туған елдің түтіні ыстық,

Туған ананың күтімі ыстық.

Жеке оқушымен жұмыс.

Таратпа №1

Синтаксис термині қай елдің сөзі?

Сөздер грамматикалық байланысқа түсуі үшін қандай заңдылыққа сүйенеді?

Қиыса және матаса байланысқан сөздерге мысал келтір.

Таратпа №2

Матасу дегеніміз не?

Сөздердің байланысу тәсілдеріне мысал келтір.

Болашақ сөзіне фонетикалық талдау жаса.

5. Білімді бекіту.

ББҰ әдісі арқылы оқушылар алған білімдерін саралайды.

Кестені толтырыңдар.

Білемін	Білгім келеді	Үйренгенім

7. Үй тапсырмасы. 249-жаттығу.

8. Бағалау. Рефлексия.

Ж.ӨМІРЖАНОВА,
Ақтас негізгі мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Есіл ауданы

СЫН ЕСІМ



АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

Мәлік Ғабдуллин.

Үйрету үшін ұрсудың, пайдалы болу үшін намысқа тиюдің түк қажеті жоқ.

Ф.Ларошфуко.

Егер мұғалім өз бойында іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол - кемел ұстаз.

К.Д.Ушинский.

Мақсаты: білімділік- сын есім туралы жалпы мағлұмат алу, сын есімнің сындық қасиеттерін ашу; **дамытушылық-** түрлі әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың ой қабілеттерін, сөздік қорларын, байқағыштық қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік-** Абай өлендерін, әндерін жатқа айтқызып, талдау барысында әдемілікті, әсемділігі түсіне білуге, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың түрі: дәстүрлі.

Әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: оқулықпен жұмыс, жаттығу, салыстыру әдістері.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру:

а) амандасу;

ә) түгелдеу;

б) кезекшімен сұхбат.

Өткен сабақты қайталау.

а) Семантикалық карта (5минут) арнайы жасалған кеспе қағаздарды таратып беру арқылы зат есімді қайталау.

ә) Шағын тест (зат есімге байланысты)

2. Жаңа сабақты түсіндіру.

- Жаңа сабақты түсіндірмес бұрын сөзжұмбақ шешейік.

Сөзжұмбақты шешкенде тігінен бүгінгі сабақтың тақырыбы шығады.

Сұрақтары:

1. *Класс* сөзінің қазақшасы.
2. Күзден кейін қандай мезгіл келеді?
3. Қыста қатты жел соғып, күн суытады. Бұл қалай аталады?
4. Қыс мезгілінің алғашқы айы?
5. ҚР астанасы қалай аталады?
6. ҚР қандай мемлекет?
7. Орта білім алатын жер?

Сөйтіп, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Сын есім» болмақ.

Қазақ тілі- өте бай тіл. Оның құрамында мыңдаған сөздер бар. Сол сөздер мағыналарына, атқарылатын қызметіне, сұрағына қарай 9 топқа бөлінеді. (Оқушылар атайды, тақтаға іліп отыру) Соның бір тобы зат есімді қайталадық, келесі бір тобы «сын есім» деп аталады.

Суреттен алдымен зат есімдерді теріп жазайық (сурет бойынша жұмыс)

Алма

Түсі қандай? – *қызыл*

Дәмі қандай? – *тәтті*

Көлемі қандай? – *үлкен*

Иісі қандай – *жағымды, жұпар иіс*

Жеп болғаннан кейін қандай баға бересіңдер?

(*жақсы піскен* алма екен дейміз)

Алманың сапасын анықтадық.

Қызанақ қызыл, алмұрт жасыл, әдемі үй, ақ жұмыртқа, қызыл алма, жасыл жүзім, қарбыз тәтті, қызыл анар.

Осы сөздерден сындық қасиеттерді білдіретін сөздерді тауып көрейікші?

1. Заттардың түсі қандай болып келеді?

Ақ, көк, күлгін, қызыл

2. Заттардың көлемі қандай болып келеді?

Үлкен, кіші, аласа

3. Заттардың пішіні (формасы) қандай болады?

Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш

Сонымен осы сөздер заттың қандай қасиеттерін білдіріп тұр?

Заттың түсін, көлемін, сапасын білдіріп тұр.

Осы сөздерге сұрақ қойыңдаршы.

Қандай, қай?

Ендеше осыдан ереже шығарып көрейік.

Сын есім қандай, қай деген сұрақтарға жауап беріп, затың түрін, түсін, көлемін, сапасын білдіретін сөз табын сын есім дейміз.

«Мен қандаймын?» ойыны. Әр оқушы өз есімінің алғашқы дыбысына байланысты сын есім ойлауы қажет. Өз есімімен тіркестіріп сөз тіркесін құрау.

Ақылды Айболмын, әдепті Әлішермін, инабатты Индирамын, рақымшыл Рабига, айбарлы Алтынаймын.

Сындық ерекшеліктеріне кесте толтыру.

Не?	Түсі	Көлемі	Дәмі	Пішіні (формасы)
Қарбыз	қызыл	үлкен	тәтті	дөңгелек
Пияз	сарғыш	кіші	ащы	сопақша
Құрт	ақ	кіші	ащы, тәтті	дөңгелек
Қант	ақ	кіші	тәтті	төртбұрыш

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ? (күз)

- Жылдың төрт мезгіліне де өлең жазған қай ақынды білесіңдер ? (Абай)

- Дұрыс айтасыңдар. Абай – қазақтың ұлы ақыны.

-«Күз» және «Қыс» өлеңін талдау.

Күз

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп
Жапырағынан айырылған ағаш қурай.

Сын есімдер: *сұр, дымқыл, суық, жасыл.*

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы-үскірік аяз бен қар
Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.

Сын есімдер: ақ, суық.

128-жаттығу.

Тапсырма: төмендегі сын есімдерді мағыналық жағынан байланысатын зат есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

Салқын: су, ауа, түн, күз, тер, көзқарас.

Терең: теңіз, сезім, білім, жер, ой.

Әдемі: жазу, қыз, шаш, күлкі, көйлек.

Жеңіл: тас, киім, машина.

Ұзын: жол, жіп, адам, сақал.

Қатты: жел, сөз, жер, күлкі, дауыс.

«Бір сөзбен айтқанда қандай дейді?» ойыны.

-Жақсы оқитын, тәртібі жақсы оқушы (үлгілі)

-Сөзге шебер адам (шешен)

-Тез ашуланатын адам (ашуланшақ)

- Сабақ оқымайтын оқушы (жалқау)

- Бойы ұзын адам (бойшан)

- Айтқанға сенетін, еш нәрсені байқамайтын адам (сенгіш)

Бекіту: сын есімнің ережесін білдік, қандай сөз табы екенін білдік, қандай сұраққа жауап беретінін білдік. Кластер арқылы көрсету.

Үйге тапсырма: 131 жаттығу, 1-тапсырма: өлеңді мәнерлеп оқып, құрамындағы сын есімдерді тіркескен сөзімен қоса теріп жазыңдар.

2-тапсырма: Өз әжелерің туралы шағын шығарма жазыңдар. Бағалау.

Қосымша: 127-жаттығу. ҚР туы мен Елтаңбасын суреттеп жазу.

Күн тудың ортасында орналасқан. Жарқыраған алтын күн бейнеленген. Шуағы мол. Мейірімділік, жылылық ұялатады. Бұлтсыз ашық аспан, көгілдір түс. Дала бүркіті-қырағылық пен биіктіктің белгісі. Елтаңбада шаңырақ және қанатты пырақ бейнеленген. Қанатты пырақ-жас ұрпақтың арманы, биікке самғауы. Бес бұрышты жұлдызы бар. Қазақстанның әрбір азаматтың шаңырағы биік және берік болсын деген ниетпен жасалған. Танымдық тапсырма: жаз, қыс, күз, көктем.

Г.ӨМІРЗАҚОВА,
С.Сауранбаев атындағы
орта мектеп.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы

ЗАТ ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік-сөз таптарын оқыту, зат есім туралы түсініктерін кеңейту; **тәрбиелік-**оқушыларды сөз асылын қадірлеп, тілді құрметтеуге тәрбиелеу; **дамытушылық-**оқушыларға жүйелі ойлау, ойын әсерлі жеткізуге, шығармашылық ізденістерін аттыруға ықпал жасау.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, топтастыру, тест, талдау, СТО әдісі.

Сабақтың көрнектілігі:сызба, сөзжұмбақ, тест сұрақтары, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, оқушы зейінін сабаққа аудару, топқа бөлу. Топ басшысын белгілеу.

II.Үй тапсырмасын тексеру.

Үйге берілген 116-жаттығуды екі топтан төрт оқушыға оқытып, көмекші сөздерді тауып, неліктен көмекші сөз делінетінін дәлелдеу.

III.Слайдпен жұмыс. Сұрақтар интербелсенді тақта арқылы көрсетіледі.Әр топ өзіне қойылған сұрақтарға толық жауап береді.

1. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?

2. Морфология нені зерттейді?

3. Сөздің түрлерін ата.

4. Атауыш сөздер дегеніміз не?

5. Көмекші сөздер деп қандай сөздерді атаймыз?

6. Одағай сөздер нені білдіреді?

Ой қозғау кезеңі. Сөзжұмбақ шешу.

Сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақты шешкенде төркөзде *Зат есім* деген сөз шығады.

Сұрақтары:

1. Абайдың әжесі (Зере)

2. Қазақтың ұлы ақыны (Абай)

3.Абайдың Лермонтовтан аударған шығармасы (“Жартаc”)

4. Абайдың атасы (Өскенбай)

5. Абайдың інісі (Оспан)

6. Абайдың поэмасы (“Ескендір”)

7. Абайдың баласы(Әбдірахман)

Жаңа сабақтың мақсаты айтылады.

V. Жаңа сабақты түсіндіру

Зат есім қандай сөз табы?

Топтастыру.

«Зат есім» сызбасына назар аударып, оқушылардың сөйлеуіне ықпал ету.

Оқушы жауабы: сызбадағы туыстық атауларға ата, ана, іні, бөле, жиен, нағашы, жеңге, құдаша, т.б. сөздер жатады.Оқушыларға сызба арқылы ой түйіндетіп, зат есімнің ережесін шығарту.

Орыс тілінде бүкіл тіршілік иесіне “кім?” деген сұрақ қойылса, қазақ тілінде бұл сұрақтың тек адамға ғана қатысты сөздерге қойылатынын айта кету керек.

Мағынасына қарай зат есім:1. Жалпы.

2.Жалқы.

Сызбадан жалқы есімдерді тауып, емлесін түсіндіру.

IV.1.Оқулықпен жұмыс. 120-жаттығуды орындау.

Сөйлемдерді 2 топтың мүшелері оқып, жалқы есімдерді тауып талдайды.

2. Тақтамен жұмыс. Тақтаға 2 топ бойынша 2 оқушыны шығарып *ұлдары* сөзіне фонетикалық және морфологиялық сатылай кешенді талдау жасап жазу.

3. Сергіту сәті. «Кім тапқыр?» ойыны. Мақалдың жалғасын табу.

1,2-топқа да мақалдар беріледі. Топ мүшелері зат есімдерді тауып, сөйлем мүшелеріне талдайды.

1. Ақыл-тозбайтын тон,
... (Білім)-таусылмайтын кен.

2. Ата балаға... (сыншы)

3. Татулық-табылмас... (бақыт)

4. Бас аман болса,... (бөрік) табылады.

1, 2-топқа да сұрақ. Қай сөз зат есім?

Піспепті алма, Байлық-нан,

Піскенше алма. Сөзіме нан.

Өнерлі екен өрмекші,

Бұрышқа торын өрмекші.

V. «Ой қорыту» стратегиясы.

Тест сұрақтарын тарату, оқушының өзіне тексерту.

1. Зат есім сөздің қай тобына кіреді?

а) Көмекші сөз; ә) атауыш; б) одағай.

2. Жалқы есімді тап:

а) тау, көл; ә) Алатау, Мұхтар; б) дәптер, жазушы.

3. Жалпы есімді тап:

а) Құс; ә) «Алпамыс батыр» жыры; б) Тоғжан.

4. Зат есім қандай сөз табы?

а) Заттың қимылын білдіреді;

ә) Заттың сынын білдіреді;

б) Заттың атын білдіреді.

5. Зат есімнің сұрақтарын ата:

а) Не істеді? Қайтті? ә) Кім? Нелер?

б) Қанша? Нешінші?

Білімін есепке алу слайдына бағасын қондыру.

VI. Бекіту.

Не білдім?	Негіз білгім келеді?	Негіз үйрендім?

Үйге тапсырма беру. Көркем әдебиеттен зат есімге 5 сөйлем жазып, сөйлем мүшелеріне талдап келу.

Оқушылардың білімін бағалау.

Н.МҰХАНҒАЛИЕВ,
М.Мирманов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жанақала ауданы,
 Бірлік ауылы

ТІЛ ҰСТARTY

(Абай әндері)

Мақсаты	Абай шығармашылығының жаңа қырын анықтау, қазіргімен салыстыру.
Күтілетін нәтиже	А) Абайдың әні бар басқа өлеңдерімен танысады. Б) Әндерінің қалай айтылатынын үйренеді. С) Әндерінің шығу тарихын бірлесіп анықтайды, зерттей біледі.
Керекті жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, қалам, «Абай» энциклопедиясы, интерактивті тақта, ноутбук.
Пайдаланылған әдіс-тәсілдер.	СТО: ББҮ әдісі, жоғары, төменгі дәрежелі сұрақтар, қызығушылықты ояту. АКТ: Ноутбук арқылы ән тыңдату, интерактивті тақта арқылы тапсырмалар беру. Жаңа тәсілдер: зерттеушілік әңгіме, визуалды оқыту, «Жұптасып-ойлан-бөліс» әдісімен үй тапсырмасын тексеру, «Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісімен жаңа сабақты меңгерту, «Серпілген сауал» әдісімен сабақты қорытындылау, «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалау, кері байланыс.

Тапсырмалар	* Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. * Оқушылардың сұрақ қою және олардың жауаптарына қарай әрекет ету. * Бірлескен оқу: талантты және дарынды оқушылар.
-------------	--

Сабақ барысы			
Сабақ кезеңдері	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	2 минут 2 минут 6 минут	1. Ұйымдастыру. 2. Оқушыларды Абайдың 17 кара сөзінде кездесетін ақыл, қайрат, жүрек арқылы 3 топқа бөлемін. 3. Үй тапсырмасын тексеру: Абайдың 29 кара сөзін талдау, «Жұптасып-ойлан-бөліс» әдісімен тексеру. Жақсы дайындалып келген оқушыны мадақтаймын.	Сабаққа әзірлеу. Топқа бөлініп отырады, топ ережесін еске түсіреді. Үйден оқып келген тапсырманы әр топтан бір оқушы айтады. Бір-біріне сұрақ береді.
Тұсаукесер	4 минут	Алдымен 3 топқа Абайдың 3 әнін алдарындағы ноутбук арқылы тыңдату.	Алдарындағы ноутбукті қосып, әнді мұқият тыңдайды.

Негізгі бөлім	9 минут	«Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісімен топтар энциклопедиядан оқып, ән жайында мәлімет алмасады.	Әрқайсысы 3 адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс жасайды. Бірі-тақырыпты энциклопедия бойынша түсіндіреді.
---------------	---------	--	--

	1 3 минут	Оқушыларға маршруттық карта, деңгей бойынша тапсырмалар беріледі. 1-топ өлеңді құрылысына талдайды. 2-топ өлеңнің бір шумағын буынға бөліп, буын түрін анықтайды. 3-топ сын есімдерді тауып, түрлендіреді.	Екіншісі – тыңдап, анықтау үшін сұрақтар қояды. Үшіншісі – бақылайды кері байланыс жасайды. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалалайды. Әрбір оқушы өзіне берілген тапсырманы орындайды, түсінбегендерін топпен талқылайды. Орындап болған соң өлшемдер бойынша өзін-өзі бағалайды.
--	-----------	--	---

Қорытынды	5 минут	«Серпілген сауал» әдісімен сабақты бекіту. Бір оқушы сабақ барысы туралы ойын айтса, екіншісі толықтырады, үшіншісі барлығын бір жауапқа біріктіреді.	Оқушылар сабақ бойынша алған білімдерін ортаға салады, бір-бірін толықтырады, жауаптарын бір жерге тоғыстырады.
-----------	---------	---	---



Б.МАМБЕТОВА,
ҚазГЗУ гуманитарлық
заң колледжі.
Астана қаласы

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

Сабақтың мақсаты: студенттердің сөздік қорын молайтып, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық материалды меңгерту, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану дағдысын жетілдіру;

Міндеттері: білімділік-студенттердің етістіктің шақ категориясы жайында алған білімдерін еске түсіріп, практикалық жолмен меңгерту, мәтін талдау арқылы сауатты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; дамытушылық-студенттердің ой-өрісін кеңейту, ынта қойып тыңдау, жазу қабілетін дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру; тәрбиелік-әңгімедегі ойды арқау ете отырып студенттерді адамгершілік, еңбексүйгіштік, ынтымақтастық қасиеттерге тәрбиелеп, келешек мамандыққа баулу.

Типі: іздену сабағы.

Түрі: жаңа білімді меңгерту.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, проблемалық-ізденушілік, өздік жұмыс.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, тарих, азаматтық құқық, құқықтану.

Көрнекілігі: Б.Алтынсарин портреті, еңбектері, слайд материалдары.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Сабаққа бейімдеу.

II. Тілдік жаттығу. Абай Құнанбайұлы. «Көзімнің қарасы» әні. (Студенттер әнді хормен айтады).

III. Жаңа сабақ. Етістіктің шақтары. Б.Алтынсарин. «Атымтай Жомарт» әңгімесі. Кіріспе. (Студенттерге сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлап, алдын ала жаңа сабаққа өздігінен оқып келуге берілген тапсырманы тексеремін).

а) Өздік жұмысын тексеру.

1-тапсырма. Б.Алтынсариннің өмірбаяны мен еңбектерін оқып келдіңіздер. (Ұжымдық жұмыс)

2- тапсырма.

1-топ. Б.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесін түсініп оқып, оны бөліктерге бөліңіз, әр бөлікке атау беріп, мазмұнын баяндаңыздар. (Монолог)

2-топ. Әңгіме бойынша сұрақ-жауап құрастырып, екеуара сөйлесіңіздер. (Диалог)

3-топ. Жомарт айтқан төрт түрлі себептің мағынасын ашыңыздар. (Ой қозғау)

ә) Өздік жұмысына қорытынды.

б) Сөздік жұмысы. Әңгіменің мәтініндегі жаңа сөздерді талдау.

1-топ. Сөздердің синонимін тауып, сөйлем құраңыздар. Етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын ажыратыңыздар.

Жомарт, ескі, дәулет, тәтті, жұмсау, кемшілігі, еңбек, әдет, үлгі, алғашқысы, өне бойы, қорқамын, кейінгілер, жарлы, жәрдем, сіңімді.

2-топ. Сөздердің антонимін мәтіннен тауып, олармен сөз тіркестерін жасаңыздар.

Сараң, кедей, жаңа, арзан, соңғысы, жоғары.

3-топ. Омоним сөздердің мағынасын ажыратып, сөйлем құраңыздар.

Жарату- ақшаны тамаққа жарату, атты бәйгеге жарату. (Ұжымдық жұмыс)

1-тапсырма. «Көңілге жел кіргізу» тіркесінің мағынасын түсіндіріңіз.

2-тапсырма. Сөйлемдерді талдап, ондағы етістіктердің қай шақта тұрғанын ажыратыңыз.

Атымтай Жомарт бай болыпты. Ол ескі киім киіп, отын кесіп шөп тасиды екен.

IV. Қорытынды. (Ұжымдық жұмыс)

1. Проблемалық жағдаят туғызу арқылы сөйлету. (Студенттерді келешек мамандықтарына бейімдеу).

Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» әңгімесіндегі екі досқа мінездеме беріңіздер.

Ауру адам- әлсіз адам- отбасының әлеуметтік жағдайы төмен, тұрақты жұмысы жоқ, өзіне сенімсіз, т.б.

Дені сау адам-отбасының әлеуметтік жағдайы жақсы, жұмысы орнықты, табысы жоғары, туған-туыс, жора-жолдастары көп, т.б.

Аю- ауыртпалық, қиындық, бәле-жала.

2. «Еңбек», «Адамгершілік», «Жақсылық пен жамандық» туралы айтылған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

3. «Атымтай Жомарт» әңгімесі бойынша құрастырылған тест сұрақтарына жауап беріңіздер.

1. Өткен шақта тұрған етістікті көрсетіңіз:

- А) бай болыпты;
- Ә) тұтынсам;
- Б) ұмытармын;
- В) өзіме жаратсам.

2. Келер шақта тұрған етістікті көрсетіңіз:

- А) тасиды екен;
- Ә) үй болдыңыз;
- Б) мал берген;
- В) сіңімді болар.

3. «Жарлы» сөзінің синонимін көрсетіңіз:

- А) еңбекқор, елгезек;

Ә) қонақжай, жайбасар;

Б) кедей, бейшара;

В) даяшы, аспазшы.

4. Жомарт сөзінің синонимін көрсетіңіз:

А) еріншек, қалжыңбас;

Ә) күйгелек, сабырлы;

Б) мейірбан, мырза;

В) бауырмал, көңілшек.

5. Жәрдем сөзінің синонимін көрсетіңіз:

А) көмек, рақым;

Ә) сіңімді, дәмді;

Б) аш, жалаңаш;

В) әдет, үлгі.

6. Мақалдан антонимді табыңыз:

Аш бала тоқ баламен ойнамайды.

7. Байлық сөзінің синонимін көрсетіңіз:

А) тұтыну, жарату;

Ә) отын, шөп;

Б) еңбек, бейнет;

В) дәулет, қазына.

8. Ы.Алтынсарин әңгімелерін көрсетіңіз:

А) «Қара өгіз», «Балқия»;

Ә) «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу»;

Б) «Батыр Баян», «Қыз - Жібек»;

В) «Өтіріктің залалы», «Бақша ағаштары».

9. Әуелгісі сөзінің синонимін көрсетіңіз:

А) біріншісі, алғашқысы;

Ә) кейінгісі, артқысы;

Б) соңғысы, ортаңғысы;

В) бұрынғысы, екіншісі.

10. Синонимдік қатарды көрсетіңіз:

А) күнәлі, айыпты;

- Ә) жирену, ұмыту;
 Б) жел кіру, қорқу;
 В) ішіп-жеу, жұмсау.
 V. Үйге тапсырма.

1. Етістіктің шақтарына тест сұрақтарын құрастырыңыздар.

2. «Жомарттық деген не?» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыздар.



АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Абай Құнанбайұлы.

Мінез-құлық - әркім өзінің кейпін көрсететін айна.

И.Гете.

Жақсы мінез-бүкіл өміріңнің сарқылмас байлығы.

У.Гэзлит.

Сенім әдет болып қалыптасқанда ғана мінезге айналады. Тек қана әдет арқылы адам өз мінезін қалыптастырып, ойы іске айналады.

К.Д.Ушинский.

Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.

Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА,
К.Мендалиев атындағы ОЖББ мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Казталов ауданы

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ҚАЙТАЛАУ

(8-сынып)

Мақсаты: Салалас құрмалас сөйлем, оның түрлері, мағынасы, жасалу жолдары туралы алған білімдерін пысықтау, бекіту.

Міндеттері:

- Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету.
- Оқушылардың бір-бірін оқыту, бір-бірінің білімін бағалау дағдыларын жетілдіру.
- Тақырып бойынша белгілі бір ой-тұжырым жасату.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар салалас құрмалас сөйлем, оның түрлерін ажырата біледі.

Бірін-бірі оқыту, білімдерін бағалау дағдысы жетіледі.

Тақырып бойынша ой-тұжырым жасайды.

Оқу құралдары: оқулық, дидактикалық материалдар.

Сабақ түрі: білімді бекіту сабағы.

Оқыту әдістері: топтық, жұптық жұмыстар, Блум таксономиясы бойынша жаттығу, тапсырмалар.

Сабақ барысы:

Уақы- ты	Блум	Сабақты ұйымдастыру формасы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
-------------	------	-----------------------------------	--------------------------	------------------------

2 мин.		Ұйымдастыру кезеңі.	Тренинг «Шаттық шеңбері»	Оқушылар амандасады,
			<p>Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық, Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.</p> <p>Міне, сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің мектебіміздің қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.</p> <p>Оқушылар зейінін сабаққа аудару.</p>	Шаттық шеңберін құрады.

2 мин.		Топқа бөлу.	<p>От, Су, Күн суреттері арқылы 3 топқа бөлу.</p> <p>От. Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар.</p> <p>Су. Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.</p> <p>Күн. Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін, сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ.</p>	
--------	--	-------------	---	--

5 мин.	Білу	«Жіңішке сұрақтар»	<p>Мұғалім сұрақтарды ауызша оқып тұрады. Әр жауаптың бірінші әрпін алғанда бүгінгі тақырыптың аты шығады.</p> <p>(САЛАЛАС). Шыққан тақырыпты тақтаға жазады.</p>	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Әр жауаптың бірінші әрпін жазып отырып, сабақтың тақырыбын шығарады.
--------	------	--------------------	---	--

10 мин.	Түсіну	«Уақыт шеңбері»	Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек. I топ: Салалас құрмаластың байланысуы, түрлері және ережелері II топ: Жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлері.	Оқушылар шеңбер болып отырады, бүгінгі тақырып аясындағы талқылауға ат салысады. Оқушылар салалас құрмалас сөйлем жайында өз білгендерін ортаға салады.
			III топ: Салалас құрмаластың тыныс белгілері Мұғалім тыңдап, қосымша түсінік беріп отырады.	Топтағы оқушылар постер қорғайды.

10 мин.	Қолдану	Ойлан, топтас, талқыла!	Әр топқа тапсырмалар беріледі. 1-топ: Салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын сәйкестендіреді. 2-топ: Салалас құрмалас сөйлемді ережесімен сәйкестендіреді. 3-топ: Салалас құрмалас сөйлемді ережесімен сәйкестендіреді.	Берілген тақырыпты құрмалас сөйлемдерді қатыстыра отырып ашу.
5 мин.	Талдау	«Ойлан, тап» және тест.	Тест сұрақтарына талдау жасалады.	Оқушылар шығармадан алынған үзіндіні тауып, салалас түрлеріне, тест сұрақтарын талдайды.

А.ТУРДАЛИЕВА,
«Қосағаш» жалпы орта мектебі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Қазығұрт ауданы

БАСТАУЫШ

Сабақтың мақсаты	Білімділік: оқушыларды сөйлемнен бастауыштың жалаң сыртқы белгісі кім, не сұрақтарына жауап беретіндігіне қарай ажыратып қоймай, ішкі белгісіне, не жайында баяндап тұрғанын таба алуға үйрету. Бастауыш құрылысына қарай дара, күрделі, үйірлі болатынын, басқа сөз таптарынан жасалатындығын түсіндіру. Дамытушылық: ойлау, есте сақтау, б а й қ а ғ ы ш т ы қ , ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: қазақ тілін құрметтеуге, асыл сөздердің маңызын бағалай білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Оқытуда қолданылатын модульдер мен әдіс-тәсілдер	СТО, жаңа әдіс- тәсілдермен оқыту. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, жас ерекшелігіне қарай оқыту, дарынды және талантты балаларды оқыту. «Ойлан-жұптас-бөліс»әдісі, «Кластер» әдісі, «Ассоциация» әдісі, Топтастыру стратегиясы, «Ия» және «Жок» әдісі, «Сұрақтар шеңбері» әдісі.
Сілтемелер	Г.Т.Тұрсынова, А.А.Қасымбек, А.Н.Нұрғазы. «Қазақ тілі» оқулығы. «Арман-ПВ» баспасы, 2012ж. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №7.2006ж.

Негізгі дерек көздері, көрнекіліктер	Оқулық, оқу бағдарламасы, Формат А3, маркер, стикер, кеспе қағаздар, ноутбук.	
Оқып үйренудің нәтижесі	Бастауыштың жасалу жолдарын біледі, құрылысына қарай талдай алады. Сауатты сөйлеуге, ұқыпты жазуға дағдыланады.	
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, орыс тілі.	
1.Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
3 минут	Оқушылармен сәлемдесу. Топқа бөлу. 1-топ. Үлгерімі төмен оқушылар. 2-топ. «Бастауыш» 3-топ. «Баяндауыш» 4-топ. «Толықтауыш» 5-топ. «Анықтауыш» 6-топ. «Пысықтауыш»	Топқа бөлінеді. 1-топ. Өзенбай Тәңірберген, Серікбай Рысмахан, Балабек Берік, Орал Жанарыс, Нұрлыбек Сұлтан, Батырбай Сержан. Басқа топтағылар сөйлем мүшелерінің сұрақтарына байланысты бөлінеді. Яғни, кеспе қағазда кім? деген сұрақ болса «Бастауыш» тобына отырады.
2. Үй тапсырмасын сұрау.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті

5 минут. Сабақтың маңыздылығын ашу.	Сөйлем құрап, соны сөйлем мүшелеріне талдап келгендерін тексеру. «Бас-баста-бастау -бастауыш» сөздерін қалай түсінеміз?	Жауап береді. Өз ойларын айтады.
3.Жаңа тақырып	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
13 минут	«Бастауыш» тақырыбын оқыту, қорғау. Оқушыларға толықтырып түсіндіріп кетемін. Шығысқа қарай беттеген үлкен кеме теңізді тіліп келеді. Сөйлем ішінен тұрлаулы мүшелерін тапқызу. Сөйлемді тұрлаулы мүшелерін алып тастап оқыту. Не байқағанын сұрау. Бастауыш қай сөз табынан жасалып тұр? 36-жаттығу.Мына сөздерді бастауыш етіп сөйлемдерді аяқтандар. (ауызша) Ауылдың маңы- ... Балалар шуы- ... Асық ойнаған ... Жығылған ... Алтау ...,төртеу ... Оның айтып отырғаны - ... Ол өзі ...	Тақырыпты оқиды, топта талқылайды, сыныпқа жариялайды. Тірек-сызба жасату. «Кластер»әдісі. «Ассоциация» әдісі. Постер қорғайды. Кеме-бастауыш, тіліп келеді- баяндауыш. Шығысқа қарай беттеген үлкен теңізді. Өз пікірлерін айтады. Кеме деген сөз не? деген сұраққа жауап беріп зат есімнен жасалып тұр.

4.Қорытындылау	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
20 минут Шеберлік пен дағдыны қалыптастыру.	49-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып,бастауыштарды тауып,астын сызындар. Бастауыштың қай сөз табынан жасалғанын айтындар. 50-жаттығу. Кім көп мысал тауып жаза алады? Төмендегі үлгі бойынша бастауышы бар сөйлемдер құрап жазындар. Үлгерімі төмен оқушыларға екі сөзден сөйлем құратып, сөйлем ішінен бастауыштарын тапқызу. Тапсырма: Орыс тіліндегі сөйлемдерден бастауышын табындар. (ауызша). Бастауыштарын тауып,қазақ тілімен салыстыру. Қандай сөз таптарынан жасалып тұр? Сұрақтарында қандай айырмашылықтары бар? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі? сұрақтарының орысшасы қандай? Сергіту сәті: «Қара жорға» биі. (Ноутбук арқылы қояды.)	Жаттығуды орындайды. Күлипа жылап жүріп айналадан тас іздей бастады. «Ойлан-жұптас-бөліс»әдісі. Өз мінін білген өзгеге төрелік береді. Оқушы, тақта. Бақташы, мал. Арулар сайыс. Мұғалім, журнал. Күзгі жапырақтар. Бастауыш, сөйлем т.с.с. Оқушы тактаға шықты. 2-топ. Поступившие в вуз обязательно изучают казахский язык. Большое видится на расстоянии. 3-топ. Занятия в школе уже начались. Я успешно сдал экзамены. 4-топ. Пять не делится на три. Учиться всегда пригодится. 5-топ. Прозвенел звонок. Мы с другом ответили на все вопросы. 6-топ. У нас героем становится любой.Семеро одного не ждут.

	<p>Сабақты «ия» және «жоқ» әдісі бойынша қорытындылау.</p> <p>1. Күн жылынды.(Бастауыш зат есімнен жасалған.)</p> <p>2. Бұл-үлкен үй. (Зат есімнен).3.Ақылды ісіне сенеді. (Есімше). 4. Өзің кел.(Есімдік).5.Төрт екіге бөлінеді.(Сан есім).6.Іздеген жетер мұратына.(Сын есім).</p> <p>1.Оқу инемен құдық қазғандай.(зат есім)2.Үшеуі сыртқа шықты.(есімдік)</p> <p>3.Сыпайы сырын сақтар.(сын есім)4.Ешкім жоқ.(есімдік)5.Досым келді.(зат есім)6.Жиырма бес маған қайтып келсе ғой.(есімдік)</p> <p>«Сұрақтар шеңбері» әдісі бойынша топтар бір-біріне сұрақтар қояды. Яғни, алдарындағы кеспе қағаздарға бір сұрақтан жылдам жазып шығады. Кейін сұрақтарын келесі топқа береді.Сонан соң ойлануға уақыт берілмейді,тез жауап беру қажет.</p>	<p>Балалар барлығы «Қара жорға» биін билейді.</p> <p>Мұғалім сөйлемдерді тез оқып, бастауышы қай сөз табынан екенін жаңылыстырып айтады. Оқушылар алдарындағы кеспе қағаздарға дұрыс болса «ия», қате болса «жоқ» деп белгілеп отырады. Болған соң дұрыс жауапты тақтаға іліп қойып, өздері тексереді. Сонан соң плакатқа жазылған сөйлемдерді қайтадан талдап, қай сөз табынан жасалып тұрғанын табады.</p> <p>«Сұрақтар шеңбері» әдісі. 1-топ-2-топқа- 2топ-3-топқа-3- топ-4-топқа-4-топ- 5-топқа-5-топ-6- топқа-6-топ-1- топқа.</p>
--	---	--

5. Үй тапсырмасын беру.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1 минут	51-52-жаттығу. Ережелерді қайталау.	Күнделікке жазып алады.
6. Бағалау.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1 минут	Бағалау өлшемдері арқылы бағалау.	Күнделікке қойдырады.
7. Рефлексия.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
2 минут	Не білемін? Не білдім? Нені білгім келеді?	Стикерлерге өз ойларын жазып, постерлеріне жапсырады.



А.ШАТАЕВА,
№3 жалпы орта білім
беретін мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. ЕСКЕНДІР

Мақсаты: білімділік-көркем туындыны түсініп, мәнерлеп оқуға және идеялық-тақырыптық негізін, ой астарын түсінуге үйрету, поэманың тереңіне бойлату, ақынның образ жасау шеберлігін ұғындыру; дамытушылық-поэманы талдай білуге төселдіру, сын тұрғысынан ойландыру арқылы түйіндік ойларын айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға дағдыландыру, өз ойын тұжырымдауға, топтастарының ой-пікірлерін тыңдауға, тиянақты, жүйелі сөйлеуге үйрету; тәрбиелік-ақын шығармасындағы оқиғалар негізінде оқушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, рухани имандылыққа, ізденіске, іскерлікке, таным белсенділігін арттыруға тәрбиелеу. Білім алушының даралық мүмкіндіктерін шығармашылық тапсырмалар арқылы көрсету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шешендікке баулу.

Типі: аралас сабақ.

Түрі: шығармашылық-ізденіс сабағы.

Қолданылған технология: СТО технологиясы, ББҮ, кубизм, автор орындығы, РАФТ стратегиясы, т.б.

Сабақтың жабдығы: интербелсенді тақта, кестелер, слайд, бағалау парағы.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Топқа бөлу. Өтілген Абай өлеңдерінің үзінділерін біріктіру арқылы тақырыптарын айтып, 3 топқа бөлінеді.

2. Үй тапсырмасы.

- Балалар, олай болса, үйге берілген тапсырмаларға кезек берелік.

- Үйге Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы оқу, «Ескендір» поэмасымен танысу, «Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа», «Өлсем орным қара жер сыз болай ма» өлеңдерінен үзінді жаттауға берілді.

III. Жаңа сабақты меңгеру кезеңі:

1. Қызығушылықты ояту. ББҮ стратегиясы арқылы «Поэма» дегеніміз не? Абайдың «Ескендір» поэмасы туралы білетіндерін сұрау.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

«Поэма» сөзіне түсінік беру. Поэма (грек—«туынды») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған не болуға тиісті күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр. Абайдың поэмалары: Ескендір, Масғұт, Әзім әңгімесі.

Абай Құнанбайұлы –қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында дараланып тұрған Ұлы тұлға. Қазақ жерінің ақыны, данышпаны көп болғанымен Абайы біреу-ақ. Абайы бар ел қай халықпен де терезесін теңестіре алады. Ол – қазақтың бір жерінде туып, бар жерінің туын ұстап тұрған кемеңгер.

Ақын шығармалары осы күнгі бай, ұлттық әдебиетіміздің алтын дінгегін қадады. Ақын шығармашылығындағы елеулі орын алатын бір сала –поэмалары.

Бүгінгі сабағымыз да Абай поэмаларына арналады.

Тақырыбы – Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы.
Мақсаты: шығарманың идеялық-тақырыптық негізін, ой астарын түсіну, ақынның образ жасау шеберлігін ұғыну, өзіндік пікірлерін қалыптастыруға дағдылану.

Үш топқа бөлініп жұмыс жүргіземіз. Топ мүшелерін топбасылары бағалап отырады.

- Поэма мәтінін үйде оқып келген болатынсыздар.

«Ескендір» поэмасы – Абай поэмаларының ішіндегі ең елеулісі, ақынның гуманистік ой-пікірлерін тереңірек танытатын шығармасы. Поэманың басты кейіпкері Ескендір – Шығыс елдеріне Ескендір Зұлқарнайын деген атпен тараса, Еуропаға Александр Македонский деген атпен тараған белгілі қолбасшы жайлы аңыздар негізіне, жырларға кейіпкер болған патша. Ескендір жайында Шығыс ақындарының көбі жырлаған. Ә.Фирдауси «Шахнамасында», Низами «Ескендір-нама» дастанында, Жәми «Ескендірдің даналық кітабында» жазып, Ескендір образын ақылды, батыр деп ардақтап көрсеткен. Ал, Абай «Ескендір» дастанына ұстазы Аристотельді, Ескендірдің әкесі мен тұрған жерін, патшалығын қосып, өзінше жырлайды. Абайдың бұл шығармасы неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті ақыны болған Альберт Фон Шамиссодан 1844 жылы аударған В.А.Жуковский түпнұсқасына ұқсас болып келеді.

2.«Кубизм» стратегиясы бойынша топтық жұмыс жүргіземіз. Үш топқа екі тапсырмадан беріледі.

1-қыры: **«Ойланыңыз»**. Шығарма мазмұнына жоспар құрыңыздар.

2-қыры: **«Зерттеңіз»**. Зерттеу сұрақтары:

1. «Абай «Ескендір» поэмасын шығыс поэзиясына сүйеніп жазды» - деген пікірді қалай түсіндіресіздер.

2. «Ескендір» дастаны тек шығыс поэзиясына ғана сүйеніп жазылған ба?

3-қыры: **«Қолданыңыз»**. «Ескендір» поэмасының

мазмұны бойынша шағын көрініс көрсетіңіздер.

4-қыры: **«Суреттеңіз»**. Поэмадағы Ескендір бейнесін суреттеңіздер.

5-қыры: **«Салыстырыңыз»**. Абайдың «Ескендір» поэмасы мен қарасөзін салыстыру.

6-қыры **«Талдаңыз»**. «Ескендір» поэмасына талдау жасау.

3.«Автор орындығы» стратегиясы.

I топ басшысына:

Өсиет (ақыл сөз) – қандай сөздер еді?

II топ басшысына:

Поэмадан өсиет өлеңді тауып, автор орындығына отырып, мәнеріне келтіріп оқыңыз, өз пікіріңізді білдіріңіз.

III топ басшысына:

Мифологиялық образдарды табыңыздар. *(Табиғат, жұмбақ бұлақ, алтын қақпа, күзетші, орамалға түйілген сүйек.)*

III. Ойтолғаныс. Қорытындылау. «ББҮ» арқылы. Оқушылар кестенің соңғы бағанын толтыру арқылы қорытындылайды.

IV. Үйге тапсырма. РАФТ әдісі бойынша шығармашылық жұмыс.

V. Бағалау. Бағалау парақшалары арқылы топ басшылары өз топтарындағы оқушыларды бағалайды.



Г.ЕГЕНОВА,
С.Бреусов атындағы жалпы орта мектебі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түлкібас ауданы,
 Шақпақ баба ауылы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ.ЕСКЕНДІР

Жалпы мақсаты:	Поэманың басты тақырыбы мен мазмұнын, негізгі идеясын ашу, басты кейіпкерлерге мінездеме беру арқылы оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.
Оқыту нәтижесі:	Поэманың тақырыбын, мазмұнын, негізгі идеясын ашады, түсінеді, басты кейіпкерлерге мінездеме береді, ой-өрісі кеңейеді, Блум таксономиясы арқылы талдау жүргізеді.
Әдіс-тәсілдері:	Топтық жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау, топтастыру, «Нақ сұрақ-дәл жауап» стратегиясы, «Ақылдың алты қалпағы», «Жентек қар».

Көрнекілік:	Оқулық, Абайдың кітабы, плакат, маркер, проектор, слайд
Модульдің кіріктірілуі:	АКТ, сыни тұрғыдан ойлау, оқытудағы жаңа тәсілдер, дарынды және талантты балаларды оқыту, оқу үшін және оқытуды бағалау.

Сабақтың барысы:

Сабақтың өту кезеңдері:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі. 3 мин. Қызығушылығын ояту.	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Ынтымақтастыру атмосферасын қалыптастыру. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің бір шумағымен сабақты бастаймын.	Оқушылар түрлі-түсті стикерлер арқылы төрт топқа бөлінеді.
Үй тапсырмасын пысықтау: 4 мин.	«Нақ сұрақ-дәл жауап» стратегиясы арқылы берілген сұрақтарға жауап беру. 1. Абайдың туған жылы мен туған жері? 2. Оның меңгерген тілдері? 3. Шығармаларының тақырыбы?	Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ұпай жинайды. 1. 1845 жылы Семей облысы, Шыңғыстауда дүниеге келген.

10 минут.	<p>4. Абайдың өсиеті? 5. Қоғамдағы орны?</p> <p>«Топтастыру» стратегиясы арқылы Абайдың қоғамдағы орны мен шығармаларын топтастырады.</p> <p>I топ Абай туралы білетіндерін топтастырады. II топ Абайдың табиғат лирикасына арналған өлендерін топтайды. III топ Абайдың аудармаларын. IV топ. Абайдың қара сөздерін топтастырады.</p>	<p>2. Ол орыс, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген. 3. Өмірдің барлық саласын қамтиды. 4. «Адамды, Алланы, әділетті сүй» 5. Ақын, аудармашы, ағартушы, философ, тәрбиеші ұстаз. Әр топ жазғандары бойынша кластер қорғайды.</p>
Жаңа сабақ: 3 минут	«Ескендір» поэмасы зерттеушілердің пікірінше 1900-1902 жылдар аралығында жазылған. Низамидің «Ескендір-намасының» негізінде жазылған деп айтылып келеді.	«Ескендір» поэмасының шығу тарихымен танысып шығады.

10 минут	<p>Сонымен қатар, бұл поэманың сюжеті көне дәуір ескерткіші «Талмудта» бар екенін анықтап, Абай оны В. Жуковскийдің «Две повести» деген өлеңі арқылы пайдаланғанын дәлелдеп шықты. Шығыста-Фирдауси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста-Лампрехт, Лам-беру, Бернэ, ал Ресейде-Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін Абай да сомдаған.</p> <p>Ендеше, сол ұлы ақынымыз Абай жырлаған «Ескендір» поэмасының басты тақырыбы мен мазмұнына талдау жүргіземіз. I топ. Ескендір Филипптің баласы, оның жорықтары туралы. II топ. Ескендір әскері және шөл даладағы тәтті су. III топ. Алтын қақпа және ақ түйіншек. IV топ. Ескендір мен Аристотель.</p> <p>«Ақылдың алты қалпағы» 7 минут</p> <p>Оқушылар алты қалпақты киіп, поэма мазмұны мен идеясын жан-жақты талқылайды.</p>	<p>Поэманың мазмұнын қысқаша айтып береді.</p> <p>Ақ қалпақ-тақырып бойынша тек мазмұнын айтады.</p>
----------	---	--

<p>Блум таксономиясы. 10 минут</p>	<p>Білу: «Ескендір» поэмасы арқылы біз не білдік? Оның басты кейіпкерлері кімдер? Түсіну: Бұл поэмадан нені түсіндік? Қолдану: Поэма желісіне қарай қандай мақал-мәтелдер қолданар едіңдер? Талдау: Поэманы композициясына, құрылысына қарай талдау: Жинақтау: «Қанағат қарын тойғызар» тақырыбына ойтолғау жазу.</p>	<p>Сары қалпақ- жағымды, оңды жақтарын айтады. Қара қалпақ-тиімсіз жақтарын айтады. Көк қалпақ-талдау жүргізеді, топпен неге? не үшін? деген сұрақтарға жауап береді. Жасыл қалпақ- шығармашылық қисынға келмейтін ойлар, ұсыныстар айтады. Қызыл қалпақ- көңіл-күйлерін білдіреді.</p>
--	---	---

<p>«Жентек қар» стратегиясы.</p>	<p>Әр топ бір-бір сұрақтан дайындап, А4 қағазына жазады, қалаған тобына береді.</p>	<p>Берілген сұрақтарға жауап береді.</p>
<p>Үйге тапсырма:</p>	<p>«Рухани биіктік-ең жоғары биіктік» тақырыбына эссе жазу.</p>	<p>Үй тапсырмасын жазып алады.</p>
<p>Бағалау:</p>	<p>Бағалау парақшаларын жинап, жинтық бағалау.</p>	<p>Оқушылар белсенділігіне, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауына қарай бағаланды.</p>
<p>Кері байланыс:</p>	<p>«Сабақтан алған әсерім». Өткен сабақ бойынша кері байланыс жазу.</p>	<p>Сабақ туралы өз ойларын жазады.</p>



**Б.БӨРІБАЕВА,
А.МЫРЗАХАНОВА,
№125 С.Сапарбеков атындағы
орта мектеп.**
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы

ӨМІРГЕ ШУАҚ ТӨККЕН ӨЛЕҢМЕНЕН

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың жырларын өлең сүйер қауымға кеңінен насихаттау. Ақын поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, түсіндіру, сезіндіру. Шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін ақынның сөзіне жазылған әндерін көпшілік назарына ұсыну.

Оқушының жан-жақты ойлануын, ізденуін дамыту, өлеңге деген ынтасын арттыру, Отанды сүюге, табиғатты аялауға, ақынның парасатты поэзиясы арқылы адамгершілікке баулу.

Кештің бөлімдері:

«Поэзия - жүрек тілі». Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу.

«Құлақтан кіріп бойды алар». Әндерін орындау.

«Аққулар ұйықтағанда». Көрініс.

«Жазылар естелікттер мен туралы». Ақын жайлы естеліктер.

«Оқушы шығармашылығы»

1-жүргізуші. қалың қазақтың аяулы ұлына айналған Мұқағали Мақатаев көзі тірі болғанда 84 жасқа толар еді. Артына өлместей өміршең өлең - жырларын қалдырған ақиық ақынға арналған «ӨМІРГЕ ШУАҚ ТӨККЕН ӨЛЕҢМЕНЕН» атты әдеби кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

*Бүгін менің туған күнім ой пәле-ай,
Мына жұртым неге жатыр тойламай.
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарытпай қойғаны-ай, -*
деп жырлаған алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай айтылған өлең-жырлар, қойылымдар мен баяндамалар, би мен ән де ұлы ақынның құрметіне арналады.

«Арыз жазып кетейін» өлеңін Әбдіманап Нұрәділ мәнерлеп оқыды.

2-жүргізуші. Кезінде ақиық ақын М.Мақатаев:

*Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.*

*Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, -*

деп қарапайым қазақтың қара өлеңінің жілігін шағып, майын ішті. Дегенмен, өзінің әділ бағасын ала алмай кеткен ақынның әділ таразысы халық болды. Оны күллі халық сүйіп оқыды. Мұқағали шын мәнінде, біртуар екенін халыққа таныта білді.

«Қара өлең». Тұрсынбай Назерке оқыды.

1-жүргізуші. Он жасар болашақ ақын майданға кеткен әкесін аңсап, балауса жырымен былайша толғанады:

*Ол жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,
Жайдақтың шөбі шүйгін қаулар ма екен.*

*Мінеки, көп ай болды хабары жоқ,
Әкем кеп көңілімізді аулар ма екен.*

Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,

Судағы жаңа біткен жалбыз еді.

Мінеки, көп ай болды хабары жоқ,

Біз-дағы әкемізге зармыз енді.

«Ұлыма» өлеңін Мүтән Ұлдана оқыды.

«Қайран Қарасазым-ай» өлеңін Өндірбай Бактыгүл оқыды.

2-жүргізуші. Ақан серінің «Ақтоғы» әнінің бірінші шумағының әсерімен өлең бастап, оны өз көңіл-күйіне икемдеп өндеп, қазақтың қара өлеңіне сүйене аяқтаған бұл өлең небәрі үшінші сынып оқушысының ақындық бастамасымен қоса, үйренер ұстаздарын дұрыс таңдағанынан дерек беріп тұрғандай. Еліктеп болса да өлең жаза бастаған осы он жастан кейін кемелденген Мұқағали:

Шаруаның баласы болғасын ба?

Айналыстым шаруамен он жасымда.

Майдандағы әкеме оқ жібердім,

Айырбастап күлшемді қорғасынға, -

деп шыншылдықпен әсерлі суреттейді.

1-жүргізуші. «Бір өлеңі – біл елдің мұрасындай» ақын поэзиясы адамның ішкі жан дүниесінің нәзік сезімдерін, оның құштарлығын шынайы да әсем бейнелейді. Оның «Автограф» деген ойлы да тебіреністі өлеңін оқып көрейікші.

«Автограф» өлеңін Әбдіманап Нұрәділ оқыды.

2-жүргізуші. Ақын Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Саржайлау» әні де-қазақтың жүрегінен орын алған әндердің бірі. Бойында қазақтың қаны бар жанның бәрін рахатқа бөлейтін, тамыр-тамырына қан жүргізетін ғажап ән.

Ән: «Саржайлау». Орындайтын Әбдіманап Нұрәділ.

1-жүргізуші. Мұқағали Мақатаев махаббат пен достықты, поэзия мен табиғатты жырлады. Бірақ оның шығармашылығында Отан тақырыбы ерекше орын алады. Ақын поэзиясы - өзі өсіп-өнген туған жеріне деген шексіз махаббаттың дәлелі. Мақатаев поэзиясы негізінен туған елі мен туған тіліне деген махаббаттан құралған отансүйгіштік сезімге толы.

-Ақын өлеңдеріне кезек берейік.

Оқушылар «Үш бақытым», «Елім барда», «Ғашықпын», «Шеше, сен бақыттысың», «Қазақстан» өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды.

2-жүргізуші. Ақын Фариза Оңғарсыноваға арнап жазған өлеңінде:

« ...Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,

Тастағысы келеді күрсінуге....» -

деп өзінің ішкі сырын ашады. Ақын Фаризаны өзіне қалай дос санаса, Фариза да Мұқағалиды дос ретінде қадірлей білген. Фариза ақиық ақынға «Мұқағали Мақатаев –қазақ тарихындағы ең оқырманы көп, қалың халық басты жанашыры болған суреткер. Ол- ең алдымен ақын. Қазақ жырының құдыреті» деп баға берді.

«Фариза» әнін Әбділда Күнсұлу орындады.

«Наурыз» әнін Тасболат Жансая орындады.

1-жүргізуші.

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім,

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім -

деп ақын жырлағандай кезекті ақынның өлеңдеріне берейік:

Оқушылар «Поэзия», «Анкета», «Муза», «Пай, пай өмір», «Бүкіл дүние мұсылмандарына хат» тағы басқа да өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды.

2-жүргізуші. 1960 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Әбділда Тәжібаев өз атына жолдаған Мұқағалидың бір топ өлеңін бастырды. Оған алғы сөзінде: «Ойынды байытып, сезімді тыңайтар жырлар оқығанда қуанбасқа бола ма?» Өзіңнен де оттылау, жігерлілеу жас жеткіншек жеткенде

мақтанбасқа бола ма?» - деп жазды.

Слайд көрсету. Мұқағали Мақатаевтың өмір жолына тоқталу.

1-жүргізуші. Мұқағали Мақатаев әдебиетке де, қоғамдық қызметке де қызу араласқан, ауылда ауылдық кеңестің хатшысы, орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі болып келген ол қазақ радиосының дикторы, «Жұлдыз» журналының әдеби қызметкері, Жазушылар одағы поэзия бөлімінің жастар жөніндегі кеңесшісі міндеттерін атқарды. Ақынның арман-мақсаты, бүкіл шығармашылық өзекті нысанасы не екен дегенге келсек:

Жылап келіп, келмейді жылап кеткім,

Ана өмірді келеді бір-ақ тепкім.

Жамандықты жақсартып, жақсылықты,

Одан әрі келеді шуақты еткім-

деген өлең жолдарынан анық байқалып тұрғандай.

«Бесік басында» әнін орындайтын әуез пәнінің мұғалімі Таштенова Нұргүл.

2-жүргізуші. Мұқағали шығармалары оқырман жүрегіне сәуле түсіреді. Себебі ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай сүйеді. Оның кез келген шығармаларынан жердің, елдің биік рухы сезіледі. Оның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Тұманбай Молдағалиев былай дейді: «Мұқағали поэмаларының ең асылы, ең биігі-«Моцарт», «Жан азасы» мен «Аққулар ұйықтағанда» поэмаларын айтар едім. Бұлар – алтын ішінде меруерттей сәуле шашатын ұлы дүниелер. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы 1973 жылы «Жалын» журналына жарияланды. Бұл поэманы оқығанда менің өз жеке басымның қуанышын сөзбен айтып жеткізе алмайтын сияқтымын.» Ақын поэманы Ғабит ағаға апарып оқытады. Разы болған жазушы Ғабит Мүсірепов Мұқағалиға алтын қаламды сыйлады.

Көрініс. «Аққулар ұйықтағанда».

1-жүргізуші. Уақыттың құдіретін сездірген, мәңгілік оқылатын жыр жазған Мұқағали Мақатаев мұралары ешқашанда өлмек емес. Бүгінгі ұрпақ ақынның жаны жұмбақ болғанымен, шығармаларынан шынайы сезімнің, адалдықтың ақ таңы арайлап атады. Осы арайлы таңның шапағына әрбір оқырман шомылып, нұрлы шуағынан ләззат алсын деген оймен ақынның өлеңдеріне кезек береміз.

«Бабаларым, рахмет сендерге» өлеңін Оразбек Аяулымоқиды.

2-жүргізуші. *«Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы!»*

- Ақынның жүрегі сезімтал ғой. Көзі тірісінде «Жазылар естеліктер мен туралы» деп аз ғұмырының жалғасатынын дәл басып айтуы-көрегендік. Иә, уақыт өткен сайын Мұқағали ақынның тұлғасы дараланып, биіктеп бара жатқаны – ақиқат. Оның поэзиясы – халық байлығы. Ендігі кезекті ақын жайлы естеліктерге береміз:

«Жазылар естеліктер мен туралы» өлеңін Төлемұрат Алматы оқыды.

1-оқушы: *«Жыр басы Қарасаздан басталған М.Мақатаев
бүгінде ән болып қалықтап жыр болып жұлдыздармен
сырласып, сонау поэзия әлемінде шырқап барады.»*

Рза Қуандықова.

2-оқушы: *Өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақында
өлмейді. Олай болса М.Мақатаевта көз жұмған жоқ.
Қатарымызда, күнбе-күн қасымызда. Әне ол мұзбалақ
қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды бір өзі толтырып, жазық
маңдайы жарқырап, жалтырап жыр оқып тұр!...»*

Ә.Тәжібаев.

3-оқушы: *«Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын»*

Лашын Әзімжанова.

4-оқушы: - *«Қазақ халқының бір ғана Абайы болса, Мұқағали да жалғыз. Құдіретті ақынға көзі тірісінде көрсетілмеген құдіреттің, берілмеген сый-сияпаттың орнын толтырудың бір жолы, бір жөні бар: ол ақынның қисапсыз рухани қазынасын ұлт игілігіне асыруға асығу.»*

Қ.Құрманғалиев.

5-оқушы: *«Мұқағалидай ақын болған халық-бақытты халық»*

Ф.Оңғарсынова.

1-жүргізуші: Жыл сайын Мұқағали тойланады,

Өлеңнің тарайды бойға нәрі.

Жас ақындар талпынып, шабыттанып,

Мұқағали жайында толғанады, -

деп ендігі кезекті мектебіміздің Мұқағали атасының жолын жалғастырушы жас ақындарымызға берейік:

2-жүргізуші. Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,

Секілді бәрі менен көз алмаған.

Кең дүние кеңде етсең сыбағамнан,

Шырылдаған сәбидей мазанды алам,-

дейтін қайран Мұқағали енді ешкімнің мазасын ала қоймаса да, осынау өлмес өлең шумақтарының туған халқына, тіпті бүкіл айдай әлемге арналғанын ескерейік. Мұқағали ғасырда бір туатын, үлкен қанаты бар, адамның көзі талатын, биікке ғана самғайтын алып құсқа теңеуге болады. Мұндай алып құстар жерге әр қонған сайын, қанатының бір қауырсынын оңдырмай сындырып алып, күйзеледі. Бірақ тынышталудың орнына сол аспанда ала – алмаған өші бардай бүкіл күш-қайратын биікке жинап, келесі жолы одан да биікке ұшады.

2-жүргізуші. Аузын ашса жүрегі көрінетін,

Көмейінен отты жыр төгілетін.

Қайран Мұқа, әруақты ақынсың ғой,

Қас тұлпардай жер тартып тебінетін.

Бейнет кешіп жасыңның жастығында,

Көрдің талай пақырдың қастығында.

Мазак қылды-ау біреулер іші күйіп,

Сәттеріңді айналған тас тұғырға.

Қазақ қалай қазақпен кектеседі,

Керек емес біреудің от көсеуі.

Тілден безіп жүргендер бір сөзіңнің,

Дәмін алса ешқайда кетпес еді.

Ақиық ақынның ұрпаққа ұран болған жырларын елі де, ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ешқашан естен шығармайды деп сенеміз. Осымен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.



Г.ДАДАНОВА,
Бастөбе сервистік –
техникалық колледжі.
Алматы облысы,
Қаратал ауданы,
Бастөбе ауылы

ЖАУҒАР ЖЫРДЫ ЖҮРЕГІНДЕ ТЕРБЕГЕН

(поэзиялық еске алу кеші)

Мақсаты: жыр дүлділі, ақын, жазушы–Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінің мазмұнын терең ұғындыруға, ақын шығармалары арқылы елін, жерін, Отанын сүйе білуге, сөз өнерін қадірлеп қастерлей білуге, ақынжандылыққа тәрбиелеу. Білім алушылардың поэзияға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолымен таныстыру. Поэзияның күдіретін сезіндіру.

Безендірілуі: кітап көрмесі, ақынның портреті, ақын туралы пікірлер, слайд, аудио, бейне құралдары, шарлар.

Сәлемдесу 1-жүргізуші: Армысыздар ұлағатты ұстаздар!

2-жүргізуші: Қадірменді қонақтар!

3-жүргізуші: Білім алушылар!

4-жүргізуші: Жыр сүйер қауым!

1-жүргізуші. Шын өнер жайшылықта емес, жан дүниенің қайшылығында туады. Ал, дарын – Алланың айрықша мейір шапағаты түскен пендесіне берілер шуақты нұр секілді. Ата күші, ана сүті, киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортасының демеуі, тірліктің 90 тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі сол нұр иесін қайталанбас тұлға қылып қалыптастырады.

2-жүргізуші. Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кем емес. Солардың бірі – жүректерді жан жылуымен ерітіп поэзия әлемінің биік шыңдарын өз еркіне бағындырып, қиялға қанат сермеген Атыраудың ару ақыны, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары мен «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерінің иегері, Мәдени ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкері, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты болған халық жазушысы Ф.Оңғарсынованың құрметіне арналады.

1-жүргізуші. Баршамызға белгілі «Поэзия падишасы» атанған Ф.Оңғарсынова күні кеше ғана көз алдымыздан мәңгіге ғайып болды. Тірі болғанда 76 жас мерейтойын атап өтер едік, амал қанша жүрек жарды жырларымен барша халықты мойындата білген дара талант иесінен мәңгіге айырылып қалдық.

2-жүргізуші. Осыған орай ақынымызды 1-минут үнсіздікпен еске алайық.

1-жүргізуші. Бүгінде Фаризаны білмейтін оқырман кем де, кем. Ақынның жазған жырлары сандуғаштың үніндей жағымды болып халық арасына кеңінен таралды. 60–жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры – поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақын апамыздың сан – салалы лирикалық шығармаларында сыры ашылмаған қаншама дүние жатқаны баршаға аян. Ақын өмірі өлеңімен ұштасып жатты. (презентация)

2-жүргізуші. Шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім секілді философиялық ойлар Ф.Оңғарсынованың поэзиясында нанымды, салмақты көрініс тапқан. Саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып, суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

«Өмір», «Өлең» атты өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші. О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш ағыны.
Сағынышымды қанат қып саған қарай,
Балапандай талпынып ұшамын мен.

2-жүргізуші. «Сені қалай сүю керектігін

Мен ешқандай кітаптан оқымадым»-

деп туған жерге деген өзінің сағынышын, ерекше сезімін шынайы суреттейді. Ақынның нағыз елін сүйгендігін, жерін сүйгендігін, патриот екендігін мына өлеңнен көре аламыз.

«Азаттықты аңсау» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші. Ақын өз заманының ар-ұжданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді, әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұңдасы, берер дәрі-дауасы - поэзия.

2-жүргізуші. Ақын өз жанының құпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл-күйі дауылды сезім болып жырланады, тек жәй жырлау емес, қазіргі заман талабының биік өрісіне лайықтап жырлау – Фариза туындыларының бір қыры.

«Мол арман», «Үміт», «Күйзелу», «Мұз үстіндегі ой» атты өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші. Өз-өзіммен өртеніп барам жанып,

Жүректен жас ағады тарамданып.

Менде жоққой бұл күнде тым болмаса,

Ақтарылар алдыңда саған барып.

Жасқа ғана толады жанар налып,

Мен үшін тұр дүние қараң қалып.

2-жүргізуші. -Ия дұрыс айтасың, әйелдер жан дүниесіне барлау жасауда, ақын жетістігі мол. Оны өзі де ашып айтады: «Адам деген күрделі жаратылыс қой. Соның ішінде әйел халқының жан-дүниесі өз алдына

бір әлем. Менің өз жырларымды сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерім – әйелдер. Олардың тағдыры, жан-дүниесі, күлкісі мен көз жасы өлеңдерімнің арқауы» деген екен.

«Бөбегім», «Қыз сөзі», «Әйел атты ұлылық» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші. Ф.Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адамды қызықтырары айдан анық.

2-жүргізуші. Күллі шығармашылық-өнерпаздық қабілет – талантымен дараланған. Ақынның өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі, келеңсіз тұстарды да дәл нысанаға алуымен ерекшеленеді.

1-жүргізуші. Ақынның жанын қашанда шығармашылығына терең бойлап, жан-жүрегің, сезім сыңғырын, ішкі күйзелісін, шығармашылық жан тебіренісін терең түсіне білген.

2-жүргізуші. Өзінің замандастарының бірі ақиық ақын, Мұқағали Мақатаевтың Фариза Оңғарсыноваға арнаған өлеңін тыңдасак.

«Фариза, Фариза жан, Фариза қыз» әні орындалады.
(бейнебаян)

1-жүргізуші. Ф.Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану – алыптардан бастау алады. Көркем сөз зергерлері Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Ш.Мұртаза өрбіткен баянды бағам – байлауды ақынның өз тұстарынан және қаламдас іні-сіңлілерінен К.Ахметова, Ә.Кекілбаев, Т.Шапай және басқалардың пікір пайымдарының мәні зор болды.

Ә.Тәжібаев. «Фаризаны оқысам, қанаттанып қаламын».

Ш.Мұртаза - «Поэзияның дүлділі, прозаның шебері»

Әдеби композиция.

1-жүргізуші. Жастайынан қанып ішіп жырыңнан,

Өлең атты әлемді шың ұғынам.

75-ге жер жер қойнына кеттіңіз,

Төмен түспей таудай биік тұғырдан.

2-жүргізуші. 75-жыл жалғастырып жыр көшін,

Жас талаптың бекемдедің іргесін.

Өлмей тұғын өлең – жырың барда, апа,

Сіз тірісіз мәңгі бізбен біргесіз.

Осымен бүгінгі «Жауһар жырды жүрегінде тербеген» атты поэзиялық кешіміз аяқталды.



Колледж кеңістігінде

Г.УСКЕНБАЕВА,
Қазтұтынуодағы
Сауда-экономикалық
колледжі.

Астана қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛІ

Сабақтың мақсаты: білімділік-студенттерге қазақ тілі және «Тіл туралы» заң жөнінде білім беру. Мәтінмен дұрыс жұмыс жасай білуді меңгерту; дамытушылық-студенттер бойында ой еркіндігін қалыптастыру; қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Бағыт-бағдар бере отырып, өздігінен жұмыс істеуге, іздену барысында шапшаңдық танытуға, өздігінен қорытынды шығаруға машықтандыру; тәрбиелік-студенттерді қазақтың мақал-мәтелдері арқылы жақсы мінез-құлыққа, еңбекке, адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлық жасауға баулу.

Оқыту әдістері: модульдік оқыту технологиясы арқылы ой тастау, ой талқы. Оқыту түрі: сайыс сабақ, өздік жұмыс сабағы. Пәнаралық байланысы: тарих, әдебиет. Оқыту құралдары: интербелсенді тақта, суреттер, кітаптар, парақшалар.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

-амандасу; студенттердің қатысуын түгелдеу және аудиторияның дайындығын тексеру.

II. Үйге берілген тапсырма «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына эссе жазып келу болатын. Дәптерлерін жинап аламын.

III. Жаңа сабақ барысы. Оқытушының сөзі. Студенттер назарын жаңа сабаққа аудару мақсатында студент шығармашылығынан өлең жолдары оқылады.

«Қазақ тілі»

Қазақ тілі – қазақтың ана тілі

Бірақ оған адам аз бас иетін.

Қазақ тілі – қазақтың дара тілі,

Кейбіреулер түсінбес қасиетін.

Кейбіреулер өз тілін шұбарлайды

Орыс тілі сіңген зой санамызға.

Неге олар тілім деп қуанбайды?

Шынымен-ақ басқа боп барамыз ба?

Бұл менің ұлтты сүйген өздік ойым,

Өз тілімде керемет ақыл-ойым

Қасиетті қазақ тілі-бабам тілі

Ол- тарих, сенің, менің абыройым!

-Жақсы, балалар, бүгінгі сабағымыз тіл мерекесі қарсаңында қазақ тіліне арналады. Бұл сабақты сайыс сабағы ретінде өткізейік деп шештік. Бұл сайыс үш бөлімнен тұрады:

1- бөлім. Рөлдерде ойнап, өз ойларын жеткізу.

2- бөлім. Мәтінмен жұмыс. Аудару, тапсырмаларды орындау.

3- бөлім. Сұрақ –жауап кезеңі.

Студенттер үш топқа бөлініп отырған. Әрбір топ өз тобының атын айтып, таныстырып өтеді:

1-топ-Көшпенділер. 2-топ-Достар. 3-топ-Бірлік.

- Балалар тіл дегенде ойларыңа қандай сөздер түседі? Кәнекей бірге жазайық. Сендермен бірге РАФТ сызбасын толтырайық:

Тақырыпшалар	Кім жазады?	Кімге/неге жазады?	Не жазады?
--------------	-------------	--------------------	------------

«Қазақ тілі- мемлекеттік тіл» «Тіл менің- тірлігімнің айғағы» «Тіл тағдыры- ел тағдыры» «Тіл- ел байлығы» «Тіл бас жарады, бас жармаса тас жарады»	Ақындар, жазушылар, Елбасы, тілші ғалым, А.Байтұрсынұлы, халық оқушы, т.б.	Газетке, келешек ұрпаққа, журналға, теледидар бағдарламасына, қабырға газетіне	Мақала, шығарма, хат, өлең, реферат, эссе, мақал- мәтелдер, жұмбақ, ұсыныс, т.б.
--	--	--	--

Студенттер өздері айтқан тақырыпшаларын тақтаға жазады.

Ал, балалар, енді осы тақырыпшаларды пайдаланып, өзіміз рөлдерде ойнайық.

Дайындалуға 10 мин. Берілген уақыт өткен соң, әр студент ғалым болып, тілші болып, ақын болып өзінің жазған эссесін, шығармасын, өлеңін, мақал-мәтелдерін оқып, ұсыныстарын көрсетеді.

1-оқушы. *Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңы 4-бабында: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті деп көрсетілген, т.б.*

2-бөлім. Студенттерге қысқаша алынған мәтіндер жазылған парақтар таратылады. Мәтінмен жұмыс. Тапсырмасын орындау.

1- топқа. «Ана тілі»

Бүгінгі таңда қай ұлтты, қай халықты алсақ та, бәрінің өз ана тілі бар. Әр халық өз ана тілін ардақтайды. Тілді жасаушы – халықтың өзі. Әр ұлттың өкілі өз ана тілінің ертеңін ойлауы керек. Тіл өмір бойы халыққа қызмет етеді. Ана тілін қадірлемеген адамның ертеңі, болашағы жоқ. Ана тілінсіз ұлт мәдениеті, ұлт әдебиеті жоқ.

а) Мәтінді аудар.

б) «Полиглотты» орында:

...- үлкен мектеп.(өмір)

...- самая большая школа. (жизнь)

Отан үшін ... түс күймейсін. (отқа)

За родину иди ... не сгоришь. (в огонь)

... – алтын қазына (кітап)

...- золотое сокровище (книга)

2-топқа: «Қазақстан табиғаты»

Қазақстан тек далалы өлке емес. Ол- Хан Тәңірі секілді көкті тіреген пирамидасы бар таулы, далалы өлке. Ал көлдеріне келсек, Көкшетаудың көгілдір сулары, Каспий теңізі, Балқаш, Есіл, Ертіс өзендері мен Тянь-Шаньның көздің жасындай мөлдіреп жатқан көлдері еске түседі. Қазақстан-кең байтақ өлке. Алтай ну ормандары, Іле тоғайы, Қостанай мен Балқаш жағалауындағы қайыңдар жайқалған орманды өлке. Осылардың барлығы да Қазақстанды, оның байлығын бүкіл әлемге паш етеді.

а) Мәтінді аудар.

б) қарамен жазылған сөздерді теріп жазып, морфологиялық талдау жаса.

3-топқа: «Қазақстан Республикасының туы».

Қазақстан Республикасының туы тік бұрышты, ені 1 метр, ұзындығы 2 метр, көгілдір мата. Көгілдір түс-бейбітшіліктің, тыныштықтың, жарқын болашақтың, ашық аспанның нышаны. Тудың ортасында жарқырап шыққан шұғылалы күн орналасқан. Бұл- бейбітшіліктің белгісі. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Дала құсы-дарқандық пен қырағылық, биікке самғау белгісі.Тудың сол жағында қазақ халқының ұлттық өрнегі бар. Өрнек қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық өнерін білдіреді. Күн, қыран құс, өрнек алтын түспен бейнеленген. Алтын түс- молшылықтың, байлықтың белгісі. Тудың авторы, суретшісі- Шәкен Ниязбеков.

а) Мәтінді аудар.

б) қарамен жазылған сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Қорытынды түйін:

IV. Жаңа сабақты бекіту.

3-бөлім. Сұрақ-жауап әдісі:

1. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін қашан алды?

(1989 жылы 22 қыркүйекте)

2. Қазақстан Республикасының рәміздері қашан қабылданды?
(1992 жылы 4 маусымда)
3. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
(130-дан аса)
4. Қазақстанда «Тіл туралы» Заң қашан қабылданды?
(1989 жыл 22 қыркүйек)
5. Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?
(орыс, татар, түрік, ұйғыр, неміс, грек, т.б)
6. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
(түркі тілдес)
7. Қазақ әліпбиі қалай құрылған? Неше әріп бар?
8. Қазақстанның ең алғашқы астаналарын ата.
9. Қазақстан Республикасының Президенті қашан сайланды?
(1991 жылы 1 желтоқсанда)

Қорытынды сөз. Енді мен бүгінгі сабақты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтарында айтылған Қазақстан халқына Жолдауымен қорытындылағым келеді. *«Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайттан хабар береді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн».*

V. Бағалау. Әділ қазылар қай топтың жеңгенін, қалай жауап бергендері жөнінде тоқталып өтеді. (Үш топтан алдын ала сайланған студенттер топ мүшелерін бағалайды).

VI. Үйге тапсырма: Өз болашақ мамандығыңыз туралы қысқаша мәтін құрастырыңыз.

Қайталау-білім айнасы

Ж.КЕГЕНБЕКОВА,
Д.Қонаев атындағы орта мектеп,
Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы

11-СЫНЫПТЫ ҰБТ-ға ДАЙЫНДАУ

Мақсаты: оқушылардың қазақ тілі салаларынан алған білімдерін жаңғырту; ұжымдық, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту; оқушыларды белсенді ойлауға, әр сұрақтың шешімін таба білуге, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Түрі: білім мен дағдыны қалыптастыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, іздендіру, жаттығу, тест.

Көрнекілігі: плакат, компьютер, интерактивті такта, тест, деңгейлік тапсырмалар,

Сабақ барысы: **I. Ұйымдастыру.** «Миға шабуыл»

Мұғалім. -Балалар, ҰБТ-да 5 сабақтан сынақ тапсыратындарың белгілі. ҰБТ 5-маусымда болатын болса, бір сабаққа дайындалуға неше күн қалды? Бүгін наурыздың 12-сі.

-ҰБТ-ға 85 күн қалды. Бір сабаққа дайындалуға – 17 күн қалды. Наурыз айында 19 күн қалды, сәуір айында -30 күн, мамыр айында -31 күн, маусым айынан 5 күн қалды. Барлығы -85 күн, оны 5 сабаққа бөлсек, 1 сабаққа дайындалатын күн шығады)

- Олай болса, қазақ тілінен дайындығымыз қалай?

II. «Сен білесің бе?» Жалпы сыныпқа сұрақ: (сұрақтар оқушылардың өткен байқау сынағында көп қате жібергендеріне орай алынды, арасында нақтылау, жетек сұрақтар болды).

1. Қазақ халқы араб әліпбиінен латынға қай жылы көшті?
Орыс әліпбиіне ше?

2. Буын үндестігі (сингормонизм) деген не?

3. «Омоним» мен «көп мағыналы» сөздің айырмашылығын айтыңдар.

4. Тұрақты тіркестерге (фразеологизмдерге) мысал келтіріңдер.

5. Одағайдың түрлерін ата.

6. Шылау және оның түрлері.

7. Көсемше мен есімшенің жасалу жолдарын айтыңдар.

8. «Көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың», - деп айтқан кім? а) Платон; ә) З.Қабдолов.

9. «Шешендік тәлім» кімнің еңбегі? а) Квинтилиан; ә) Ж.Баласағұн.

10. «Шешен сөз» ұғымын термин ретінде алғаш қолданған ғалым кім? а) А.Байтұрсынов; ә) Ж.Аймауытов.

III. Оқушыларды 3 топқа бөлу (өткен байқау сынағының сараптамасы бойынша бөлінеді)

1-топ. «Фонетика» тобы (төменгі деңгей)

2-топ. «Лексика» тобы (орта деңгей)

3-топ. «Синтаксис» тобы (жоғары деңгей)

IV. Білмегеніңді сұрап ал. (Топпен жұмыс)

1-топқа тапсырма:

1. Дауыссыз дыбыстарды топтастырыңдар.

2. Дауысты дыбыстарды топтастырыңдар.

3. Буын, буынның түрлері.

4. Дыбыс үндестігі.

5. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.

2-топқа тапсырма:

1. Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы.

2. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы.

3. Көнерген сөздер мен жаңа сөздер.

4. Диалект сөздер, кәсіби сөздер, термин сөздер.

5. Кірме сөздер.

3-топқа тапсырма:

1. Жай сөйлемнің түрлері.

2. Салалас құрмалас сөйлем деген не? Түрлері?

3. Сабақтас құрмалас сөйлем деген не? Түрлері?

4. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі жайында не білесің?

5. Тыныс белгілерін қойыңдар: а) Бірақ ғажап таң тамаша жалғыз балық алтын балық ә) Сенің ана тілің шексіз бай тегеуріні мықты тіл қымбатты балам

V. Сен бәрін де білесің!!! (жеке оқушымен жұмыс)

Әр топқа өз тақырыптарына байланысты тест тапсырмалары беріледі;

Жеке оқушылармен жұмыс:

1. Орындарында отырып жұмыс жасау;

2. Тақтада жаттығу-тест жұмысын жүргізу;

3. Компьютерде онлайн тест жұмысын жүргізу;

4. Ұялы телефонды пайдалану арқылы онлайн тест тапсырмасын орындау.

VI. Білімдерін бағалау. Айтшы, саған қай гүл тиесілі?

Қызыл гүл – 21-25 ұпай аралығында білетін оқушыға;

Сары гүл - 14-20 ұпай аралығында білетін оқушыға;

Көк гүл - 4-13 ұпай аралығында білетін оқушынікі.

VII. Үйге: 1. Сөзжасам, морфологияны қайталау

2. ҰБТ-ға дайындық: тест тапсырмаларын шешу.

Мұғалім. Бүгінгі сабақты ұлы данышпан Абай атамыздың мына бір өлең жолдарымен аяқтайық:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын ұғуға,

Көкірегінде болсын көз.

Абай.

Ж.ТӨЛЕУБАЕВА,
№25 жалпы орта білім беру мектебі.
Павлодар қаласы

ЖАН ҚАЛАУЫМ

Ақын емен, көрмекшімін сөз түзіп,
Өз жанымның қалауына көз сүзіп.
«Білім – теңіз, мектеп - кеме», білесіз?!
Сол кемемен мен де келем бір жүзіп.

Жан қалауым, бар қалауым – ұстаздық.
Ізгілік пен парасатты ұстамдық.
«Білім» атты шыңға шығып шәкіртпен,
Мәңгілікке әнге айналған құштарлық.

Ұстаздықты таңдап едім, жан қалап,
Жұмсамаққа, күш пен қуат, зор талап.
Әкем салған сара жолдан тайқымай,
Ұлағаттың жүгін бірге арқалап.

Мұратына жетсе, кетер құлпырып,
Ұстаздарды ғылым, білім құлпы ғып.
Керек еткен кілтін салып ашатын,
Алла оны жаратқан ғой мықты ғып.

Таусылмайтын жазулардан бас алмай.
Қоғамдағы жұмыстардан тыс қалмай,
Жас ұрпақтың зейінін аша дамытып,
Үйретеді ұшуды талмай самғай.

Ұстаз елге әрдайым пана болған.
Сауатсыздық жоюда сана болған.
Әуелі, ел басқарған ағаларым,
Ұстаз алдын көргеннен дана болған.

Мақсатына жеткенін көзбен көріп,
«Мұғалім бол!» дейтұғын сөзбен өріп.
Арқа қағып, шабыт бере қолпаштай,
Үлкен разы болатын бата беріп.

Оны көрсек, шықпайтынбыз селтендеп,
Қатарласа жүрмейтінбіз кердендеп.
Қазіргі жас тыңдамайды ұстазды,
Мейлі, қазір айналса да жер мен көк.

«Ұстазды шәкірт тек сыйлауға хақылы!»
Деген жалғыз қадига бар болатын.
Оны бұзған, қоқиланған «батырды»,
Үйдегілер бірден жөнге салатын.

Қарсы келмей, сыйлайтұғын тік тұрып,
Айтатұғын ұлылығын ұқтырып,
Сол кездегі қадір, құрмет қайда екен?
Күйе жағып, жала жауып ұттырып.

Шәкірт шықса биікке көңілі толып,
Қуанады балаша риза болып.
Алғыс айтсақ, ұстазға жетіп жатыр,
Анық басып жүретін, бәрін шолып.

Ешкім де өрге шықпас, өзін мақтап,
Жаратпайды ұстазды кетсең даттап.
Алып шығар межеден Абайша айтсам:
«Еңбегі мен ақылы екі жақтап!».

Міне, менің жан қалауым осындай,
Кім сұраса, жауап берем тосылмай.
Еккенін елеп, атын оның ардақтап,
Жүрсе екен кім болса да басынбай!

Мәртебенің тұлпарына нық мініп,
Жарысқа түс оза шауып, қақ тіліп.
Ізет пенен қошаметке бөленіп,
Әріптесім, мерекенде тұр күліп!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 09.10.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2200.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2015 ж., 144 бет, Алматы.